

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

З.М. Абишева
Ш.Т. Абдреева

ТУРИСТІК ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

*Өңделіп, толықтырылған
екінші басылым*

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 379.8 (075.8)

КБЖ 75.81я73

А 15

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
география және табиғатты пайдалану факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
(№1 хаттама 13 қараша 2019 жыл);*

*Қазақ спорт және туризм академиясының жанындағы
ҚР БжҒМ жоғары және жоғарғы оқу орнына дейінгі білім берудің
республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің
туризм мамандығы секция мәжілісі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 28 маусым 2019 жыл)*

Пікір жазғандар:

география ғылымдарының докторы, профессор **Б.Ш. Абдиманов**
география ғылымдарының докторы, профессор **Р.Т. Бексеитова**

Абишева З.М., Абдреева Ш.Т.

А 15 Туристік өлкетану жұмыстарының негіздері: оқу құралы. – Өнд. толықт. 2-бас. / З.М. Абишева, Ш.Т. Абдреева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 122 б.

ISBN 978-601-04-4405-8

Оқу құралы «6В11101-Туризм» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған. Ішкі туризмді дамыту, туристік жорықтарды, экскурсияларды өткізу, облыстың туристік іскерлік бизнесін ұйымдастырушылардан, рекреациялық далалық зерттеулер объектілері мен әдістерін түсіндіреді. Жергілікті сенімді және әртүрлі ақпаратсыз жаңа бағыттар жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Өлкетанулық бағыт туризмнің басқа да жұмыс түрлеріне тән, оның мазмұны жергілікті материалдарға негізделген.

Құрал дәріс курсының теориялық мазмұнын, оқу және оқу-әдістемелік материалдарды, сонымен қатар пән бойынша студенттердің өзіндік жұмысын, сондай-ақ емтиханға дайындалатын тест тапсырмаларын қамтиды.

ӘОЖ 379.8 (075.8)

КБЖ 75.81я73

ISBN 978-601-04-4405-8

© Абишева З.М., Абдреева Ш.Т., 2019

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

КІРІСПЕ

Өлкетану дегеніміз – бұл елдің, ауданның, қаланың, ауылдың белгілі бір бөлігін, осы аймақ туған жер болатын жергілікті халықтың зерттеуі. Шағын аймақты кешенді зерттеу: оның тарихын, этнографиясын, мәдениетін, археологиясын, табиғатын, халқын, шаруашылығын және т.б. ауқымды сұрақтарды қамтиды. Туған өлкені жан-жақты зерттеуге мыналар кіреді:

1) табиғаты және оның барлық элементтері (геология, жер бедері, жер қойнауы, топырағы, су қоймалары, өсімдік, жануарлар) мен оның байланысы;

2) тарихы мен демографиясы (қала мен ауыл этнографиясы, топонимика және т.б.);

3) экономикалық өмірі, қоршаған орта мен шаруашылық арасындағы байланыс, шаруашылықтың жеке салалары арасындағы байланыс;

4) халықтың мәдени және рухани өмірі, шығармашылығы (халықтың кәсібі, өнері, фольклоры, сәулеті).

Өлкетану мен туризм бір-бірімен байланысты. Нақты және әртүрлі өлкетанулық ақпаратсыз туристік маршруттар мен экскурсияларды ұйымдастыру мүмкін емес. Ішкі туризмді дамыту, туристік жорықтарды, экскурсияларды жүргізу үшін туристік бизнесті ұйымдастырушылардан жергілікті жер мен далалық рекреациялық зерттеулердің нысаны мен әдістерін білуін талап етеді.

Жергілікті өлкетануды зерттеу – туризмдегі өзге жұмыс түрлеріне де тән, оның мазмұны жергілікті материалдарға негізделген, сондықтан туристік– өлкетанулық жұмыстың негіздерін және өлкетанулық зерттеу әдістерін білу туристік мамандарды кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі.

Өлкетанулық бағыт мазмұны жағынан жергілікті мәліметтерге сүйенетін туризмнің жұмыс түрлеріне де тән.

«Туристік-өлкетану жұмыстарының негізі» пәні – МЖМББС «Туризм» мамандарын даярлайтын бейімдік пәндердің міндетті компоненті.

Мақсаты: өлкетанудың негізі мен міндеттерін ашып көрсету, Қазақстан Республикасының туристік және экскурсиялық саласындағы мамандарды даярлау жүйесіндегі өлкетанудың түрлері мен формаларын, кешенді және салалық аймақтық зерттеулерді ұйымдастыруды, ішкі туризмді дамыту үшін туристік және рекреациялық ресурстарды зерттеу әдістемесін игеру.

Пәнді оқытудың міндеттері: студенттерді өлкетанудың ғылыми және практикалық негіздерімен, оның мәнін, мақсатын, формалары мен түрлерін, туристік-экскурсиялық қызмет көрсету үшін мамандарды даярлау нәтижесінде алатын орнымен таныстыру; туристік экскурсиялық бағдарламаларды құрастыру үшін, қажетті өлкетанулық мәліметтің негізгі деректері туралы білімді қалыптастыру; студенттердің туристік бизнесте пайдаланатын өлкетанулық білімді жинақтау мен жүйелеудің дағдыларын қалыптастыру; туристік-экскурсиялық мекемелерде далалық зерттеулер әдістемесі мен туристік-өлкетанулық жұмыстарды ұйымдастырудың біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру; өз өлкесінің туристік-экскурсиялық ісінің даму болашағын болжамдау.

Ұсынылып отырған оқу құралы МЖМББС «6В11101-Туризм» мамандығының білім беру оқу бағдарламасына, «Туристік-өлкетану жұмыстарының негізі» пәнінің типтік оқу жоспарының негізінде құрастырылған. Оқу құралы дәрістердің теориялық сұрақтарын, сарамандық жұмыстар мен СӨЖ тапсырмаларын, сонымен қатар өзін-өзі бақылау үшін қажетті сұрақтар мен тест тапсырмаларын қамтиды.

Оқу құралы «6В11101-Туризм» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге, мектеп мұғалімдеріне және осы курс бойынша сабақ жүргізетін жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына арналған.

1-тақырып

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

1. Өлкетанудың мәні мен мақсаттары
2. Өлкетанудың түрлері мен формалары
3. Қазақстандағы өлкетанулық зерттеулердің тарихы

1. Өлкетанудың мәні мен мақсаттары

Өлкетану дегеніміз – жергілікті халықтың туған өлкесі болатын елдің, облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың белгілі бір бөлігін зерттеу. **Өлкетанудың зерттеу мәні** – аумақ, жергілікті жер, ал **географиялық өлкетанудың нысаны** – туған өлкенің табиғаты, халқы, шаруашылығы, археологиясы.

Отан – адам туылған, сонымен бірге, туылған мемлекеті, адамның тамыры, ата-бабалары шыққан, тағдырына өзінің рухани ортақтығын сезетін жер. Нағыз Отан – ол, адам өзін сол жердің бір бөлігі болып сезетін жер. Жасына және жағдайларға қарамастан, адам қайта оралуға ұмтылатын мемлекет. Отан – біз оны сақтап, қорғап, аялауға тырысатын, өзімізді жақсы және еркін сезінетін орын. Отанды сүю және қорғау – ол әр адамның міндеті. Оны анықтайтын ұлт немесе тұратын орын емес, ол ішкі сезім.

Кіші отан – адамның туылған елді мекені.

Академик С.В. Колесниктің анықтамасы бойынша, өлкетану – кіші аумақтарды жан-жақты зерттейтін пән. Жеке бақылауларды және зерттеулерді, экскурсияларды жүргізу, түрлі материалдарды жинау үшін кіші территория – ең қол жетерлік. Бұл территорияда зерттеу құбылыстары таза жергілікті, үнемі өзгеріп тұратын жағдайлармен байланысы анық байқалады, сондықтан табиғат

ерекшеліктерін, сонымен бірге халықтың өмірі мен іс-әрекетін толық анықтауға мүмкіндік бар.

Туған өлке – облыс немесе көлемі кіші республика. Алматының тұрғындары үшін туған өлке – Алматы және Жамбыл облысының бір бөлігін алып жатқан Жетісу өлкесі.

Өлкетанушылар көп жағдайда өздері өмір сүріп жатқан (қала, ауыл) тікелей бақылауға қол жетімді аумақтарды зерттейді. Бұл жағдайда «өзінің жері» түсінігі пайдаланады. Г.Ю. Грюнберг «өзінің жері» түсінігіне тұратын орнынан 7-8 шақырым радиустегі аумақты енгізеді. Өзінің жері – адам өмір сүріп жатқан әкімшілік аудан, қала, кент.

Өлкетану мен туризм бір-бірімен байланысты. Нақты және әртүрлі өлкетанулық ақпаратсыз туристік маршруттар мен экскурсияларды ұйымдастыру мүмкін емес. Сондықтан да туристік-өлкетанулық жұмыстардың негізін және өлкетанулық зерттеулерді жүргізу әдістерін білу – туризм саласында кәсіби мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі.

Шағын аймақты кешенді зерттеу, оның тарихын, этнографиясын, мәдениетін, археологиясын, табиғатын, халқын, шаруашылығын және т.б. ауқымды сұрақтарды қамтиды. Туған өлкені **жан-жақты зерттеу** деп:

1) табиғатын және оның барлық элементтері (геология, жер бедері, жер қойнауы, топырағы, су қоймалары, өсімдік, жануарлар) мен оның байланысын;

2) тарихы мен демографиясын (қала мен ауыл этнографиясын, топонимика және т.б.);

3) экономикалық өмірін, қоршаған орта мен шаруашылық арасындағы байланысты, шаруашылықтың жеке салалары арасындағы байланысты;

4) халықтың мәдени және рухани өмірін, шығармашылығын (халықтың кәсібін, өнерін, фольклорын, сәулетін).

Өлкетанудың міндеттері өте алуан. Өлкетанудың негізгі **қызметтері**:

– ғылыми зерттеу қызметі – білімнің түрлі салалары бойынша: ғылыми-жаратылыс, тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштерді анықтау және

зерттеу, олардың сақталуын қамтамасыз ететін жобаларды жасап іске асыру, елді мекендердің тарихын зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу;

– құжаттау қызметі – табиғи, материалды және рухани мәдениетінің ескерткіштерін сақтау және тиімді пайдалану, мұрағаттардың, мұражайлардың, өлкенің мәдениеті және тарихы бойынша деректер қоры фондын қалыптастыру;

– білім-тәрбие қызметі – дәстүрді сақтау және табыстау, балалар мен ересектерді оқыту және тәрбиелеу.

– ұйымдастыру қызметі – адамдарды қызығушылығы бойынша біріктіру, бос уақытын ұйымдастыру.

2. Өлкетанудың түрлері мен формалары

Өлкетанудың құрылымы мен зерттеу әдістері әртүрлі, бірақ туған өлкені ғылыми және жан-жақты зерттейтін ғылыми пәндердің кешенін біріктіреді. Сондықтан да жалпы өлкетануда зерттеу объектісіне байланысты өлкетанудың түрлері ажыратылады.

Салалық өлкетану:

– табиғи-географиялық – табиғи компоненттер мен табиғи-аумақтық кешендерді зерттейді;

– экономикалық-географиялық – өндірістік-аумақтық кешендер мен шаруашылықты зерттейді;

– биологиялық – өлкенің биоценозын, флорасын, фаунасын және т.б. зерттейді;

– тарихи – жазбаша және заттық ескерткіштерді, археологиялық табысты, әдеби және мұрағаттық деректерді, сәулетшілік пен сәулет ескерткіштерін зерттейді;

– этнографиялық – нақты бір микроаудан тұрғындарының өмірін, іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін, яғни киім-кешегін, тұрмыстық заттарын, өндіріс құралдарын, ауылды кешенді зерттейді;

– фольклорлық (неміс тілінен «халық») – сәулетшілік өнердің сәндік әшекейлерін, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрін зерттейді.

Кешендік өлкетану табиғи және әлеуметтік құбылыстардың барлық себеп-салдарлық байланысын зерттейді. Негізгі әдіс –

табиғи үлгілерді, материалдық мәдениеттің заттарын, мәліметтерді жинау мен жүйелеу. Кешенді өлкетану бірнеше ғылыми әдістерге сүйенгенмен, бірақ олар географиямен тығыз байланысты. Л.С. Бергтің ойынша, өлкетануды «кіші география», дәлірек айтсақ «кіші елтану» деп қарастыруға болады.

Өлкетанулық жұмыстардың формалары зерттеу тәсілдерімен анықталады. Біздің елде өлкетанудың үш ұйымдық формасы бар:

– *мемлекеттік* – республикалық, облыстық, қалалық, аудандық өлкетанулық мұражайлармен, мұрағаттармен, кітапханалармен және ғылыми мекемелермен, үкіметтік ұйымдармен (шаруашылық, экологиялық, әкімшілік статистикалық басқармалармен және т.б.) жүргізіледі.

– *қоғамдық* – туристер, өлкені сүюшілер, қоғамдық ұйымдар (табиғатты қорғау қоғамы, аңшылар мен балық аулаушылар қоғамы) көмегімен жүзеге асады.

– *мектептік* – мектеп оқушылары мұғалімнің басшылығымен жүргізеді. Мектептік өлкетанудың негізгі екі формасы бар: бағдарламалық (оқу) және бағдарламадан тыс (мектептен тыс).

Мектептік өлкетану мектептердегі оқу бағдарламаларына қатысты мәліметтерді нақты объектілерде жетілдіруге көмектеседі. Оқушының қоршаған ортасы мен өмірі – ешқандай иллюстрация мен коллекциямен салыстыруға келмейтін көркем құрал. Мектептік өлкетану оқу бағдарламасын терең игеруге, оқушылардың практикалық дағдылары мен көзқарасының кеңеюіне, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға және экологиялық тәрбие беруге көмектеседі.

Мектептен тыс өлкетану – мектептен тыс жасөспірімдер ұйымдары – туристік клубтар, оқушылар үйіндегі үйірмелер, скауттық ұйымдар – туристік жорықтар, экскурсиялар, оқушылардың ғылыми жұмыстары.

3. Қазақстандағы өлкетанулық зерттеулердің тарихы

Қазақ жері жайлы алғашқы мәліметтер. Қазақстанды мекендеген халықтардың мәдениетінің ежелгілігіне қарамастан,

оның географиясы және табиғи жағдайлары жайлы әдебиет деректері өте тапшы болды. Ежелгі кезде қазақ жері жайлы ең құнды географиялық мәліметтерді көрші араб және азиаттық халықтар алған. Европалықтар Орта Азия мен Қазақстанды зерттеушілер ретінде, тек XIII ғасырдан бастап пайда болады. Бұл кезең Қазақстан географиясы, өлкенің табиғаты жайлы алғашқы мәліметтерінің жиналуына үлкен әсер етті. Кемшілігі – бұл жерде тек оңтүстік батыс және оңтүстік бөліктері – Каспий, Арал теңіздері, Ілі, Талас, Шу, Сырдарья өзендері жайлы мәліметтер ғана көрсетілген.

Қазақстан халқының мәдени өмірінде ежелгі және ортағасырлық қолжазба кітаптарының үлкен әсері болған, солар арқылы ортағасырлық мектептер мен медреселерде оқушылардың сауатын ашқан.

Мұсылман мектептерінде әл-Фарабидің, Ұлықбектің, Бала-сағұнның, Ясауидің қолжазба шығармалары, трактаттары таралған. Ортаазиялық қолжазбаларының ерекшелігі көп алфавитті және көп тілді болған, сондықтан оларды зерттеу қиынға түскен. Уақыты бойынша кейініректері араб алфавиті – мен жазылған. Ондай қолжазбалардың алғашқысын XI ғ. жазылған Юсуф Бала-сағұнның «Құтадғу білік» еңбегін атауға болады. Көптеген қолжазбалардың арасында қазақ халқының тарихына тікелей қатысты ежелгі қолжазбалар да бар. Сондай ескерткіштерге «Оғуз-Наме», Қорқыт ата жайлы әңгімелер мен аңыздар, Алпамыс поэмасы, Манас эпосы т.б. және ойшыл, ақын Ясауидің, түркітанушы Махмут Қашғаридің еңбектері де жатады.

Орыс-қазақ байланыстарының орнатылған кезіндегі Қазақстанның географиялық тануы (XVI ғ. – XIX ғ.). Осы кезеңде қазақ жерлерінің табиғи жағдайларын сипаттайтын көлемді материалдар жиналды. Бұған орыс-қазақ байланыстары себепші болды. Географиялық саяхаттардың мәліметтері арқасында, дүниежүзілік ғылым Орынбор өлкесі, Арал-Каспий бассейні, Іле Алатауы жайлы көлемді және анық географиялық мәліметтерге ие болды.

XVI ғ. аяғында XVII ғ. басында алғашында Мәскеуде, кейін Қасымов қаласында өмір сүрген, қазақ Қадырғали Хошум Жа-

лаири «Джами ат-тауарих» («Сборник летописей») кітабын шығарады – қазақ халқы және оның жері туралы құжат. Кітап Борис Годуновтың сұрауы бойынша жазылған. Қолжазба Қазан университетінде сақталған, тек 1854 жылы профессор И.Н. Березин жарыққа шығарған.

XIX ғ. 30-жылдарына дейін Қазақстанның табиғат жағдайы туралы жиналған көлемді материалды Орыс География Қоғамын құрушылардың бірі, А.И. Левшин жинақтауға тырысты. 1832 жылы ол өзінің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген үш бөлімнен тұратын зерттеу еңбегін жазды. Осы бірегей әрі іргелі еңбегі үшін ол «Қазақ тарихының Геродоты» деген атаққа лайықты ие болды. Автор өз зерттеуінде қазақ өлкесінің тарихы мен этнографиясы және географиясы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер келтіреді. Географиялық орнын қарастыратын, Туанның табиғи шекарасын және «қырғыз даласының» ландшафтық сипаттамасын беруге ұмтылатын географиялық бөлімі үлкен қызығушылық тудырады. Тұранды ол: Алтай, Ертіс, Тобол, Ойыл, Орал, Каспий, Арал, Қытай шекарасы радиусында жатқан үлкен кеңістік деп түсінеді. Осы кеңістікті, негізіне климаттық ерекшеліктері мен топырақ сипаттамасын алып, автор 7 алапқа (зонаға) бөледі. Кітапқа «қырғыз-қазақ және Түркістанға жататын жерлер картасы» қосымша жасалған.

А.И. Левшиннің кітабы Қазақстанның географиялық зерттеулерінің XIX ғ. 30-жылдарына сәйкес жалпы денгейді көрсетіп, үлкен мағынаға ие болды.

Сонымен қатар Левшиннің кітабы бүкіл Қазақстан жайлы географиялық мәліметтерінің толық еместігін де көрсетті.

1845 жылы Орыс географиялық қоғамы (ОГК) құрылды, құрылғанына екі жыл болмай, олар Орта Азия мен Қазақстан территориясының географиялық зерттеуіне аса көңіл аударды.

Жүйеге келтіру және Орынбор мен Петербург архивтерінде сақталған Қазақстан және Орта Азия географиясы мен халқының тарихы туралы бай материалдарды өңдеу барысында, сол кездегі, әйгілі орыс географтары, Я.В. Ханьков пен М.И. Иванин 1847–1861 жылдары қазақ халқы туралы көптеген материалдарды жарыққа шығарды.

Я.В. Ханьков – дарынды географ, картограф 15 жыл аралығында Қазақстан жерін зерттеумен айналысқан. 1839 жылы оның «Орынбор өлкесіне географиялық шолу» атты бірінші жұмысы жарық көрді, бұл еңбегінде географиялық орны, статистикалық, географиялық және этнографиялық мәліметтер келтірілген. 1841 жылы «Ішкі Қырғыздар ордасының күйі жайлы очерк» батыс Қазақстан бойынша саяхаты туралы жол очеркі жарық көрді. 40-50 жылдары ол картографиялық және баспа жұмыстарымен айналысып, «Арал теңізі мен Хива хандығы, оның айналасы», (1851 ж.), «Қырғыз жерінің Ішкі және Кіші ордасының картасы» (1845), «Орта Азияның солтүстік батыс бөлігінің картасы, қосымшасымен» атты карталарды құрастырды.

М.И. Иванин – Орыс Географиялық Қоғамының мүшесі (1801–1874) Орынбор өлкесінде 1835–1855 жылдары жергілікті офицер корпусында, Ішкі Бөкей ордасының Уақытша кеңесінің кеңесшісі және басқарушысы болып қызмет етті. 1846 жылы ол Маңғыстау түбегінің көп бөлігін зерттеп мұнай, глаубер тұзы, құрылысқа жарамды әктастың бары туралы айтты. Жұмысына түбектің картасын тіркеді. Оны кіші жүз қазақтарының рухани мәдениеті қызықтырды: қонақжайлылығы, ұлттық дәстүрлері, медициналық білімдері, діні.

Қазақстандағы өлкетанудың пайда болуы мен дамуы. Қазақстандағы өлкетанулық зерттеулердің тарихы ұзақ және қызықты. Қазақстандағы өлкетану қозғалысының қалыптасу тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) революцияға дейінгі кезең. Бұл кезең Ресейдің шет жақтарында өлкетанулық үйірмелер, қоғамдар мен музейлердің пайда болуымен ерекшеленеді. Жергілікті тарихты зерттеумен алдыңғы қатарлы орыс ғалымдары, саяхатшылары (И.П. Кириллов, А.И. Тевкелев, П.С. Паллас, И.П. Фальк, П.И. Рычков, А.И. Левшин, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.А. Северцев, И.В. Мушкетов, В.В. Радлов, Л.Мейер, М. Красовский, А.И. Добросмыслов, В.В. Вельяминов-Зернов, В.В.Бартольд, П.П. Румянцев, В. Даль, С.У. Ремезов); жер аударылған поляктар, декабристер айналысты.

2) 1917 жылдан 20-жылдардың ортасына дейін өлкетанудың қалыптасу, даму кезеңі. Осы кезеңде өлкетану жаңа қоғамдық ғылыми және мәдени қозғалыс бола бастады.

3) 20-жылдардың ортасынан 30-жылдардың ортасына дейін жаппай өлкетану қозғалысының даму кезеңі. Осы жылдары Қазақстанның тарихи өлкетануының негіздері қаланды.

Революцияға дейінгі кезең. Қазақстандағы ұйымдасқан өлкетанулық зерттеулер XIX ғасырдың соңында Орыс География қоғамының бөлімдерімен, Ғылым Академиясының, Орыс Археологиялық қоғамының Шығыс бөлімшесімен, жаратылыстануды сүйешілер, антропология және этнография Қоғамының көмегімен жүзеге асты. Ресейлік ғалымдардың Қазақстан территориясын қарқынды зерттеуі XIX ғасырдың 60-жылдарының аяғында ғылыми қоғамдардың жергілікті бөлімдерінің пайда болуына ықпал етті.

Елдің шығыс аймақтарын, ең алдымен, Сібір мен Қазақстанды игеру, Ресей географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің ашылуына әкелді. Бөлімшенің негізгі міндеті Батыс Сібір мен Қазақстанды географиялық, табиғи-тарихи және этнографиялық қатынастарда зерттеу болды.

1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты Ташкент қаласы XIX ғ. соңында елдің басты ғылыми орталығына айналды. 1870 жылы Ташкентте жаратылыстануды, антропология және этнографияны ұнататындар қоғамы, 1877 жылы Омбы қаласында Орыс география қоғамының Батыс-Сібір бөлімшесі ұйымдастырылды.

Орта Азия және Қазақстанның оңтүстік бөлігін тереңірек зерттеу үшін 1897 жылы Орыс география қоғамының Түркістан бөлімшесі ашылды. Бөлімшенің басты мақсаты жаңа территорияларды географиялық тұрғыдан зерттеу болды.

1902 ж. Қазақстан территориясында Орыс география қоғамының Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан, Семипалатинск бөлімшелері жұмыс атқарды. XX ғ. басында дала зерттеулеріне Географиялық комитет және Жер аудару басқармасы кірісті. XIX ғ. аяғында Қазақстанның облыс орталықтарында өлкенің экономикасын, географиясын және тарихын зерттеуге белгілі үлесін қосқан статистикалық комитеттер құрылады.

Осы ұйымдардың құрылуына, олардың жұмысына орыс ғалымдары, шенеуніктер және әкімшілік ұйымдарының офицер-

лері белсенді қатысты. ОГҚ мүшелері атақты өлкетанушылар Ш. Уәлиханов, Н.М. Потанин, Н.М. Ядринцев, Ы. Алтынсарин, Н. Бекчурин, Г.С. Карелин, Н.Н және В.Н. Белослюдовтар болды.

Қазақ ғалымдарының, ағартушылардың туған өлкені зерттеудегі ролі.

Орта Азия мен Қазақстанды зерттеуші ретінде Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбегі дүниежүзілік ғылыммен танылған. Еңбектері орыс, ағылшын, неміс және француз тілдерінде басылып шыққан. Ол тарих, география және этнографияға арналған бірқатар құнды еңбектерді жазып үлгерген.

Абай Құнанбаев – ұлы ақын, жазушы, қоғамдық қайраткер, қазақтың жазба әдеби тілінің негізін салушы, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы. Ыбырай оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды.

Ыбырай сондай-ақ Қ.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, И. Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды. Ол жаңа үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданды. 1879–1883 жылдар арасындағы Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) уездік жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебін, 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастырды.

Совет өкіметі орнағаннан кейін барлық сәулет ескерткіштері, кітапханалар, мұрағаттар ұлттандырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда өлкетанулық қозғалыс кең көлемде жүргізіле бастады. 1920 жылы «Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы» құрылды. Құрылтайшылық жиналысы 1920 жылдың 15 қазанында өтті, қоғамның төрағасы болып қазақ халқының тарихы туралы алғашқы жұмыстардың авторы А.П. Чулошников тағайындалды.

Сол, Республикада мемлекеттік ғылыми мекемелер болмаған кезде, Қазақстанды зерттеу Қоғамының қатарында зиялы қауымның басым бөлігі біріккен болатын. Қоғамда С.Д. Асфендияров, А. Диваев, А.Л. Мелков, С. Сейфуллин, Т. Рыскулов, А.Л. Калмыков, М. Әуезовтер қызмет атқарды.

Осы жылдары ғылым Академиясы жанынан ресейлік өлкетану жұмысының ғылыми-методикалық орталығы – өлкетанудың Орталық бюросы (ӨОБ) ашылды. Ол 1921 жылы бірінші Бүкілресейлік өлкетану конференциясында құрылды. ӨОБ мүшелері болып сол уақыттың әйгілі ғалымдары Д.Н. Анучин, Н.Я. Марр, А.Е. Ферсман, П.Г. Смидовичтер болды. Советтік өлкетанудың ұйымдастырушыларының бірінші қатарында педагогтар А.П. Пинкевич пен С.Т. Шацкийлер де болды.

ӨОБ-ның облыстарда бөлімшелері ашылып, өлкетанулық журналдармен, жинақтары шығарылып тұрды. 1923 жылдан бастап «Краеведение» журналы, ал 1925 ж. – «Известия ЦБК» шыға бастады. 1930 ж. олар «Советское краеведение» журналы болып бірікті (1936 ж. дейін шығып тұрды).

1937 ж. ӨОБ жойылды. Оның ресми жабылуы 1932 жылы Ғылым Академиясының қазақстандық базасының пайда болуымен байланысты.

Өлкетану зерттеулер орталығының рөлін одан ары География қоғамының өлкетану комиссиясы өз қол астына алды.

Өлкетанудың пайда болу қалыптасу және даму кезеңі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін барлық сәулет ескерткіштері, кітапханалар, мұражайлар, мұрағаттар ұлттандырылды. **1920 жылдың 15 қазанында Қазақстанды зерттеу Қоғамының** құрылтайшылық жиналысы өтті. Қоғамның төрағасы болып, қазақ халқының тарихы туралы алғашқы жұмыстардың авторы болатын А.П. Чулошников тағайындалды. Сол уақытта Республикада мемлекеттік ғылыми ұйымдар жоқ болатын, Қазақстанды зерттеу Қоғамының қатарында зиялы қауымның басым бөлігі біріккен болатын. Қоғамда С.Д. Асфендияров, А.П. Чулошников, А.Ф. Рязанов, А.А. Диваев, А.Л. Калмыков, С.С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, М. Әуезовтер бірге қызмет атқаратын. Қазақстанды зерттеу Қоғамының қызметі 1932 ж. Қазақ

Ғылым Академия базасының құрылуымен тоқтатылады, 1946 ж. ҚазССР Ғылым Академиясы ұйымдастырылды.

1932 ж. өлкетанудың Орталық бюрасы негізгі өлкетану орталығының қызметін атқаратын, бұл ұйым 1937 ж. дейін ғана болған, одан кейін өлкетанулық зерттеулердің орталық қызметін СССР Географиялық қоғамының Өлкетанулық комиссиясы атқарды.

Қазақстан мектептеріндегі жасөспірімдер туризмі мен өлкетану XX ғ. 20-жылдарында пайда болды. 1924 ж. Семейде мұғалім – өлкетанушылардың алғашқы өлкетанулық конференциясы өтті. Осыдан кейін барып Орынборда, Қызылордада, Талдықорғанда, Алматыда мектептік өлкетанудың мұғалімдер үйірмелері ұйымдастырыла бастады. Олардың жұмысын жасөспірімдер өлкетанушылар ұйымдарының Губерниялық бюросы (ГБОУКО) басқарды.

1951 жылы Қостанайда республикада алғашқы болып Балалардың экскурсиялық-туристік станциясы құрылды. 1973 жылға дейін балалардың мектептен тыс мұндай ұйымдары барлық облыс орталықтарында жұмыс істеді.

Облыстық станциялардың жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып 1961 жылы Қазақстанда мектептік және мектептен тыс ұйымдардағы оқу, ғылыми, инструктивтік-әдістемелік және тәрбие бағыттағы ұйым ретінде Республикалық балалар экскурсиялық-туристік станциясы құрылды.

XX ғ. 60-90 жылдары республиканың барлық өңірлерінде балалар – жасөспірімдердің қызығушылықтарына байланысты тұрғылықты жерлерде клубтар, аудандық, қалалық және облыстық Үйлер және пионерлер мен оқушылар Сарайлары, жас техниктердің, натуралистердің, туристердің станциялары, клубтары, туристік базалары, пионерлік лагерлері ашылды.

1985 ж. туристік-өлкетанулық жұмыстардың мектептен тыс балалар ұйымдарында қарқынды дамушыңы болатын. Қазақстанда мыңдаған балалар ұйымдары болды, олар оқушылармен жүйелі түрде әртүрлі іс-шаралар өткізетін: туристік-өлкетанулық экспедициялар, ғылыми-практикалық конференциялар, слеттар мен жарыстар, тақырыптық альбомдар шығарды, республика бойынша эстафеталар, өлкетанулық мәліметтерді жинады, білім ошақтарында өлкетанулық мұражайлар ашылды.

Қайта құрылудың басталуымен және қаржыландырудың қысқаруымен, білім жүйесінің реформалануымен балалардың көптеген туристік-өлкетанулық ұйымдары өз жұмыстарын тоқтатты, бірақ облыс орталықтарында жас туристер станциялары қызметтерін жалғастыруда. 1995 ж. жас туристердің Республикалық станциясы «Оқушылардың Халықаралық туристік орталығы» (ОХТО) болып аталды.

Бақылау сұрақтары:

1. «Өлкетану», «туған өлке», «кіші аумақ» түсініктеріне қандай анықтама бересіз?
2. Туризм мамандары үшін туристік өлкетану жұмыстарының мағынасы неде?
3. Өлкетанудың түрлері қандай негізде бөлінеді?
4. Өлкетанудың формалары қандай негізде бөлінеді?
5. Ресейдің өлкетану зерттеулерінің негізін қалаушысы деп кімді санайды. Неліктен Ш. Уәлихановты қазақтың бірінші өлкетанушысы деп санайды?
6. Ұлы қазан төңкерісіне дейін Қазақстан аумағын қандай мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар зерттеді?
7. Ұлы қазан төңкерісінен кейін Қазақстан аумағын қандай мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар зерттеді?
8. Қазақстанда мектеп өлкетануының кезеңдерін анықтаңыз.
9. Қазіргі кезде Қазақстан аумағын қандай мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар зерттейді?

Тест сұрақтары:

1. «Кіші аумақ» терминінің астары?

- 1) әкімшілік аудан немесе елді мекен
- 2) облыс немесе республика
- 3) елдің экономикалық ауданы
- 4) табиғи кешен
- 5) ландшафт

2. Мектеп участкесіндегі бақылаулар, табиғаттану пәні кезіндегі жұмыстар өлкетанудың қай формасына жатады?

- 1) мемлекеттік
- 2) қоғамдық
- 3) мектептік
- 4) мектептен тыс
- 5) жеке

3. Ұйымдастыру формасына байланысты өлкетану:

- 1) мемлекеттік, қоғамдық, мектептік
- 2) қоғамдық, мектептік, жасөспірімдік
- 3) мемлекеттік, қоғамдық
- 4) аталған формалардың барлығы
- 5) тек қана мемлекеттік

4. 1926–27 ж. Қазақстандағы сәулетшілдіктің археологиялық ескерткіштерін (оның ішінде Қожа Ахмед Ясауи кесенесі де) кім зерттеді?

- 1) А.П. Чулошников
- 2) Л.С. Берг
- 3) М.Е. Масон
- 4) П.П. Семенов Тян-Шанский
- 5) К.А. Акишев

5. Қазақстан мұғалім-өлкетанушылардың алғашқы өлкетанулық конференциясы қай жыл және қайда өтті?

- 1) 1920 ж. Орынборда
- 2) 1924 ж. Семейде
- 3) 1937 ж. Қызылордада
- 4) 1941 ж. Алматыда
- 5) 1956 ж. Павлодарда

6. Қазақстан аумағындағы мәдени және сәулет археологиялық ескерткіштерін ХХ ғасырдың басында тізімін жасаған атақты «Древности киргизских степей» монографиясының авторы кім?

- 1) Ш. Уәлиханов
- 2) Н. Бекчурин
- 3) Г.С. Карелин
- 4) Н.М. Потанин
- 5) И.А. Кастанье

7. Республикадағы алғаш Жасөспірімдердің экскурсиялық-туристік станциясы қай жылы және қайда құралды?

- 1) 1920 ж. Орынборда
- 2) 1951 ж. Қостанайда
- 3) 1937 ж. Қызылордада
- 4) 1956 ж. Павлодарда
- 5) 1961 ж. Алматыда

8. Қазан төңкерісінен кейін қазақ тарихы туралы жалпылама жұмыстың авторы ретінде танымал Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының бірінші төрағасы болып кім сайланды?

- 1) Н.М. Потанин

- 2) А.П. Чулошников
- 3) Б.А. Федченко
- 4) Л.С. Берг
- 5) И. Алтынсарин

9. «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарды орыс тіліне үйретудің алғашқы нұсқаулығы» атты алғашқы оқулықтардың авторы:

- 1) С.Д. Асфендияров
- 2) А.Ф. Рязанов
- 3) Т. Рыскулов
- 4) С. Сейфуллин
- 5) И. Алтынсарин

10. Республикадағы алғаш Жасөспірімдердің экскурсиялық-туристік станциясы қай жылы және қайда құралды?

- 1) 1920 ж. Орынборда
- 2) 1951 ж. Қостанайда
- 3) 1937 ж. Қызылордада
- 4) 1956 ж. Павлодарда
- 5) 1961 ж. Алматыда

2-тақырып

ӨЛКЕТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ДЕРЕКТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

1. Өлкетанудың деректері мен ұстанымдары
2. Өлкетанулық зерттеулердің негізгі кезеңдері
3. Зерттеу әдістерінің жіктелуі

1. Өлкетанудың деректері мен ұстанымдары

Туристік-өлкетанулық жұмыстар – туризм саласында кәсіби мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі. Оған туған өлке туралы білім алу, мәліметтерді жинақтай білу, бақылау әдістерін үйрену, алынған мәліметтерді өңдеу дағдылары мен сараптай білу, алынған дағдыларды туристік фирма жұмысының тиімділігін арттыруда қолдана білу жатады.

Өлкетанудың ұстанымдары: ғылыми, жүйелілік және реттілік, кешенділік және аймақтылық.

Өлкетанудың деректері: әдеби, картографиялық, мұрағаттық, статистикалық, ауызша дереккөздер, құжаттық (деректік), бақылау.

Әдеби деректер алуан түрлі: монографиялар және жинақтар, очерктер және мемуарлар, ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттер, публицистика және анықтамалар түріндегі басылымдар. Әдетте бұл – өлкенің дамуының түрлі жақтарын әңгімелейтін кітаптар оның тарихы, экономикасы, мәдениеті, табиғи байлықтары, көрікті жерлері. Олар алғашқы ақпаратты қамтуы мүмкін (өз дәуірінің тарихи-мәдени ескерткіштері), бірақ көп жағдайда авторлардың деректерден жинақтаған жанама ақпараттарды қайта жазу болады.

Өлкетанулық библиография жариялау түрі, арналуы және әдебиетті іріктеу толықтылығы, басылым мерзімділігі және қамтитын кезеңі, тақырыбы бойынша алуан түрлі болады.

Басылым түрі бойынша келесідей болады:

библиографиялық сілтемелер, жеке кітап немесе брошюра түрінде шығарылған;

– жергілікті кітапханалардың басылым каталогтары;

– кітаптың ішіндегі библиографиялық тізімдер: қолданған әдебиеттердің тізімдері немесе кітаптың тақырыбы бойынша әдебиеттер;

– мақалаларға әдебиеттік тізімдер, әдебиеттерге шолу және рецензиялар.

Картографиялық деректер. Географиялық карта – ол жер бетінің жазық үстінде кішірейтілген және жалпыланған бейнесі. Карта құрудың теориясы және методикасымен айналысатын ғылым картография деп аталады, ал картаның қатысуымен зерттейтін әдіс картографиялық деп аталады. Өлкетанулық зерттеулерде карта ақпарат көзі болып табылады. Карталар қамтитын территория, мазмұны, масштабы бойынша жіктеледі.

Мұрағаттық деректер. Мұрағат дегеніміз – тарихи деректік құжаттар сақталатын алтын қазына. Онда ата-бабамыздың әулеттік шежіресі сақталып, өткен өмірдің айнасына айналуға мүрағатта әр кезеңдегі тарихи оқиғалар, дипломатиялық қарым-қатынастар, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық бағыттары жөнінде құнды құжаттар сақталады.

Статистикалық деректер. Өлкені зерттеуде негізгі деректердің бірі болып мемлекеттік статистика табылады. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агентствосы – статистика саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырып, статистиканы жетілдіру бойынша бағдарламаларды әзірлеп және іске асыратын уәкілетті орган болып табылады (<http://www.stat.kz>).

Ауызша дереккөздер.

Адамзаттың ең ежелгі қарым-қатынас тәсілі ретінде сөйлейтін тіл әртүрлі дәуірлердегі ең бай ақпаратпен қамтамасыз етеді. Ауызша ақпарат көздерінің арасында әңгімелер әдетте қызықты адамдармен немесе әлеуметтік сауалдамалармен «кездесулер» түрінде жүзеге асырылады. Бұл ақпаратты таратуға арналған тілдік канал – ауызша халықтық өнер (фольклор) – эпос, ертегілер, жыр-

лар, батырлар жыры, аңыздар, әндер, мақал-мәтелдер. Сондай-ақ ауызша деректерге жердің географиялық жағдайымен және елді мекендердің тарихымен тығыз байланысты топонимдер де кіреді.

Табиғи және қоғамдық нысандар мен үдерістерді бақылау.

Бақылау – құбылыстың ағымына араласпай, табиғи жағдайда заттар мен ағымдарды мақсатты қабылдау. Өлкетанулық экспедициялар, экскурсиялар, өз бетінше сапарға шыққан кезінде үдерістерді немесе жеке нысандарды, назар аударарлық орындарды тікелей зерттеп тану – өлкетанулық білімнің негізгі дерегі. Бұндай сапарлардың негізгі мақсаты:

- нысандардың орналасқан жерін анықтау және оларға бақылау жүргізу;
- құбылыстар мен үдерістердің динамикасын;
- өлке территориясында қорғау заңнамаларды орындау ережелерін бақылау үшін қорғауға алынған нысандардың күйін зерттеу.

2. Өлкетанулық зерттеулердің негізгі кезеңдері

Өлкетанулық зерттеулердің негізгі кезеңдеріне жатады:

- 1) кітапханалардан, ұйымдар мен мекемелерден әртүрлі әдеби және өлкетанулық мәліметтерді жинау, зерттеу және жалпылау;
- 2) алдын ала таңдалған пункте жүйелі түрде бақылаулар жүргізу;
- 3) арнайы бағытталған жорықтар мен экскурсиялар кезінде бақылаулар жүргізу, өлкені зерттеу;
- 4) алынған мәліметтерді өңдеу (жоспарлар, карталар, графиктер, диаграммалар, коллекциялар және т.б. құру);
- 5) алынған мәліметтерді жалпылау және сараптау.

3. Зерттеу әдістерінің жіктелуі

Жалпы өлкетанудың негізгі әдістеріне әдеби, картографиялық, статистикалық, далалық бақылаулар, визуалды, сауалнама, салыстырмалы-тарихи және т.б. жатады.

1) *өлкетанулық әдеби әдісі* зерттеу өлкетанулық зерттеулердің бірінші кезеңінде, алдын ала мәлімет алу үшін жүргізіледі. Өлкетанулық мәліметтің деректері:

– оқулық пен оқу құралдары, статистикалық анықтамалықтар;
– туризм мен өлкетануға байланысты анықтамалық – библиографиялық шолулар;

– газет мәліметтері. Қарастыратын баспаларды алдын ала белгілеп, оның ақпараттық бағытын анықтап, хронологиялық рамқаларын белгілеу керек. Тақырыпқа сәйкес келетін бөлімдерге көңіл аударған жөн.

Алынған мәлімет карточкаға енгізілу керек. Үзіндіде автордың аты-жөні, мақаланың атауы, жылы көрсетілген баспаға нақты сілтеме, газет немесе журналдың беттері мен саны көрсетілу қажет.

2) зерттеудің *картографиялық әдісі* зерттеліп отырған аумақтың табиғи, шаруашылық, тарихи, археологиялық және т.б. объектілер мен құбылыстардың кеңістікте орналасуын анықтауға бағытталады. Барлық өлкетанулық зерттеулер зерттеліп отырған жердің карта немесе жоспарын құрастырудан басталғаны жөн. Карта – зерттеу нәтижесін түсіретін негіз болып табылады.

3) *далалық зерттеудің* негізгі *стационарлық және экспедициялық* әдістері бар. Бірінші әдіс зерттеушінің тұрғылықты жерінде немесе ұзақ тұрған жерінде жүргізіледі. Ал екінші әдіс саяхат немесе жорық кезінде қысқа мерзімді тұрған жерінде жүргізіледі. Саяхат кезінде бакылау әдісінің ең тиімдісі болып визуалды немесе сауалнама табылады.

4) *статистикалық әдіс* сандық көрсеткіштерді іріктеу мен сараптауға негізделеді, оның нәтижесінде карталар, сұлбалар, кестелер, графиктер, диаграммалар құрастырылады. Өлкетанушылар бұл әдісті өлкенің шаруашылығын, халқын және өзге аумақтармен экономикалық байланыстарын зерттеген кезде кең қолданылады.

5) *сауалнама алу* – нақты адамдар тобына сұрақтар қою арқылы алғашқы ақпаратты жинау әдісі. Зерттеушінің респондентпен анкета арқылы жүзеге асырылатын байланысына негізделген эмпирикалық зерттеуін әлеуметтанулық өлшеу тәсілі.

Сауалнама мақсаты – жеке және қоғамдық санадағы құбылыстар немесе қарапайым фактілер, оқиғалар туралы ақпарат алу. Сауалнама ақпараттың дәлдігі мен жүйелігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс экономикалық тұрғыдан да тиімді, яғни оған шығын, уақыт және құрал аз жұмсалады. Сауалнаманың әртүрлі жолдары бар: қалыпқа түспеген (еркін сұхбат, т.б.) және қалыпты (алдын ала дайындалған сұрақтар көмегімен). Сауалнама өткізу жиілігіне байланысты бір рет және көп рет болып бөлінеді. Сонымен бірге сауалнама *жазбаша* және *ауызша* деп те бөлінеді. Сауалнама тиімділігі тұрақты сұхбат алушы және сауалнамаға қатысушылардың болуына тәуелді. Жалпы сауалнама нәтижелері тек ғалымдарға ғана емес, сонымен бірге өкіметтік және қоғамдық ұйымдар өкілдеріне, жалпы қауымға да белгілі болады.

Қазіргі күні сауалнаманың бірнеше түрі қолданыланады: таратылатын, почта арқылы және бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен.

6) *фото, бейне және киносьемка, суреттемелер, аудио-жазбалар* турист өлкетанушылардың өмірінен қызықты эпизодтарын түсіруге мүмкіндік береді және өлкетану жұмысының маңызды құжаты болып табылады.

Кез келген турист өлкетанушы міндеті түрлі зерттеу тәсілдерін тәжірибеде қолдана білу.

Бақылау сұрақтары:

1. «Қағида» дегеніміз не? Өлкетанудың қағидалары неде?
2. Түрлі библиографиялық мәліметтер типтерімен жұмыс істеу әдістері қандай?
3. Мемлекеттік архивтерде жұмыс істеу үшін қандай рұқсат құжаттарды алу қажет?
4. Статистикалық бюллетеньдерден туризм бойынша қандай мәліметтерді алуға болады?
5. Сауалнама құрастыру ұстамдары, әлеуметтік сауалнама жүргізу әдістері қандай?
6. Аймақтарда өлкетанулық зерттеулерді жүргізудің түрлі кезеңдерінде қандай әдістер қолданылады?

№1 лабораториялық жұмыс **Өзінің жері туралы өлкетану әдебиетінің библиографиясы**

Мақсаты: өлкетану әдеби деректерін іздеу мен пайдаланудағы практикалық дағдыларды қалыптастыру, каталогтардың, әдебиет тізімімен, библиографиялық және анықтамалық басылымдардың әр түрімен жұмыс істеуді үйрену.

Тапсырма: өзінің жері жайлы келесі тақырыптардың біреуі бойынша әртүрлі деректер көзімен әдебиет тізімін құрастыру (40 атаудан аз емес):

- 1) *табиғат*
- 2) *халық*
- 3) *шаруашылық*
- 4) *тарих*
- 5) *мәдениет*

Тапсырма жеке-топтық (топ 2-3 адамнан). Әдебиет тізімі тақырып бойынша 40-тан кем болмайтын әдеби, картографиялық, электронды деректер атауларын қамтуы тиіс. Жұмысты тапсыру кезінде іздеу әдісін айту қажет: әдебиет қандай кітапханаларда, каталогтарда табылған, тізімді құрастыру кезінде қандай библиографиялық деректер қолданылды.

Әдебиеттер тізімін өңдеу үлгісі:

1. Монография, оқулық, кітап:

Автордың фамилиясы, аты. Кітаптың аты. – Шығарылған жері: Баспа, жылы. – Беттер саны.

Абишева З.М., Абдреева Ш.Т. Туристік-өлкетану жұмыстарының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 102 б.

2. Журнал, жинақтардағы мақала:

Автордың фамилиясы, аты. Мақаланың аты / журналдың немесе жинақтың аты. – Шығарылған жері: Баспа, жылы. – Б.

Ердаuletов С.Р. К вопросу о казахстанском турпродукте / в сб.: Современные тенденции и закономерности в развитии географической науки в Республике Казахстан. Мат. межд. науч.-практ. конф. 28 апреля 2010. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – С. 236-239.

3. Жалпы редакциядағы кітаптар:

Аты / авторлар саны; ред. И.О. Фамилия. – Шығарылған жері, Баспа, жылы. – Беттер саны.

География туризма / авторлар саны; бас ред. А.Ю. Александрова. – М.: КноРус, 2008. – 592 с.

4. Интернет көздері

Жалпы сайтқа сілтеме

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет: [электронды ресурс]. – Алматы, 2010–2015. URL: <http://www.kaznu.kz> (шағымдану күні: 18.02.2015)

Ұсынылған әдебиет

1. Краеведение: пособие для учителя // А. В. Даринский [и др.]. – М., 1987.
2. Мазбаев, О.Б. Туризм және өлкетану негіздері: оқу құралы / О.Б. Мазбаев, Б.Н. Атейбеков, Б.К. Асубаев. – Алматы, 2006. – 100 б.
3. Вуколов, В.Н., Назарчук, М.К. Основы туристско-краеведческой работы. – Алматы, 1997.
4. Вуколов, В.Н. Основы туристско-краеведческой работы. – Алматы, 2005.
5. Михлина, И.И.. Краеведческая библиография. – М., 2008.
<http://gendocs.ru/v441/лекции по краеведению>

Тест сұрақтары

1. Жоспарланған туристік сапа жағдайында қарапайым байқау әдісін атаңыз:

- 1) виртуалды
- 2) визуалды
- 3) таңдаулы
- 4) қосымша
- 5) валидтік

2. Өлкетанулық библиографияның нысаны болады:

- 1) баспа өнімдері
- 2) телеарна бағдарламалары
- 3) архитектура ескерткіштері
- 4) археологиялық артефакт
- 5) әйгілі адамдардың өмірбаяны

3. Өлкетанудың қай түрінде статистикалық көздер мен әдістер толық пайдаланылады:

- 1) физико-географиялық
- 2) экономика-әлеуметтік-географиялық
- 3) тарихи
- 4) археологиялық
- 5) әдебиеттік

4. Кез келген өлкетанулық зерттеулер қандай кезеңнен басталады:

- 1) әдеби көздерді жинау және талдау
- 2) материалды камералдық өңдеу
- 3) визуалды бақылау
- 4) экспедиция немесе жорықты жоспарлау
- 5) есеп құрастыру

5. Далалық зерттеу кезінде жиналған материалдарды зерттеу, жүйеге келтіру, талдау қалай аталады?

- 1) әдебиет көздерін жинау және талдау
- 2) материалды камералдық өңдеу
- 3) визуалды бақылау
- 4) экспедиция немесе жорықты жоспарлау
- 5) есеп құрастыру

3-тақырып

ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ

1. Табиғи-географиялық өлкетанудың зерттеу пәні
2. Геологиялық және минералогиялық зерттеулер
3. Геоморфологиялық зерттеулер
4. Метеорологиялық зерттеулер
5. Гидрологиялық және гляциологиялық зерттеулер
6. Геоботаникалық зерттеулер
7. Зоологиялық және фенологиялық зерттеулер
8. Топографиялық түсірілімдер

1. Табиғи-географиялық өлкетанудың зерттеу пәні

Кез келген өлкетанулық жұмыстың негізі шаруашылықтың барлық түріне ресурс ретінде өзіндік табиғи жағдайлары тән белгілі бір аумақ алынады. Өлкетанушылар, негізінен, жергілікті жердің геологиялық құрылысы мен тау жыныстарының құрамын, жергілікті жердің жер бедерін, климатын, жер беті суларын, топырақ жамылғысын, өсімдік, жануарлар дүниесін зерттейді.

Табиғаттың әрбір компонентін геология, геоморфология, гидрология, климатология, өсімдіктер мен жануарлар географиясы сияқты жеке географиялық ғылымдар зерттейді. Табиғат компоненттерінің байланысы нәтижесінде құрылатын табиғи-аумақтық кешендер немесе табиғи геожүйелерді физикалық география зерттейді. Сондықтан да физикалық-географиялық зерттеулер туған өлкені зерттеудің негізі болып табылады.

Физикалық-географиялық зерттеулерді келесідей кезеңдерге жіктеуге болады:

1) дайындық кезеңі – болашақта зерттелетін аумақтың әдеби немесе қор мәліметтерімен танысу, картографиялық мәліметтерді (топографиялық негіз) дайындау. Өлкетанулық зерттеулер үшін ірі масштабты (1:5000-нан 1:50000-ға дейін) ыңғайлы. Бұл кезең-

де қолда бар туристік топтың, ғылыми экспедицияның есебімен, фотосуреттермен, топографиялық негіз карталармен және тақырыптық физикалық-географиялық карталармен танысады.

2) далалық зерттеулер – маршруттық түсірілімдер, профиль салу, негізгі орындар әдісі (бакылау және өлшеу, үлгілерді жинау).

3) жиналған мәліметтерді камералдық өңдеу – жиналған тау жыныстары, топырақ, өсімдік үлгілерін қарастырады және жүйелейді, компонентті және кешенді карталар немесе профильдердің (геоморфологиялық, топырақ, геоботаникалық, ландшафтық) үлгілерін құрастырады.

4) аймақтың физикалық-географиялық сипаттамасын құрастырады. Географияда кез келген аумақтың табиғи сипаттамасын берудің стандартты сұлбасы қалыптасқан, келесідей ретпен статикалық компоненттен қозғалмалыға қарай: физикалық-географиялық орны, тектоникалық және геологиялық құрылысы, оның жер бетінің қалыптасуына әсері, жер бедері, климат және ауа-райы, ішкі сулары, топырақ-өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі. Аймақтың физикалық-географиялық сипаттамасында табиғи компоненттердің байланысы мен қарым-қатынасы, географиялық қабықшаның дифференциациясының жалпы заңдылықтары және аумақтың жеке ерекшеліктері анықталуы тиіс.

2. Геологиялық және минералогиялық зерттеулер

Геология – жер қабығының даму тарихын, құрамын және құрылысын зерттейтін ғылым. *Жер қабығы* – тау жыныстарынан тұратын Жердің үстіңгі қатты қабығы. Жердің қалыңдығы – орташа мұхиттық тау жоталарында 5-7 км-ден, жас қатпарлы тауларда 55-70 км-ге дейін жетеді.

Геология және минералогия әдетте көп саяхаттаушыларды қызықтырады. Турист-геолог маңызды тау жыныстар мен минералдарды білуі тиіс, оларға сипаттама беріп, үлгілерді жинап, мүмкіндігінше жергілікті жердің геологиялық құрылысы мен жер бедері арасындағы қарапайым байланысты анықтай алуы керек.

Бақылаулар нәтижесінде ауданның маңызды тау жыныстары мен минералдардың коллекциясын жинап және оның геологиялық картасын құрастыру керек.

Адамзатқа 3000-ға жуық минералдар белгілі, бірақ жердің қатты тасты қабықшасының 99,9 % дала шпаты, кварц, шақпақтас, мүйізталшық, авгит, оливин және т.б. (жалпы саны 30-ға дейін) құрайды. Бұл минералдар жынысқұраушылар деп аталады. Тау жыныстар минералдардың жиынтығынан тұрады.

Тау жыныстары пайда болуына қарай: шөгінді, магмалық және метаморфты тау жыныстар деп жіктеледі.

1) *магмалық тау жыныстар* магманың суынуынан құралады. Бұл үдеріс пайда болу жағдайына байланысты *интрузивті* (тереңде пайда болған) және *эффузивті* (жер бетіне шығып жатқан) тау жыныстар деп бөлінеді. Интрузивті тау жыныстарға гранит, габбро, диорит, сиениттер жатады. Ал эффузивті тау жыныстарға базальт, липарит, жанартаулық туф, жанартаулық әйнек және т.б. жатады.

2) *шөгінді тау жыныстар* жер бетінде әртүрлі жолдар арқылы пайда болады. Оның бір бөлігі тау жыныстардың бұзылуынан сынған тау жыныстар пайда болады. Олардың сынықтарының көлемі және дөңгелектену деңгейі әртүрлі (батпақ, құм, қиыршық тас, қойтастар және т.б.).

Әдетте сынған тау жыныстар тығыз массалы цементтелген бөлшектерден тұрады: *брекчия* (қиыршық тастан), *конгломерат* (ұсақ тас пен жұмыр тастан), *алевралит және құмдақ* (құмнан).

Шөгінді тау жыныстардың бір бөлігі ағзалардың қызметімен байланысты – *орагенді тау жыныстар*. Оған әктас (бор, ұлутас), тас және қоңыр көмір, мұнай, торф, кейбір рудалар жатады.

Жер қыртысында болып жатқан химиялық реакцияларға байланысты *хемогенді тау жыныстар* – мергель, тұз, гипс, металл рудалары пайда болады.

3) *Метаморфтық тау жыныстар* шығу тегі әртүрлі тау жыныстардың жер қойнауында жоғарғы температура мен қысымның өзгеруі нәтижесінде, химиялық құрамы немесе физикалық жай-күйі әртүрлі тау жыныстармен байланысы нәтижесінде пай-

да болады (гнейс, кристалдық сланц, мәрмәр, алмаз, слюда және т.б.).

Шығу тегі әртүрлі тау жыныстардың жер бетіне шығуын өсімдік өспеген беткейлерде, геологиялық ашық беттерде, өзен аңғарларының жарларында, жарлар және карьерлердің жарларында жиі көруге болады.

Геологиялық және минералогиялық коллекциялар үшін тек қана түпкі жыныстардың жаңа үлгілерін – үйінді немесе шөгінді жыныстардан емес, жер бетіне шығып жатқан тау жыныстарды жинау керек. Көлеміне байланыссыз, жеке кристалдарды, друздарды (бір негізді кристалдар типі), конкрецияларды, теңбілдеу, тасқа айналғандарды ұқыпты жинау керек. Үлгіні балғамен бөлшектеу кезінде құртып алу қаупі болса, онда үлгіні толығымен алу керек.

Әрбір үлгінің жапсырмасы болуы керек. Онда қарындашпен үлгінің нөмірі мен атауы, алынған жері, коллекцияның мерзімі және үлгіні алған туристің аты-жөні жазылады. Жапсырма екіге немесе төртке жазуы ішке қарай және үлгі қағаздың бір бұрышына қойылып бүктеледі.

Қажет жағдайда ол алапты оңай табу үшін, үлгі туралы қойын дәптерде (немесе күнделікте) толық мәлімет болуы керек. Сонымен қатар үлгі алынған жерді көрсету керек тау жыныстан ба, әлде тікелей немесе т.б. ысырындыдан ба. Маршруттық (желілік) картада тапқан жерді белгілеу керек.

Турист-геолог пен минерологтың құрал-жабдықтары: геологиялық балға, Адрианов компасы мен тау компасы, лупа, саперлік күрек, газет немесе орама қағаз, жіңішке жіп, блокнот (жапсырмалар), қойын дәптер, қарындаш және қалың дәптер, тау жыныстары мен минералдарды айқындаушы.

3. Геоморфологиялық зерттеулер

Жер бедері – түзу емес жер бетінің жиынтығы. *Геоморфология* жер бедері мен оның бедерін құраушы және өзгертетін үдерістерді зерттейді. Турист-геоморфолог кішігірім болса да,

кейбір жер бедерін сипаттай алу керек (мысалы, төбе, аңғар орындарын, жыра, шұңқыр, үңгір, беткей мен кейбір көтеріңкі жер бедерінің шыңдарын), бұл жер бедерінің шығу тегі мен оның сыртқы келбетінің неге байланысты екенін анықтай алуы керек. Зерттеу нәтижесінде ол саяхаттау ауданының морфологиялық картасын құрастыруы керек.

Жер бедерін зерттеуде келесідей мақсаттар қойылады:

– жер бедерінің сыртқы белгілерін, формасын және сандық көрсеткіштерін айқындау;

– жер бедері құрылу факторлары мен жер бедерінің даму жолдарын айқындау;

– генетикалық топтар мен оның аумақ бойынша таралуын анықтау;

– шаруашылық іс-әрекетке әсерін бағалап және пайдалану жолдарын анықтау.

Жер бедерінің типі бойынша жергілікті жер жазықты, төбелі және таулы болып жіктеледі. Жер бедерінің кейбір элементтері натуралды нүкте мен жер бедері сызығы атауына ие.

Таулар – жер бедерінің қатты тілімденген, салыстырмалы биік формасы. Таулар жер бедерінің оң және теріс формаларынан тұрады. Жеке тау – салыстырмалы тегіс кеңістікте 200 м биік көтеріліп жатқан жер бедерінің оң формасы. Тау барлық жағынан еңіс кеңістікпен – *беткейлермен* қоршалып жатыр. Беткейден жазыққа өткелді *тау етегі* дейді. Таудың ең биік бөлігін шың дейді (шың, дөңгеленген, жазық).

Тау жоталары – беткейдің қарама-қарсы жақтарына шектеліп түсіп жатқан, ұзыннан созылып жатқан жер бедерінің оң ірі формасы. Беткейлер тау аңғарларымен тілімденген. Жотаның ең биік бөлігі – қырқа. Көтеріліп жатқан бөлік – жотаның шыңы, төмен бөлігі – *асулар*. Кең асуларды аңғарлар (екі тау жотасы арасындағы бел) деп атаса, терең тілімденген *тау өткелдері* деп аталады.

Тау шынжыры – бір бірімен байланысып жатқан бірнеше тау жоталары. Тау жоталары мен тау шынжырларының қиылысуы *тау түйіндерін* құрайды. *Таулы өлке* – тау жоталары мен кең тегіс шұңқырлармен алмасып келетін жер бедерінің көлемі жағынан үлкен бөлігі.

Жазық пен төбелі жер бедерінің жалпы сипаттамасы келесідей сұрақтарды қамтиды:

1) жер бедерінің жалпы көрінісі мен сипаттамасы қандай (төбелі ме, жазық па);

2) өзен аңғарлары жиі тіліп өтеді ме, қатты тілімденген бе, немен жамылған (орман, бұта, шөптер ме);

3) оның ішкі құрылымын және тау жыныстарын зерттеу мүмкін бе; ауданда қандай тау жыныстары кездеседі (жұмсақ, борпылдақ, қатты); олар бетіне қаншалықты жиі шығады және қайда; төбелерде, аңғарлардың беткейлерінде, жартастарда немесе тек карьерлерде.

4) су айырық жоталарында бұл жерге тән емес қойтастар бар ма;

5) жазық пен ойпаттарда «жал» немесе тізбектер немесе құмнан, батпақтан, қиыршық тастардан жондар бар ма; оның сыртқы келбеті, көлемі (ұзындығы, ені, биіктігі);

6) жоспардағы төбенің бағыты қандай:

Таулы аймақта өзен аңғарлары формаларын сипаттап, суреттеп, олардың көлденең және бойлық профилін (бойлық бағыттағы жарылымдар немесе кемерлер), өзен бастауындағы аңғардың формасы, тау беткейлеріне еніп жатқан жарты шеңберлі қуыс аңғарлық көлдер және көлдермен толтырылған немесе қармен тереңделген.

Жағалауға жақын аудандарда жағалаулардың көлденеңнен тілімденуін белгілеу керек, шығанақтың, бухтаның формасы мен ерекшелігін, өзенге деген қатынасын; міндетті түрде: кемертерраса түрінде сақталып қалған теңіздің (немесе көлдің) биік тұрған ізін; жағалаудың сипаты, жағалауға жақын аймақтың сипаты, теңіздің жағалауға жақын орынның және жағалаулық түпкі жердің сипаты белгілеу керек.

Турист-геоморфологтың құрал-жабдықтары: компасы бар планшет, рулетка, саперлік күрек, геологиялық балға, альтиметр (биіктікті өлшегіш), үлгілер үшін қалталар, қағаз және жапсырмалар, дүрбі, суреттер үшін альбом, сұр және түрлі түсті қарындаштар, фотоаппарат, қойын дәптер немесе миллиметровкасы бар далалық күнделік.

4. Метеорологиялық зерттеулер

Жердің газдық қабығын зерттеумен «метеорология» ғылымы айналысады.

Метеорология (гректің *meteora* – атмосфералық құбылыстар және *logos* – ілім деген сөздерінен шыққан) – жердің ауа қабаты атмосфера туралы ғылым, оның құрылысын, құрамын, қасиеттерін, онда жүріп жататын физикалық және химиялық процестерді, олардың жер бетімен әрекеттесуін және ауа массаларының қозғалыстарын зерттейді. Яғни метеорологияның қозғалыстарын зерттейді. Яғни метеорологияның зерттеу объектісі – атмосфера.

Атмосферада сәулелі энергияның басқа энергия түрлеріне айналуы, жылу айналымы, су айналымы және ауа айналымы үздіксіз жүріп тұрады, сонымен қатар әртүрлі оптикалық, электрлік және т.б. көптеген құбылыстар дамиды.

Метеорологияның негізгі шешетін мәселелеріне атмосферада жүріп жатқан процестер мен құбылыстарды зерттеу, олардың пайда болу заңдылықтарын анықтап болашақта дамуын болжау және олардың басқару мүмкіндіктерін анықтау жатады.

Халық шаруашылығына қолайсыз метеорологиялық құбылыстар – қуаңшылық, су тасқыны, қар көшкіні, қарлы және құмды борасын, көктайғақ, үсік, бұршақ және т.б. орасан зиян келтіреді. Сондықтан да метеорологияның практика жүзінде атқаратын жұмыстары өте зор.

Атмосфера күйіне сандық және сапалық сипаттама беру үшін әртүрлі метеорологиялық өлшемдер қолданылады. Негізгі метеорологиялық өлшемдерге келесілер жатады: ауаның температурасы, қысымы, тығыздығы және ылғалдылығы; желдің жылдамдығы мен бағыты; бұлттың мөлшері, биіктігі және қалыңдығы; жауын-шашынның мөлшері мен қарқындылығы; сәулелік және жылулық энергия ағындарының мөлшері; метеорологиялық көріну қашықтығы; бұлттар мен тұманның сулылығы; қар жамылғысының биіктігі, тығыздығы және ондағы су қоры; т.б. Атмосфера күйін метеорологиялық өлшемдерден бөлек, белгілі бір физикалық процестермен анықталатын атмосфералық құбылыстар да сипаттайды. Оларға тұман, мұнар, шық, қырау, боран, дауыл, жауын, найзағай, поляр шұғыласы және т.б. жатады.

Берілген уақыттағы атмосфераның төменгі бөлігінің метеорологиялық өлшемдермен және атмосфералық құбылыстармен сипатталатын физикалық күйін ауа райы деп атайды. Ауа райы мен климат ұғымы тығыз байланысты. Климат деп берілген жердің өзіне тән ауа-райының көпжылдық орташа режимін айтады. Климат ауа райына қарағанда тұрақты және маңызды физико-географиялық сипаттама.

Метеорологияның қысқаша тарихы

Атмосфералық құбылыстарды бақылап зерттеу туралы алғашқы мәліметтер ежелгі Қытай, Үндістан, Мысыр, Грекия және Рим мемлекеттерінің жазба қағаздарынан табылған. Ежелгі грек философы Аристотель кейбір атмосфералық құбылыстардың болу себебіне орай түсініктеме беруге тырысқан. Географиялық ұлы жаңалықтардың ашылу дәуірінде (XV–XVI ғасырлар) ашылған жерлер мен елдердің климатына сипаттама беріле бастады. Бірақ атмосфераны ғылыми түрде зерттеу XVII ғасырдан басталады. Бұл кезеңде алғашқы метеорологиялық аспаптар жасалды: термометр (Галилей, 1597 ж.), сынап барометрі (Торричелли, 1643 ж.), барометр-анероид (Лейбниц, 1700 ж.), флюгер, жауын өлшегіш және т.б. құрал-аспаптардың жасалуы метеорологиялық бақылау мәліметтерін жинауға мүмкіндік беріп, метеорологияның жеке ғылым болып қалыптасуына негіз болды.

Қазақстандағы метеорологиялық қызмет

Қазақстанда алғашқы метеорологиялық бақылау жүргізу 1855 жылы Қазалы және Семей қалаларында басталды. Ал 1917 жылы Қазақстан аумағында 94 метеорологиялық станция мен 49 бекет, 123 гидрометеорологиялық бақылау бекеті жұмыс істейді.

1999 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №185 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

Қазгидрометкәсіпорнықызметініңнегізгімақсаты: қысқажәне ұзақ мерзімдік метеорологиялық және агрометеорологиялық және антиметеорологиялық болжамдар жасау; гидрометеорологиялық

апатты құбылыстардың пайда болу мүмкіндіктері туралы алдын ала хабарлау; гидрометеорологиялық және қоршаған ортаның ластануы бойынша мәліметтер қорын жасау; Қазақстан Республикасының өнеркәсіптерін, ауылшаруашылығын және экономикасының басқа да салаларын гидрометеорологиялық қамтамасыз етуді іске асыру; ауа райы мен климат туралы, нақты және болашақтағы гидрометеорологиялық жағдайлар туралы, табиғи қоршаған ортаның ластануы туралы мәліметтер беру арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарының, экономика салаларының және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Туристер табиғи ортада ең бірінші климаттық фактордың ықпалында болады. Саяхатта ауа райы жағдайын дұрыс бағаламау адам ағзасы денсаулығына зиян ғана келтіріп қоймай, сонымен қатар төтенше жағдайға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Ауа райын ғылыми болжау жердегі метеостанциялар, атмосфералық зондтар немесе әуе-ғарыштық бақылау мәліметтері негізінде құрастырылған жердегі немесе биіктік синоптикалық карталарды сараптау негізінде жасалады.

Ауа райын бақылаудағы адамзаттың көп жылдық тәжірибесі жергілікті белгілерге байланысты халықтық жоралғылармен анықтауға мүмкіндік берді. Оларды қолдану кезінде келесілерді ескеру керек:

– бір ғана белгіге қарап болжауға болмайды, ауа райының бір типін бірнеше белгілер анықтаса, сол жақынырақ болады;

– сол белгілерге сәйкес метеорологиялық элементтер (температура, қысым, бұлттылық) күрт өзгертін болса, соғұрлым болжау дұрыс келеді;

– ауа райына «үдеулік» тән, егер өзгертін белгісі болмаса, жақын арада солай қала бермек.

Туристердің адам аяғы баспайтын немесе қиын жерлердегі метеобақылаулары шаруашылық пен ғылымға пайдасы тиюі мүмкін. Барлық метеорологиялық элементтерге бақылауларды жергілікті уақытпен тәулігіне 4 немесе 8 рет, халықаралық уақытпен қабылданғандай: 1, 4, 7, 10, 13, 16, 19 және 22 сағаттарда жүргізу қажет.

Жазбалар арнайы формада жүргізіледі (метеобақылаулар журналы). Мұнда ауа райы болжамдары, оның ақталуы мен жіберілген қателіктері жазылады. Бақылаулар нәтижесі журналға тіркеледі (1-кесте).

Саяхаттау аймағының климаты туралы мәліметтерді климатологиялық анықтамалардан табуға болады. Ауа-райы туралы мәліметпен кеңесті ірі қалаларда жергілікті гидрометеорологиялық басқарма қызметіндегі гидрометеорологиялық бюродан, сонымен қатар метеостанциялардан жеке немесе жазбаша түрде сұраныс жіберу арқылы алуға болады.

1-кесте

Метеобақылаулар журналы

Мерзімі, уақыты	Ауа-райы, температура-сы	Атмосфералық қысым	Жел (бағыты, жылдамдығы)	Бұлт (балмен, бұлт формасы)	Жауын-шашын (түрі, қарқындылығы)	Атмосфералық құбылыстар	Бақылаушы

Ұсынылатын метеорологиялық құралдар:

– ауаның қысымын өлшеу үшін (келесі құралдардың біреуін): альтиметр, станциялық барометр-анероид, мектептік барометр-анероид. Тау жорықтары үшін алғашқы екі құрал жарамды;

– ауаның температурасын өлшеу үшін: термометр-пращ, қарапайым термометр, аспирациялық психрометр. Сынап термометрінде сынап қата бастайтын минус 33 ° төмен температураны өлшеу үшін, спирттік термометрді пайдалану қажет;

– желдің жылдамдығын өлшеу үшін: қол анемометрі, Аркадьев жел өлшегіш құралы;

Қалған метеорологиялық элементтер визуалды бақыланады (2,3-кестелер).

Желдің жылдамдығын бағалау

Жел жылдамдығы		Сөзбен сипаттама	Желдің жылдамдығын бағалау белгілері
км/сағ	Бофорт балы		
0-1,8	0	Штиль	Түтін тік немесе дерлік тік көтеріледі, жапырақтар қозғалыссыз
1,9-5,1	1	Тыныш жел	Желдің бағыты түтінге қарап анықталады
5,2-11,7	2	Әлсіз жел	Желдің бағыты бетке еседі, жапырақтар сыбырлайды
11,8-18,7	3	Әлсіз жел	Ағаштың жіңішке бұтақтары мен жапырақтары үнемі тербеледі, жел жеңіл жалауларды желбіретеді, теңіздің бетінде жеңіл тегіс толқын ойнайды
18,8-26,6	4	Қоңыржай жел	Жел шаң көтереді, ағаштың жіңішке бұтақтарын қозғалтады
26,7-25,3	5	Самал	Ағаштың жіңішке діндері қозғалады, «көбікті толқындар» әрбір толқында көрінеді.
35,4– 44,0	6	Қатты жел	Ағаштың жуан бұтақтары тербеледі, телеграф желілері гулейді, толқындағы «көбікті толқындар» ұзағырақ (5-10 сек.)
44,1-54,7	7	Қатты жел	Ағаштың ұштары тербеледі, жуан бұтақтары иіліп, желге қарсы жүруге қолайсыз, теңіздегі толқындар көпіреді
54,8-66,0	8	Өте қатты жел	Жел ағаштың жіңішке бұтақтарын сындырып, қозғалысты қиындатады
66,1-77,5	9	Шторм	Жел түтін мұржаларын, шатырын сындырады, желге қарсы жүру өте қиын
77,6-90,2	10	Қатты шторм	Ағаштар түбірімен жұлынып, ірі апат болады
90,-104,4	11	Қатаң шторм	Үлкен апат: телеграф бағаналарын, вагондарды құлатады
104,4 жоғары	12	Дауыл	Үйлерді қиратып, үлкен апатқа әкеп соғады

Мүмкіндігінше жорыққа өзімен бірге бұлттар атласынан бұлттардың суретін алу керек немесе -кестені қолдануға болады

Бұлттылықтың сыртқы белгілері және жіктелуі

Қабаттың атауы және оның биіктіктері	Қазақша және халықаралық атауы	Белгісі	Сыртқы белгілері
6 км жоғары қабат, жоғары	Шарбы (циррус)	Ci	Ақ түсті нәзік бұлттар. Мұзды кристалдардан тұрады. Сызық, жіп, жүн, талшық тәріздес болады.
	Шарбы-қатпарлы (цирро-стратус),	Cs	Аспанға сүт тәріздес өң беретін жұқа ақшыл шілтер тәрізді. Олар арқылы күн немесе айды караған кезде, күн мен айдың диаметрінен әлдеқайда үлкен түссіз ақ сақиналарды (Галло дөңгелектері) көруге болады.
	Шарбы-будак (цирро-кумулус)	Cc	Топпен немесе қатармен орналасқан аспанда шағын «көпіршіктерді» құрады. Жоғарғы қабаттағы бұлттардың барлығынан күн сәулесі өтіп, жер бетіне әлсіз көлеңке береді. Жауын-шашын түспейді.
Орта қабат 2-ден 6 км дейін	Биік қатпарлы (альто-стратус)	As	Аспанды түгел жауып тұратын тегіс ақ немесе көгілдір бүркеніш. Күн күнгірт әйнектен өтіп тұрған сияқты, көлеңкесі жоқ сәуле шашады. Тығыздары жеке тамшылар немесе алғашқы қар түрінде жауын-шашын береді.
	Биік будак (альто-кумулус),	Ac	Қырқалар, шарлар, тұнған толқындар түзеді. Жұқа беттен өткен күн мен ай, оның төңірегінде кемпіркосақ түсі сияқты сақиналар түзеді.
2 км дейінгі төменгі қабат	Қатпарлы {стратус},	St	Суреті жоқ бұлттардың лас бүркеніші. Күн сәулесі өтпейді. Жауын-шашын түспейді.
	Қатпарлы-жанбырлы (стратонимбус),	Ns	Жыртылған формалы сұр-лас төмен бұлттар, олардан жауын-шашын немесе қар түседі. St аясында байқалады.
	Қатпарлы-будак (страто-кумулус)	Sc	Аз ұқсас бұлттар, 2 км қашықтыққа дейін орналасқан тығыз бұлттар. Толқындары үлкен көлемді. Жауын-шашын түспейді. Күн сәулесі өтпейді.

Вертикальды дамыған бұлттар	Будак бұлттар (кумулус)	Си	Тегіс және күмбез тәрізді бұлттар. Жауын-шашын түспейді. Жоғары қарай қарқынды дами отырып, Сб өтеді, Сі өте отырып, қорғасын тәріздес, суық, жоғарғы бөлігі шайылған.
	Будак жанбырлы (кумуло-нимбус)	Сб	Жанбыр, қар, бұршақ түрінде нөсерлі жауын-шашын түседі. Сб-де күн күркіреуі байқалады.

5. Гидрологиялық және гляциологиялық зерттеулер

Планетамыздағы су қабығын – гидросфераны: оның қасиеттерін, ондағы өтіп жатқан процестерді, оның атмосферамен, литосферамен және биосферамен байланысын зерттеумен айналысатын ғылым саласы **гидрология**. «Гидрология» сөзі екі грек сөзінің (гидро – су, логос – *ғылым, ілім*) қосылуынан пайда болған, яғни су туралы ғылым дегенді білдіреді.

Гидрология – жердің және оның су қабығының физикалық, географиялық қасиеттерін зерттейтін ғылымдар кешені. Гидрология пәнінің көмегімен келесі су объектілері: мұхиттар, теңіздер, өзендер мен көлдер, бөгендер, батпақтар, мұздықтар, топырақ және жерасты сулары зерттеледі.

Гидрология, ең алдымен, метеорологиямен, яғни атмосфера және ондағы өтіп жатқан процестерді, оның ылғал айналымы және судың булануын зерттейтін білімдерімен өте тығыз байланыста. Су қабығы мен жер қыртысының (литосфера) өзара байланысы жер бетінің тікелей судың әсерімен қалыптасатынынан айқын көрінеді. Ал жер бедері өз кезегінде су ағыстарының пайда болуына үлкен әсер етеді. Сондықтан гидрология пәнінің геоморфология, яғни жер бедерінің қалыптасу және даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласымен көп ортақтығы бар.

Мұхиттар мен теңіздерде өтіп жатқан процестердің өзендер мен көлдердегі және мұздықтардағы процестерден көп айырмашылығы болатындықтан, жалпы гидрология пәні мұхиттар гидрологиясы (мұхиттану) және құрлықтар гидрологиясы болып екіге бөлінеді.

Зерттеу объектілері бойынша құрлықтар гидрологиясы мына салаларға тармақтанады:

- 1) өзендер гидрологиясы (потимология);
- 2) көлдер мен бөгендер гидрологиясы (лимнология);
- 3) батпақтар гидрологиясы (тельматрология);
- 4) жерасты суларының гидрологиясы (гидрогеология);
- 5) мұздықтар гидрологиясы (гляциология);

Құрлықтар гидрологиясы зерттеу объектілерінен өзге негізгі зерттеу бағыты және тәсілдері бойынша мынадай салаларға бөлінеді:

– *жалпы гидрология* саласы су қабығында кездесетін жалпы заңдылықтарды және оның (судың) ауа қабығы (атмосфера), жер қыртысы (литосфера) арасындағы жалпы байланыстарды зерттейтін сала;

– *гидрография* – жер беті суларының географиялық таралу заңдылықтарын, сонымен бірге географиялық жағдайын олардың режимі мен шаруашылықтағы маңызын қарастырумен айналысады;

– *гидрометрия* – су объектілерінің режимін бақылау әдістерімен, ондағы қолданылатын құрал-жабдықтар, сонымен бірге бақылау нәтижелерін өңдеу әдістерімен айналысады;

– *инженерлік гидрология* – халық шаруашылығының сұранымдары бойынша гидротехника, мелиорация, жол құрылысы және басқа салалар қажеттілігі үшін гидрологиялық анықтаумен айналысады.

Су объектілерінің зерттеу әдістері

Қазіргі гидрология ғылымы су объектілерін зерттеу барысында мынадай негізгі әдістерді пайдаланады, олар 1) тұрақты бақылау (стационар); 2) экспедициялық, 3) тәжірибелік (эксперименттік), 4) теориялық.

Тұрақты бақылау әдісі су объектілерінің гидрологиялық режимі элементтерінің мерзімдік қозғалысын (динамикасын) зерттеу үшін қызмет етеді. Гидрологиялық режим дегеніміз – су объектілерінің жай-күйінің белгілі бір заңдылықпен құбылуы, яғни су деңгейінің, шығынының, температурасының, мұз қату құбылыстарының және т.б. сипаттамаларының, тәуліктік, мау-

сымдық және көпжылдық құбылмалылығы. Гидрологиялық режимді жүйелі түрде бақылау гидрологиялық, бекеттер мен станцияларда жүргізіледі. Бұл бақылаулар бірыңғай бағдарлама бойынша ғылым мен техниканың мақсатына сәйкестендірілген. Бақылау материалдары өңдеуден өткен соң географиялық қорытындылар шығару үшін, анықтамалар құрастыру үшін, атластар мен гидрологиялық сипаттамалардың картасын жасау, сонымен бірге теориялық және қолданбалық мақсаттар үшін кеңінен пайдаланылады.

Экспедициялық әдіс қысқа мерзім ішінде су объектінің физика-географиялық сипаттамалары жөнінде маңызды деректер алуға, далалық ізденістер негізінде олардың режимдік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде алынған деректер мамандарға гидрологиялық ұқсастық әдісін сенімді түрде пайдалануға жағдай туғызады.

Тәжірибелік (эксперименттік) әдіс жалпы гидрологиялық құбылыстармен қатар процестердің жекелеген жақтарын түпкілікті зерттеуге қызмет етеді. Зертханада немесе далалық жағдайда жасалатын тәжірибе көмегімен өзен арналарының қалыптасу заңдылықтары, мұз қату және еру, судың топыраққа сіңуі мен беткейлерден ағып түсуі, су бетінен және жер бетінен булану және басқа да көптеген құбылыстар зерттеледі.

Зерттеудің теориялық әдісі гидрологиялық мақсаттарды физиканың жалпы заңдары және математикалық тәсілдердің көмегімен шешуге негізделген. Теориялық әдістің нәтижелері дәйекті материалдың көмегімен тексеріліп отырады.

Су объектілері және олардың режимі жөніндегі ең толық мәліметтер жоғарыда келтірілген төрт *әдіс* бірге пайдаланылған жағдайда алынатын болады.

Туристік жорық кезіндегі зерттеулер

Әдетте гидрологиялық бақылаулар халық шаруашылығында маңызы зор кіші өзендерді зерттейді. Туристік топтар бұл жағдайда зерттеу ұйымдарына көмек көрсете алады.

Саяхаттау кезінде келесідей сұлба бойынша гидрографиялық сипаттама жүргізу керек:

– өзен туралы жалпы сипаттама: оның атауы, ол кесіп өтетін аудан, облыс, өлке, республика; қайдан бастауын алады, қайда құяды, қай ірі өзеннің бассейніне жатады, қандай ірі салалары бар;

– жақын аймақтың, аңғар мен өзен арнасына сипаттама (участок бойынша);

– су шығынын өлшеу мәліметтері, әрбір орында бар гидротехникалық құрылыс туралы мәлімет;

– сауалнама арқылы жиналған өзеннің режимі туралы мәлімет;

– өзеннің жеке бөлігінде және толығымен пайдаланылуы туралы мәлімет.

Турист-гидрологтың құрал-жабдығы: компасы мен визирлік сызғышы бар көзбен түсіруге арналған планшет; ұзындығы 20-25 см, метрі көрсетілген созылмайтын, мықты бау (немесе шпагат), тереңдікті өлшейтін сантиметрі көрсетілген, ұзындығы 1,5-2 м жіңішке таяқ, секундтық бағыты бар сағат немесе секундомер, фотоаппарат, далалық күнделік немесе қойын дәптер, қарындаштар мен өшіргіштер.

Гляциологиялық бақылаулар. «Гляциология» – мұздықтар туралы ғылым. Мұзды латын тілінде «гляциес» дейді.

Тұрақты қозғалыстағы, негізінен, құрлықта орналасқан, қатты атмосфералық жауын-шашынның жиналуы және қайта қалыптасуы жолымен пайда болған фирн мен мұздың табиғи жиынтығын мұздық деп атаймыз. Қоршаған ортамен жалпы байланыстармен және өзара ішкі байланыстарымен және қасиеттерімен біріккен көптеген мұздықтар жиынтығы мұз құрсауы немесе мұздықтар жүйесін қалыптастырады. Мұздықтар табиғи үдерістерде маңызды рөл атқарады. Аса мол су көлемін жинақтаушы болғандықтан, табиғаттағы су айналымына атсалысады және жер шарындағы көптеген үдерістерге (Жер шарының жылу теңдестігі, мұхит суының температурасы мен тұздылығы, тау өзендерінің ағындысы және т.б.) айтарлықтай ықпал етеді. Әртүрлі ендіктердегі климаттық жағдайлардың құбылмалылығына байланысты қар шегінің биіктігі кең көлемде құбылып тұрады.

Қар шегінен төмен түскен мұздық жылу ағысының әсерінен ери бастайды. Еру үдерісіндегі негізгі рөлді климаттық факторлар атқарады. Мұздықтың беткі қабатының еруі күн сәулесінің тікелей жылуының әсерінен, жылы ауаның ысытуынан, жаңбырдың әсерінен және мұздықты қоршаған тау беткейлерінен шағылысқан радиациясынан болады. Таулы жерлерде ауаның температурасының тәулік ішінде шұғыл құбылмалылығының салдарынан мұздықтың беткі қабатының еруі күндізгі сағаттарда күшті көрініс береді. Қараңғы түсісімен және суық бұлыңғыр күндерде еру тез тежеледі.

Мұздың үздіксіз еру жағдайында мұздықтың тілінің қар шегінен төмен деңгейде ұзақ уақыт сақталуы тек жаңа мұз массалары тұрақты түрде түсіп тұрған жағдайда ғана мүмкін. Егер бұл масса еріген массаға тең болса, онда мұздықтың тілінің жағдайы өзгермейді. Егер жаңа мұз массалары оның еруі мен булануынан көп мөлшерде түсетін болса, онда мұздықтың тілінің мөлшері өсіп, аңғармен төменге, яғни алға жылжиды. Керісінше болған жағдайда мұздықтың массасы кішірейе бастайды, мұздықтың тілі қысқарып, аңғармен кейін қарай (жоғары) жылжығандай болады, яғни мұздық шегінеді.

Көп жылдардың көлемінде өтетін мұздықтардың алға жылжуы және шегінуі климаттың оралымдық (циклдік) құбылмалылығына сәйкес жүреді. Қоректену аймағындағы жауын-шашынның көбеюі мен еру аймағындағы температураның төмендеуі мұздықтың жүйелі түрде өсуіне, сөйтіп, оның аңғармен төмен таралуына әкеліп соғады. Айтылған себептердің керісінше бағытта болуы мұздықтардың қысқаруына, тіпті оның жойылып кетуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Бүгінде ғаламдық жылыну – бүкіл әлемді алаңдатып отырған мәселе. Қазір жер шары бұрынғыға қарағанда 0,5 градусқа жылыды. Оны адам сезбейді, әрине. Бірақ жер шары мұны сезеді. Егер жер шары 3 градусқа қызса, онда апат болады. Ахуал түзелмесе, 20 жылдың ішінде жер беті 3 градусқа қызады. Ғаламшарымыздағы тұщы судың негізгі көзі – мұздықтар еріп, өсімдіктер, жәндіктердің сан алуан түрі жер бетінен жоғалады.

Жалпы, ғаламдық жылыну – 40 жылдан бері қозғалып отырған мәселе. Қазақстанда да бұл – бұрыннан бар проблема.

Өйткені таудағы мұздықтардың 40 пайызы еріп кеткен. Енді қалған мұздықтар бұдан да тез еруі мүмкін. Қазақстандағы таулардың мұздықтары ғана емес, дүниежүзіндегі мұздықтардың барлығы дерлік еріп жатыр. Гималай, Кавказ, Альпі, Памир, Тянь-Шань, Анд тауларындағы мұздықтар еруде. Сондықтан болашақта миллиондаған адам ауызсусыз қалуы мүмкін. Бір ғана Гималай тауындағы өзендер Қытай мен Үндістанды ауызсумен қамтамасыз етіп отыр. Сол сияқты еліміз де мұздықтардан айырылса, ауызсусыз қалады. Бұл – бір. Екіншіден, сел қаупі төнеді. Қалада жаңбыр жауса, тауға қар түседі. Ал егер мұздықтар еріп кетсе, бірден сел ағады. Онда Алматыны су шайып кетеді. Сол себепті қазіргі кезде мұздықтарды сақтап қалу мәселесі өзекті экологиялық мәселелердің біріне айналып отыр.

Таудағы саяхат кезінде гляциологиялық бақылауларды мұзқар өрісі мен мұздықтардан өтетін тәжірибелі туристер ғана жүргізе алады.

Халық шаруашылығында маңызды өзендер (суармалы, гидроэлектростанциялар және т.б.) әдетте мұздықтармен қоректенеді. Гляциологқа келесі мәліметтерді түсіру қажет:

– мұздықтың атауы, ол орналасқан беткейдің экспозициясы, «тілдің» аяқталу биіктігі, мұздықтың орташа ені мен ұзындығын, фирн сызығының биіктігін;

– мұздықтың морфологиялық бетін: а) қоректену облысы (қоректену бассейн формасы, жарылымдардың таралуы), б) еру облысы (шеткі және орта мореналары, мұз құламалары, жарылымдар); в) мұздықтың аяқталу формасы;

– жақында ғана болған мұздықтардың шегінуі мен алға жылжу жылдамдығы мен іздері;

– мұздық типі (карлық, салбыраған, аңғарлық, ағаш тәріздес, жанданған және т.б.);

– мұздықты бақылау мерзімі;

Жер шарының 10%-дан көбірек бөлігін мұздықтар алып жатыр.

1) тау беткейлерінің мұздықтары;

2) аңғар мұздықтары;

3) тау шыңдарының мұздықтары;

4) күрделі мұздықтар кешені.

Мұздықтар түрлі формада және өзіндік ерекше режимімен сипатталады.

Мұздықтардың типтері.

Климатқа, жер бедеріне, қорлану және ағын жайларына байланысты мұздықтар

- 1) таулы (альпілік);
- 2) материкті (жабынды);
- 3) екеуінің аралас түрі.

Қазақстан тауларындағы мұздықтар.

Қазақстан территориясында А.П. Горбуновтың мөлшерлік есебі бойынша ауданы 16760 шаршы км. Қазақстан территориясы бойынша мұздықтардың таралуы.

1. Қазақстан Алтайы
2. Сауыр
3. Жоңғар Алатауы
4. Теріскей Алатауы
5. Күнгей Алатауы
6. Іле Алатауы
7. Қырғыз Алатауы
8. Талас Алатауы

Барлығы: 2724

Турист-гляциологтың құрал-жабдығы: фотоаппарат, сантиметр, дүрбі, қойын дәптер, суреттер үшін альбом.

6. Геоботаникалық зерттеулер

Геоботаника туристердің қызығушылығын тудырады. Өсімдіктердің біртектілігі – географиялық ортаның біртектілігінің көрсеткіші, бір типтің екінші типке ауысуы климаттың, тау жыныстарының және табиғи ортадағы өзге өзгерістерге әкеледі. Сондықтан да өсімдіктердің біртектілігі аумақты аудандастырудың бір белгісі болмақ.

Өсімдіктерді жазып қана қоймай, гербарий құрастыру қажет. Гербарий үшін жақсы дамыған жапырағы, гүлі және жемісі бар, бұзылмаған өсімдікті таңдаған жөн. Жаңбырлы күні немесе таңертеңгісін, шық кеппей тұрмай жинауға болмайды.

Өсімдікті тамырымен қазып алып, оны қағаздың арасына ботаникалық папкаға немесе торға салады, папканы тығыз қылып байлайды, үлкен өсімдікті екіге бүктейді, жапырақ пен гүлді майыспайтындай қылып түзейді. Қылқан жапырақты ағаштардан міндетті түрде жаңғақ қоса алынады. Қылқан жапырақ кепкен кезде, шашылып қалмау үшін қылқанды ыстық құмда кептіреді. Жуан және бұлшықты жапырақ пен бұтаны кептірген қиынырақ. Оны ыстық суға пісіріп немесе спиртке аз уақытқа салып, содан кейін қағаз кулекке салып, оны ыстық құммен көму керек.

Егер өсімдік кепкен болса, ол ұшынан ұстап тұрған бұта тік тұрып, майыспайды. Жапсырмада реттік нөмірі, өсімдік атауы, толық мекенжайы мен өскен ортасы, кім және қашан жиналғаны көрсетіледі. Егер өсімдіктің ғылыми атауы белгісіз болса, уақытша жергілікті атауын қолдануға болады.

Сирек кездесетін және құрып бара жатқан өсімдіктерді жинауға рұқсат етілмейді, сондықтан да жорық немесе экспедиция алдында ҚР Қызыл кітабымен танысып алу керек.

Турист-ботаниктің құрал-жабдығы: өсімдікті кептіру үшін пресс, күрекше, үлкен бақшалық пышақ, тысы бар кішкентай күрекше, өсімдікті сақтау үшін фанералық таяқша, газет қағазы, қойын дәптер, жапсырма үшін дәптер, түрлі-түсті қарындаштар, өсімдікті анықтауыш.

7. Зоологиялық және фенологиялық зерттеулер

Зоология мен энтомологияны сүюшілер саяхат кезінде жануарлар туралы мәліметті және коллекцияны жинай отырып, елдің зоологиялық байлығын зерттеуге көмек тигізбек. Шыбын-шіркей, құстарды және сүтқоректілерді бақылау оңайырақ.

Бақылауларды жүйелі түрде жүргізу керек: мерзімі мен жиналған орны, ауа райы, бақыланатын объектінің атауы, оның орын тепкен жері, объектінің мінез-құлқы. Объектінің міндетті түрде жапсырмасы болуы керек. Оған күнделіктегі уақытты, объектінің жиналған орны, жинаған адамның аты-жөні жазылу керек.

Турист-зоолог пен энтомологтың құрал-жабдығы: жердегі және судағы шыбын-шіркейді аулау үшін әртүрлі ебелектер, морилкалар, эфир, спирт, формалин, қорапшалар, мақта, скальпель,

буланған қайшылар, пинцет, жіптер, инелер, газет қағазы, аузы мықты жабылатын ыдыс-аяқтар.

Фенология – табиғаттың маусымдық даму заңдылықтары туралы ілімдер жиынтығы. Фенологиялық әдістің негізі көпжылдық бақылаулардың қайталануымен анықталады. Өлкетануды сүюшілер визуалды бақылайды. Бақылауларды дара экземплярға емес, популяцияға жүргізген жөн. Бақылауларды жыл мезгілдеріне байланысты, 2-3 күнде бір реттен кем емес жүргізген жөн.

Өсімдіктерді бақылау. Осы аймақта жиі кездесетін өсімдіктерді таңдаған жөн. Көктем мен жазда келесідей құбылыстар бақыланады:

- ағаштардағы сөлдің қозғалысы;
- бүршік атуы;
- бүршіктің жарылуы – жапырақ ұштарының пайда болуы;
- алғашқы жапырақтардың ашылуы;
- гүлденудің басталуы;
- гүлденудің аяқталуы;
- бастапқы тұқымдануы;
- жаппай тұқымдануы;
- жапырақтардың түске боялуы;
- жапырақтардың түсе бастауы;
- жапырақтың толығымен түсінен айырылуы;
- қоңыр күздің аяқталуы.

Жануарларды бақылау. Тозандандырушы, бал тасушы, ауылшаруашылық өсімдіктерге зиян келтіретін шыбын-шіркейді бақылаудың практикалық маңызы зор. Келесі құбылыстарды белгілеген жөн:

- ірі түрлердің (имаго) алғашқы және жаппай пайда болуын;
- жұмыртқа сала бастауын;
- дернәсілдердің пайда болуын;
- дернәсілдің көбелекке айнала бастауын.

Құстарды бақылау үшін арнайы желі таңдалады. Құстардың белсенді кезін таңертеңгі уақытта бақылаған жөн:

– құстардың келу (ұшып өту) уақытын анықтау; жаппай ұшып өту уақытын анықтау;

– құстардың ұшып кету уақытын; құстардың жаппай ұшып кету уақытын белгілеу.

8. Топографиялық түсірілімдер

Топографиялық түсірілімдер өлкетанулық зерттеулерде маңызды рөлге ие, себебі ол жергілікті жердің жоспарын, жорықта топографиялық негіз жоқ болғанның өзінде желілік түсірілімдер жүргізуге болады. Жол үстінде жергілікті жердің элементтерін графикалық көрсету қажет болатын кезі болады.


Түсірілімдер сипатына қарай *аудандық* (полигондар) және *маршруттық (желілік)* болады:

– маршруттық (желілік) түсірілім – жорық немесе экспедицияда топографиялық түсірілімнің негізгі түрі, нәтижесінде қоршаған аймақ пен зерттеу жолының топографиялық сұлбасы құрастырылады. Масштабы 1:50000-нан 1: 200000-ға дейін;

– қызықтыратын орынды нақты түсіру қажет болған кезде, аудандық түсірілім жүргізіледі (масштабы 1:5000 және одан жоғары).

Мектептік өлкетанудың өзі жүргізе алатын, түсірілімнің ең қарапайым түрі көз мөлшері мен *буссоль* түсіру.

Қарапайым көз мөлшерімен түсіруге қажет: компас, транспортир, 25 см кем емес миллиметрлік бөлінісі бар сызғыш, кішкентай үшбұрыш, 18×22 см қатырма қағаз, тор көз дәптер, қаттылығы орташа қарындаш, жұмсақ өшіргіш, сызу қағазы.



1-сурет. Көз мөлшерімен түсіру

Қашықтықты өлшеу әртүрлі әдістермен жүргізіледі:

Қадаммен өлшеу. Қадамдар қосарланып саналады, саналған жүз қос қадамды дәптерде сызықшамен белгілейді. Қос қадамның ұзындығы орташа адамның көзге дейінгі бойына тең (1,5 м). Қадамның өлшемі жергілікті жердің жер бедері мен жүргіншінің жағдайына байланысты әртүрлі болады. Қашықтықты дәл өлшеу үшін қадам ұзындығын бақылау сызығы көмегімен анықтап алған жөн. Қатты жер бетінде қозғалу кезінде қателік 2 % құраса, шөпте, батпақты, жабысқақ немесе сусымалы жерде – 3-5 % құрайды.

Қашықтықты қозғалыстың уақыты және жылдамдығы бойынша өлшеу маршруттық (желілік) түсірілімде қолданылады. Шығыс нүктеде уақыт белгіленіп, бақылау қашықтығын өткеннен кейін қозғалыс жылдамдығы анықталады. Жүргінші жылдамдығының өзгермелі өлшемі қиындық туындатады. Бұл әдістің дәлдігі алдыңғыға қарағанда төменірек, бірақ 1:100000-нан 1:200 000-ға дейін масштабты маршруттық (желілік) түсірімге жарамды.

Қашықтықты көзбен анықтау – жеке объектілердің көрінісі немесе өлшеніп жатқан қашықтықты алдыңғы кесіндімен салыстыру (4-кесте).

4-кесте

Көз көрерлік қашықтықтың белгілері

Көз көрерлік белгілер	Қашықтық, км
Ауылдық типті үйлер көрінеді	5,0
Үй терезелерінің айырмашылығы бар	4,0
Жеке ағаштар, шатырдағы мұржалар көрінеді	3,0
Жеке адамдар көрінеді	2,0
Байланыс бағаналарының сымдары көрінеді	1,5
Ормандағы ағаштардың діңгектерінің айырмашылықтары бар	1,0
Адамның қол мен аяқтарының қозғалысы байқалады	0,7

Заттың бұрыштық шамасына қарай қашықтықты өлшеу көлемі белгілі (биіктігі, ені және ұзындығы) затқа дейінгі қашықтықты анықтауда қолданылады. Зат тұрған бұрышты өлшеуге болады және іздемелі қашықтықты мына формула бойынша алуға болады:

$$P = 1000 * L / U,$$

мұндағы P – затқа дейінгі қашықтық, L – заттың сызықтық өлшемі, U – заттың бұрыштық өлшемі «мыңдық» (көзден 50 см қашықтықтағы мм санын 2-ге көбейтеді).

Өзеннің енін өлшеу. Қашықтықты тікелей өлшеуге мүмкін болмаған жағдайда, геометриялық құрастыру жолы арқылы анықтауға болады.

Көлеңкенің ұзындығы бойынша заттың биіктігін анықтау – заттан көлеңке ұзындығын өлшейді және заттың анықталған биіктігінен көлеңке ұзындығын өлшейді, пропорция құрастырады.

Сызғыш көмегімен анықтау. Заттан 50 м қашықтық алынады. Көзден 50 м қашықтықта тұрған сызғыш бойынша, анықталған нүктеде объект қанша сантиметрге жинақталатыны анықталады. Сызғыш бойынша саналған сантиметр көлемі – заттың метр бойынша биіктігі.

Қолжестерлік заттар биіктігі бау немесе рулетка арқылы анықтауға болады.

Абсолютті биіктікті анықтау арнайы құралдар немесе топографиялық карта арқылы жүзеге асырылады.

Еңістің тіктігін анықтау. Еңістің тіктігі – көлденең жазықтыққа салыстырмалы беткейдің көлбеу бұрышы. Тіктілікті көзбен бағалау қиын: бір еңістің өзі үстінен қарағанда, төменде тік көрінеді.

Еңіс тіктілігі 25° кезінде *нивелирлеу әдісі* (60 қос қадам санына бөлу) қолданылады. Адам аяғының максималды көтерілуі 30° , еңістің тіктілігі кезінде 40° -тан астам еңісте қолдың көмегімен қозғалады.

Азимутты анықтау компас арқылы жүзеге асады (солтүстікке бағытталған сағат тілінің бұрышы бойынша). Егер қажетті бағыттың азимуты карта бойынша анықталса, ал маршрут компас бойынша ұсталынса, онда магнитті иілуді ескеру қажет (ол топографиялық карталарда көрсетіледі). Шығысқа иілу кезінде компас бағыты қажетті қашықтықтан оңға қарай иіледі, ал батысқа иілу кезінде бағыт солға иіледі.

Керткен таңба әдісі маршруттан (желі) тыс жатқан нүктелер қалпын анықтауда қолданылады. Нысан екі нүктеден көрінуі

керек, олардың қалпы топографиялық сұлбада белгілі. Нысанда әртүрлі нүктелердің азимуты анықталады және тік сызықтар жүргізіледі, қиылысу нүктесінде зат орналасады.

Топографиялық сұлбаларда жергілікті жердің нысандары топографиялық шартты белгілермен бейнеленеді, оларды салу үшін арнайы құралдар қажет емес.

Бақылау сұрақтары:

1. Өлкетанушылардың зерттеуі үшін қолжеткізерлік негізгі табиғи компоненттерін атаңыз?
2. Физико-географиялық өлкетанудың зерттеу пәні мен табиғи өлкетанудың деректері.
3. Кешенді физикалық географиялық зерттеулер қандай кезеңдерден тұрады?
4. Геологиялық жыныстарды зерттеу тәсілдері, ол үшін қандай құралдар қажет?
5. Геоморфологиялық зерттеулер тәсілдері, ол үшін қандай құралдар қажет?
6. Туристік жорықтарда қандай құралдар арқылы топографиялық түсірілім жасалады?
7. Метеобақылау жүргізу тәсілдері, ол үшін қандай құралдар қажет?
8. Гидрологиялық зерттеулер тәсілдері, ол үшін қандай құралдар қажет?
9. Жергілікті жердің белгілері мен заттары арқылы ауа райын болжау.
10. Гидрологиялық зерттеулер, олардың туристік-экскурсиялық жұмысы үшін маңыздылығы
11. Ботаникалық және зоологиялық зерттеулерді жүргізу тәсілдері, ол үшін қандай құралдар қажет?
12. Негізгі гидрологиялық көрсеткіштер. Жорық кезінде және стационар жағдайында өзендердің режимін зерттеу.
13. Феннологиялық бақылаулар.
14. Жануарлардың тіршілігін бақылау.
15. Ботаникалық және зоологиялық зерттеулерде қолданылатын әдістер мен құралдар.

№2 лабораториялық жұмыс.

Өзінің жерінің физикалық-географиялық сипаттамасы

Мақсаты: өз жерінің физикалық-географиялық сипаттамасын жасаудың жоспарымен және әдісімен танысу. Ғылыми географиялық әдебиетті, картографиялық деректерін, өзінің бақылауларын пайдалануды үйрену.

Тапсырма: жоспар бойынша өз жерінің (елді мекенінің) табиғатының жаз-

баша сипаттамасын жасау:

1) физикалық-географиялық орналасуы (географиялық координаттары, Қазақстан Республикасындағы орналасуы, абсолюттік биіктігі, рельефтің ірі формаларында орналасуы, т.б.) – Физикалық, әкімшілік-саяси карталары.

2) литогенді негізі (тектоникалық құрылысы, шөгінді жыныстарының жасы мен пайда болуы) – Тектоникалық, геологиялық карталары, төрттік дәуірінің картасы.

3) рельеф (абсолюттік және салыстырмалы биіктіктері, рельефтің макроформасының, морфокұрылымының, морфомүсінінің атауы, экспозициялық орналасуы) – Физикалық, геоморфологиялық карталар.

4) климат (күн радиациясы, маусым бойынша ауа температурасы, атмосфералық қысым, желдер, жылдық жауын-шашын мөлшері мен олардың маусым бойынша бөлінуі, жылы және суық маусымның ұзақтығы, қар жамылғының қалыңдығы мен тұрақтылығы, ылғалдық коэффициенті) – Климаттық карталар.

5) гидрологиялық нышандар (өзендер, каналдар, көлдер, су қоймалары, мұздықтар, жерасты сулары, режимдері, химиялық құрамы, шаруашылық іс-әрекеттерге әсері) – Гидрологиялық карталар.

6) топырақ пен өсімдік жамылғысы (топырақ пен өсімдік түрі, өсімдіктің түр құрамы, агрогіншілік пен жасанды өсімдіктер, т.б.) – Топырақ пен өсімдік картасы, бақылаулар.

7) жануарлар дүниесі (күстар, жәндіктер, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, сүт коректілер).

8) қоршаған ортаның экологиялық жағдайы (өндірістік кәсіпорындар, көлік әсері, қоршаған ортаның антропогенді өзгеруінің деңгейі, т.б.) – бақылаулар.

9) рекреациялық ресурстар мен олардың қолданылуы.

Ұсынылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының ұлттық атласы Т. 1. Табиғат жағдайы мен ресурстары. – Алматы, 2010. – 150 б.

2. Республика Казахстан. Т. 1. Природные условия и ресурсы – Алматы, 2010 – 506 с. Чупахин, В.М. Физическая география Казахстана. – М., 1987.

3. Физическая география Казахстана // Г.М. Джаналиева, Е. Вилесов [и др.]. – Алматы, 1997.

4. Абдуллин, А.А. Геология и минеральные ресурсы Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1994. – 400 с.

5. Мешечко, Е.Н. Географическое краеведение. – Минск, 1986.

6. Краеведение: пособие для учителя // А.В. Даринский [и др.]. – М.: Просвещение, 1987. – 157 с.

7. Любушкина, С.Г. Естествознание. Земледелие и краеведение. – М.: Владос, 2002. – 445 с.

8. Уварова, А.К., Мазбаев, О.Б. Основы топографии и ориентирование на местности: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 68 с.

9. Байшоланов, С.С. Жалпы метеорология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.

№3 лабораториялық жұмыс.

Физикалық-географиялық кескінді құрастырудың әдістемесі.

Мақсаты: физикалық-географиялық кешенді профильді құрастыру әдістемесі және жоспарымен танысу. Әртүрлі тақырыптағы карталарды пайдалануды, табиғат кешендері арасында заңды байланыстарды табуды үйрену.

Тапсырма: Қазақстан территориясы бойынша физикалық-географиялық кешенінің кескінін құрастыру мен анализдеу.

Жұмысты орындау әдісі:

1. Кескін сызығы бойынша гипсометриялық қисығын жасау (физикалық, гипсометриялық карта).

2. Кескін сызығы бойынша тектоникалық құрылысты түсіру: әр жастағы қатпарлы кешендердің шығу аймағын, плиталардағы қатпарлы фундаменттің жату тереңдігін, неотектоникалық шұңқырлар облысы (тектоникалық карталар).

3. Плиталардағы шөгінді жыныстардың жату сызбасын жасау (геологиялық карта).

4. Кескін сызығы бойынша климаттық көрсеткіштерді түсіру: жылдық орташа жауын-шашын мөлшері, қаңтар мен шілденің орташа температурасы (климаттық карта).

5. Кескін сызығы бойынша топырақ пен өсімдік орналасуын түсіру (өсімдік пен топырақ картасы).

6. Табиғат кешендерінің өзара байланысы мен бір-біріне тәуелділігін талдау.

Бақылау сұрақтары:

1. Кескін сызығы бойынша рельеф қалай және қандай себептен өзгереді? Әр жастағы қатпарлы фундаменттеріне, шөгінді жыныстарына, неотектоникалық шұңқырларына рельефтің қандай формалары сай келеді?

2. Кескін сызығы бойынша қандай аудандар ежелгі және жас?

3. Кескін сызығы бойымен қандай климаттық көрсеткіштер қалай өзгереді (солтүстіктен оңтүстікке, рельефке байланысты)?

4. Топырақ пен өсімдік ауданының алмасуы және рельеф арасында байланыс бар ма?

5. Топырақ пен өсімдік алмасуы мен климаттық көрсеткіштер арасында байланыс бар ма?

Ұсынылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының ұлттық атласы Т. 1. Табиғат жағдайы мен ресурстары. – Алматы, 2010. – 150 б.

2. Республика Казахстан. Т. 1. Природные условия и ресурсы. – Алматы, 2010. – 506 с.

№4 лабораториялық жұмыс **Ерекше қорғалатын табиғат территорияларының** **классификациясы (ЕҚТТ)**

Мақсаты: Ерекше қорғалатын табиғат территориялар классификациясымен танысу, олардың Қазақстан территориясы мен өз жері бойынша орналасуын оқу.

Тапсырма:

- 1) «Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғат территориялары (ЕҚТТ)» картасы арқылы ЕҚТТ негізгі түрлерін анықтау.
- 2) ЕҚТТ әр түрінің анықтамасын беру: ұлттық табиғат саябақтары, қорықтар, қорықшалар т.б.
- 3) Өз жерінің ЕҚТТ тізімін жасау.
- 4) Әдебиет деректері арқылы өз жерінің бірнеше ЕҚТТ сипаттама беру (5 кем емес).

Ұсынылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының ұлттық атласы. Т.1. Табиғат жағдайы мен ресурстары. – Алматы, 2010. – 150 б.
2. Республика Казахстан. Т.1. Природные условия и ресурсы – Алматы, 2010 – 506 с.
3. Физическая география Республики Казахстан: учебное пособие / К.М. Джаналиева [и др.]. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 266 с.
4. Карта «Особо охраняемые природные территории своей местности». – Алматы: ИГ АН РК, 2005.
5. Мазбаев, О.Б. Туризм және өлкетану негіздері: оқу құралы / О.Б. Мазбаев, Б.Н. Атейбеков, Б.К. Асубаев. – Алматы, 2006. – 100 б.
6. Краеведение: пособие для учителя // А. В. Даринский [и др.]. – М., 1987.
7. Вуколов, В. Н. Основы туристско-краеведческой работы. – Алматы, 2005.
8. Мешечко Е.Н. Краеведение: учеб. метод. пособие для студ. геогр. фак. / Е.Н. Мешечко. – Брест: БрГУ, 2010. – 353 с.
9. Формозов, А.Н. Животный мир Казахстана. – М.: Наука, 1987. – 159 с.
10. Красная книга Казахстана. Т.1. Животные. Ч.1. Позвоночные. – Алматы, 1996. – 327 с.
11. Красная книга Казахстана. Т. 1. Животные. Ч. 2. Безпозвоночные. – Алматы, 1996. – 336 с.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Тау жыныстардың бұзылуынан пайда болған шөгінді тау жыныстарға жатады:

- 1) мәрмәр, әктас
- 2) гранит, базальт
- 3) батпақ, құм
- 4) мұнай, тас көмір
- 5) бокситтер, тұздар

2. Тау жыныстарының жасын, шығу тегі мен құрамын зерттейтін ғылым қалай аталады?

- 1) геология
- 2) геоморфология
- 3) геодезия
- 4) география
- 5) тектоника

3. Жер беті бедерінің формасын зерттейтін ғылым қалай аталады?

- 1) геология
- 2) геодезия
- 3) геоморфология
- 4) география
- 5) тектоника

4. Көзбен топографиялық түсірілім үшін қандай құрал-жабдық қажет?

- 1) нивелир
- 2) теодолит
- 3) астролябия
- 4) компас
- 5) психрометр

5. Картада құрлықтың жер бедері қандай изосызықтардың көмегімен белгіленеді?

- 1) изобарлар
- 2) изотермалар
- 3) изогипстер
- 4) изогиегалар
- 5) изобаттар

6. Жан-жағы беткейлермен шектелген сызықтық созылған жер бедерінің ірі оң формасы қалай аталады?

- 1) төбе
- 2) қырка

- 3) асу
- 4) суайырық
- 5) тау жотасы

7. Бархандар (шағылдар) жер бедерінің қандай типіне жатады?

- 1) гляциалды
- 2) флювиалды
- 3) эолды
- 4) гравитациялық
- 5) антропогендік

8. Бұлттылық қандай шартты белгімен өлшенеді?

- 1) промилльмен
- 2) мм
- 3) градуспен
- 4) км²-да
- 5) балмен

9. Өзен ағысының иілімі қалай аталады?

- 1) өзен иірімі
- 2) қайраң
- 3) меандр
- 4) ескі арна
- 5) су тасуы

10. Өзеннің бастауы мен сағасы арасындағы айырмашылық қалай аталады?

- 1) иректілік
- 2) меандр
- 3) еңістік
- 4) жайылма
- 5) өзеннің құламасы

11. Өзен ағып өтетін аңғардың төменгі бөлігі қалай аталады?

- 1) жайылма
- 2) арна
- 3) бастау
- 4) саға
- 5) саба

12. Қандай құрал-жабдықтың көмегімен жел жылдамдығын анықтауға болады?

- 1) термометр
- 2) анемометр

- 3) альтиметр
- 4) барометр
- 5) психрометр

13. Зерттеу аумағында өмір сүретін жануарлардың барлық түрінің жиынтығы қалай аталады?

- 1) флора
- 2) фауна
- 3) зообак
- 4) биоценоз
- 5) экожүйе

14. Фенология нені зерттейді?

- 1) тірі табиғаттың маусымдық дамуын
- 2) аспан шырақтарын
- 3) судың грунттық көздерін
- 4) табиғаттың сирек кездесетін құбылыстарын
- 5) аймақтың сирек жануарларын

15. Өткен геологиялық кезеңнен сақталып қалған жануарлар немесе өсімдіктер қалай аталады?

- 1) ксерофиттер
- 2) гидрофиттер
- 3) фитоценоздар
- 4) реликтер
- 5) эндемиктер

16. Ерекше ландшафтарды қорғаумен қатар, рекреациялық мақсатта қолданатын масштабы ірі ЕҚТТ қалай аталады?

- 1) табиғат ескерткіштері
- 2) қорық
- 3) қорықша
- 4) ұлттық табиғи бақтар
- 5) резерват

17. Эфемероидтар тобына жатады...

- 1) сексеуіл, түйе тікен
- 2) қоңырбас, қызғалдақ
- 3) бүйірген, сарсазан
- 4) бетеге, типшак
- 5) қайың, көктерек

18. Аталған ЕҚТТ қайсылары ҚР Мемлекеттік Ұлттық табиғи бақтары болып табылады?

- 1) Марқакөл, Үстірт
- 2) Наурызым, Қорғалжын
- 3) Алтын Емел, Іле Алатау
- 4) Лепсі, Тоқты
- 5) «Жыл құстарының келуі» бағы, Шарын шетенді шағын орман.

19. Таулы-шаңғы туризм мен альпинизм дамуына қолайлы табиғи жағдайлар Қазақстанның қай аймағында?

- 1) Батыс және Орталық
- 2) Солтүстік және Шығыс
- 3) Оңтүстік және Батыс
- 4) Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс
- 5) Шығыс және Оңтүстік Шығыс.

4-тақырып

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ

1. Экономикалық өлкетанудың мәні, маңызы, деректері.
2. Өлкенің жергілікті халқын зерттеудің: экономикалық, демографиялық және әлеуметтік аспектілері.
3. Шаруашылықтың құрамы және оның жіктелуі. Кәсіпорындар, елді мекендер және аудандар өлкетанулық зерттеудің нысаны ретінде.
4. Рекреациялық ресурстар және рекреациялық қызметті ұйымдастыру үшін оларды қолдану.

1. Экономикалық өлкетанудың мәні, маңызы, дереккөздері

Өлке экономикасы өлкетану объектісі ретінде аймақ тұрғындарының шаруашылық қызметінің барлық түрлерін қамтиды. Өлке экономикасы барлық салалардың жиынтығы болып табылады: өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік, байланыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сауда және қоғамдық тамақтану, денсаулық сақтау және білім беру, мәдени-ағарту мекемелері мен өнер және т.б. Өз кезегінде аталған салалардың әрқайсысы бірнеше бөліктен құрылады.

Туристер өзінің саяхаттап жүрген ауданының экономикалық географиясына басты көңіл аударады. Олар жергілікті тұрғындардың және мекемелердің ауданның табиғи жағдайлары мен ресурстарын қолдануы туралы білуге, шаруашылықтың түрін анықтауға, елді мекендермен, олардың тарихы және мәдениетімен, халқының тұрмысымен танысуға тырысады. Бұл барлық ақпарат аумақтың ресурстық потенциалын дұрыс бағалау, сонымен қатар туристік-рекреациялық қызметті ұйымдастыру мен жоспарлау үшін қажет.

Өлкетануда экономикалық бағыт қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық өмір мәселелерін қарастырады. Өлкетанудың экономикалық зерттеулеріндегі зерттеу нысандары:

- өлкенің қазіргі халқы;
- өлке шаруашылығының жалпы және оның жеке салаларының экономикалық жағдайы;
- өлкенің шаруашылығы және мәдени өмірі шоғырланған, халық өмір сүретін елді мекендер;
- аймақтың экономикасын құрайтын жеке кәсіпорындар мен мекемелер (фабрика мен зауыттар, шахталар, порттар, теміржол станциялары, ғылыми мекемелер, білім беру мекемелері, мәдени мекемелер, денсаулық орталықтары және т.б.).

Шаруашылық және жергілікті халық туралы мәліметтердің негізгі деректері болып статистикалық жинақтар, жергілікті халықтан сауалнама алу табылады.

Фактілерді жинаудың негізгі тараған тәсілі – сауалнама, алдын ала дайындалған сұрақтарды қою арқылы индивидтердің көзқарасын зерттеу. Сауалнаманың екі түрі бар: ауызша сауал (сұхбат алу) және жазбаша сауал (сауалнама).

2. Өлкенің жергілікті халқын зерттеу

Жергілікті халық бұл белгілі бір аумақта тұратын адамдардың жиынтығы. Толық ақпаратты кезенді өткізіліп тұратын халық санағы негізінде алады.

Жергілікті халықты зерттеудің демографиялық аспектілеріне жатады: тұрғындардың саны, жыныстық және жастық құрамы, табиғи өсім, миграциялар, этникалық құрамы және т.б.

Экономикалық аспектілерге жатады: қалалық және ауылдық халықтың қатынасы, еңбекке жарамды халық және еңбек ресурстарының болуы, экономиканың қандай салаларына қамтылған, халықтың еңбек дағдылары, оның білім деңгейі, халықтың орналасуы және т.б.

Әлеуметтік аспектілерге жатады: әлеуметтік құрамы, этникалық құрамы, халықтардың дәстүрі және мәдениеті.

Этнография – бұл халықтардың пайда болуы мен этникалық тарихын, олардың мәдениеті мен тұрмыс ерекшеліктерін әлемдік өркениеттің құрылымдық бөлімі ретінде құрылуын зерттейтін тарихи ғылым.

Демография – қоғамдық тарихи жағдайда халықтың ұдайы өсу заңдылықтары туралы ғылым.

Әлеуметтану – қоғамның біртұтас жүйе түрінде дамуы мен қызмет етуінің заңдылықтары мен қозғаушы күштері және жеке әлеуметтік жүйелер, институттар және қоғамдық топтар туралы ғылым.

Елді мекендер – жергілікті халықтың үнемі немесе мезгілдік тұратын жері. Барлық елді мекендердің өз атауы бар және әкімшілік дәрежесімен, жергілікті халықтың санымен, кеңістік формасымен, тұтастығымен, қоныстану тарихымен және т.б. сипатталады. Кез келген елді мекеннің, өте үлкен қала немесе шағын ауылдың пайда болу және даму тарихында, экономикалық және географиялық орналасуы мен табиғи жағдайларында, жоспарлауында, сәулет өзгешелігінде, құрылысында және басқа да сипаттамалары бойынша өзіндік ерекшелігі болады.

3. Шаруашылықтың құрамы және оның жіктелуі

Әр аймақтың шаруашылығы материалдық өндіру саласы және өндірістік емес саладан тұрады. Материалдық өндірістің негізгі салалары – өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік, құрылыс, сауда, қоғамдық тамақтандыру. Өндірістік емес сала – үй-коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету, денсаулық сақтау, ғылым, білім беру, өнер, спорт және туризм.

Өлкетанушы материалдық өндіру саласы және өндірістік емес сала шаруашылықтың қанша үлесін алатынын анықтап алуы қажет. Шаруашылық – бұл өндіріс пен экономикалық байланыстардың күрделі кешені.

Кәсіпорын – аймақтағы біртұтас шағын экономикалық-географиялық объект, белгілі бір өнімді өндіретін және өткізетін қоғамдық еңбек бөлінісінің алғашқы буыны. Мына қасиеттерге ие: а) салыстырмалы экономикалық дербестілік; ә) өнімді өндірудің технологиялық аяқталуы; б) бұл салаға тән ресурстарға қажеттілік; в) әлеуметтік және экологиялық сипаттама.

Кәсіпорындардың көпшілігі – нүктелік объектілер болып табылады (өндіріс, сауда, құрылыс), бірақ сызықты-тораптық,

сызықтық-желілік (көлік) және аудандық (ауылшаруашылық) объектілер де бар. Материалды өндірістің бірліктерін кәсіпорын деп атайды.

Өндірістік емес саланың белгілі бір бірліктері үшін *мекеме* термині қолданылады.

Жергілікті халық пен кәсіпорындардың сипаттамасының жоспары «Сарамандық жұмыстарды орындау әдістемесі» атты бөлімде берілген.

4. Рекреациялық ресурстар

Рекреациялық ресурстар – бұл рекреация үдерісінде адам қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын табиғи-климаттық, әлеуметтік-мәдени, тарихи, архитектуралық және археологиялық, ғылыми және өндірістік, көріністік, діни және басқа да нысандар немесе құбылыстар.

Туризмнің дамуы үшін аумақтардың жарамдылығы мен құндылығын анықтаудың мақсаты болып туристік-рекреациялық ресурстарды зерттеу табылады. Олар туристік-экскурсиялық қызметте жарамды және емдік, сауықтыру-спорттық және танымдық туризмде қажеттіліктерді қанағаттандыратын, табиғи және қоршаған ортада адам қолымен жасалған нысандар мен құбылыстар жиынтығы.

Туристік-рекреациялық ресурстар – тарихи ұғым, өйткені ғасырлар бойы ресурстардың кейбір түрлерінің рөлі және олардың құрылымы, туристік қажеттіліктердің көлемі өзгеріп отырды. Бұл табиғи және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жаңа элементтердің айналымға түсуіне әкеп соғады.

Туризмнің әрбір түрінің ресурстары ерекше сипатта болады:

– *Санаторлық-шипажайлық демалыс* үшін минералды сулар мен емдік балшықтардың әртүрлі түрлері қолданылады; емдік әсер беретін ауа райы мен климат; өзіндік микроклимат тән үңгірлер мен тұздар (спелеотерапия) қолданылады.

– *Сауықтыру демалыс* қолайлы және жайлы климаттық мезгілдерде, сулар, өсімдіктер, жер бедері мен ландшафтың емдік

әсер беретін тағы басқа элементтері мен қасиеттері негізінде дамиды.

– Спорттық туризм және категориялық саяхаттар үшін аймақтың өткіштік және кедергілердің болуы (табалдырықтар, өткелдер, асулар), халықтың аз қоныстануы және ауданның алшақтығы сияқты қасиеттері маңызды.

– *Экскурсиялық туризмнің* нысаны ретінде мәдени-тарихи және табиғи көрнекі жерлер, ерекше шаруашылық нысандары, фольклорлық мейрамдар және халықтық мәдениеттің элементтері (ұлттық ойындар, көркем өнері) табылады.

Туристік-рекреациялық ресурстардың маңызды сипаттамалары болып табылады:

1) *қорлар көлемі* (минералды сулар дебиті; бағалы рекреациялық аумақтар көлемі; туристік орталықтардың экскурсиялық әлеуеті), ТРС-тің әлеуеттік сыйымдылығын анықтау, игерілу деңгейін анықтау, салмақты оптимизациялау үшін қажет.

2) *ресурстардың таралу ауданы* (сулы көкжиектердің, жағажайлардың көлемі; орманды, аумақтың сулылығы; тұрақты қар жамылғысының шекаралары) әлеуеттік рекреациялық жерлерді анықтау мен санитарлық қорғау аймақтарын анықтауға қажет;

3) *эксплуатация жүргізуге мүмкін кезең* (қолайлы климаттық кезеңнің, шомылудың ұзақтығы, тұрақты қар жамылғысының жатуы) туризмнің мезгілдігі мен туристік ағымдардың ырғақтығын анықтайды;

4) көптеген ресурстардың *аумақтық қозғалмаулығы* рекреациялық инфрақұрылым мен туристік ағымдардың олардың шоғырланған жерлеріне тартылуына әсер етеді;

5) салыстырмалы *төмен капиталсыйымдылығы мен эксплуатациялық шығындардың төмен бағасы*, инфрақұрылымды жедел құруға, әлеуметтік және экономикалық нәтиже алуға, сонымен қатар ресурстардың жекелеген түрлерін өз бетінше қолдануға жағдай жасайды;

6) табиғатты рационалды қолдану нормаларын сақтау және қажетті рекультивация мен сәулеттендіру шараларын жүргізу арқасында *көп рет қолдану мүмкіндігі*.

Қазіргі уақытта демалыс пен туризм ресурстары **тікелей және жанама** деп те жіктеледі:.

Рекреациялық ресурстар – ұлттық мұра. Олардың ерекше маңызға ие бір бөлігі әлемдік деңгейдегі ескерткіштер қатарына жатқызылады. Бұл тізімді жыл сайын ЮНЕСКО анықтап, жаңартып отырады.

Өлкетанулық жұмыс барысында рекреациялық ресурстар мен кейбір нысандардың техникалық және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер мен оларға түскен салмақ пен келушілер саны, оларды қолданудан түсетін пайда және оларды сақтау мен реконструкциялау бойынша қажетті шаралар туралы мағлұматтар жиналуы мүмкін.

Рекреациялық нысандар оларға келуді шектейтін ерекше қорғау режимінде болуы мүмкін, мысалы, ерекше қорғалатын аумақтар (ЕҚТА).

Бақылау сұрақтары:

1. Өз өлкесінің халқы мен экономикасы жайлы дереккөздері?
2. Статистикалық мәліметтерді пайдалану және анализ жасау методикасының ерекшеліктері неде?
3. Әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстарының құрылымы қандай?
4. Өз өлкесінің халқын сипаттау қандай жоспар бойынша беріледі?
5. Өз өлкесінің шаруашылығын сипаттау қандай жоспар бойынша беріледі?
6. Өз өлкесінің шаруашылық нысандарын сипаттау қандай жоспар бойынша беріледі?
7. Өндіріс орындары мен елді мекендер өлкетанулық зерттеудің нысандары ретінде. Өндіріс орындары мен елді мекендердің классификациясы.
8. Елді мекенді сипаттау қандай жоспар бойынша беріледі?
9. Рекреациялық ресурстар. Негізгі рекреациялық ресурстардың сипаттамасы мен классификациясы.

№5 лабораториялық жұмыс. Өзінің жерінің өндірістік немесе ауылшаруашылық кәсіпорының сипаттамасы.

Өз жерінің халқының сипаттамасы

Мақсаты: туған өлкенің қоныстандыру тарихын, халқының жыныс, жас, этникалық, әлеуметтік құрылымға әсер еткен негізгі тарихи оқиғаларын оқу.

Тапсырма: өз өлкесінің халқына немесе бір кәсіпорнына жазбаша сипаттама жасау.

Халықты сипаттау жоспары:

1. Территорияны қоныстандыру тарихы, негізгі кезеңдері.

2. Демографиялық сипаттама (туу, өлім көрсеткіштері, табиғи өсу, миграция).
3. Этнографиялық аспект (ұлттық құрамы, территорияны қоныстандыру тарихымен байланысы, мекен ететін этностардың дәстүрлері мен мәдениеті).
4. Халықтың әлеуметтік құрылымы (шаруашылықтың әр саласындағы жұмыспен қамтылуы, еңбек ресурстары, әлеуметтік құрылымы).
5. Елді мекенде тұрған, құрметіне көшелер аталған тұлғалар туралы мәлімет.

Елді мекенді сипаттау жоспары:

1. Елді мекеннің атауы. Неге олай аталады?
2. Елді мекеннің тарихы. Қай кезде пайда болды?
3. Халық саны. Демографиялық сипаттамасы. Табиғи және механикалық қозғалысының нәтижесінде қалай өзгереді?
4. Ұлттық құрамының қоныстану тарихы мен байланысы.
5. Халықтың әлеуметтік құрамы, жұмыспен қамтылуы.
6. Өз елді мекеннің басқа қалалармен көлік түрлерімен байланысады.
7. Елді мекенде тұрған аса көрнекті қайраткерлер туралы мәлімет.

Кәсіпорынды сипаттау жоспары:

1. Аты, меншік түрі, құрылу жылы, даму тарихы, қазіргі жағдайы.
2. Өндіріс орнының экономика-географиялық орналасуы; табиғи ресурстарға, көлік тораптарына, басқа елді мекендерге жақындығы.
3. Өндіріс орнының ұйымдық құрылымы мен бағынуы.
4. Өндірістік циклі (шикізат, технологиялық құбылыстар, құрал-жабдықтар, өнімдері).
5. Экономикалық қатынастар (шикізатты қабылдау, кооперация, өнімін сату және т.б.)
6. Штат, қызметкерлердің жұмыс міндеттері.
7. Кәсіпорынның сыртқы және ішкі беделі (имиджі).

Ұсынылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты [электронды ресурс] URL: http://akorda7.kz/ru/republic_of_Kazakhstan/kazakhstan
2. Қазақ ұлттық энциклопедия [электронды ресурс] URL://ru.wikipedia.org/wiki
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық атласы. Т.2. Әлеуметтік-экономикалық дамуы. – Алматы, 2010. – 162 б.
4. Қалалар мен облыстардың энциклопедиясы.
5. Статистика комитеті [электронды ресурс] URL: <http://www.stat.gov.kz/faces/houmPage>
6. Ағымдағы басылымдар.

Тест тапсырмалары

1. Ақмола облысы жататын экономикалық аудан:
 - 1) Солтүстік
 - 2) Орталық
 - 3) Батыс
 - 4) Шығыс
 - 5) Оңтүстік

2. Өндірістік салаға жатады:
 - 1) ғылым
 - 2) ауылшаруашылығы
 - 3) қызмет көрсету саласы
 - 4) денсаулық сақтау
 - 5) туризм

3. Демографиялық зерттеулердің пәні?
 - 1) халықтың саны, жастық, жыныстық құрамы, табиғи өсімі, өлімі және миграциясы;
 - 2) аумақта тұратын халықтың ұлттық құрамы, мәдениеті мен салт-дәстүрі
 - 3) қоғамның қызметі мен даму заңдылықтары
 - 4) қоғамдық және саяси қозғалыс
 - 5) шаруашылық салаларының құрылысы мен сипаттамасы

4. Аймақтың белгілі бір өнім өндірісіне мамандандудың негізгі көрсеткіші болып не табылады?
 - 1) өнімді аймақтан тыс шығару
 - 2) өндіріс көлемі
 - 3) жалпы өнім
 - 4) халықтың табысы
 - 5) өнімнің импорты

5. Қазақстанның шипажайлық орталықтары (дұрыс емесін алып тастаңыз):
 - 1) Атбасар
 - 2) Сарыағаш
 - 3) Жаңақорған;
 - 4) Бурабай
 - 5) Алма-Арасан

6. Қазақстан аумағында өмір сүретін қандай халықтың тілдері қазақ тілі сияқты түрік тілдер тобына жатады?
 - 1) өзбек, ұйғыр, украин, шешен, татар
 - 2) қарақалпақ, қырғыз, әзірбайжан, грузин, армян

- 3) ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз, татар, өзбек
- 4) қарашай, балқар, осетин, ингуш, шешен
- 5) қарақалпақ, өзбек, тәжік, дағыстан

7. Ат үстіндегі серкеш үшін талас қазақтың ұлттық ойыны қалай аталады?

- 1) беташар
- 2) қазақша күрес
- 3) бәйге
- 4) қыз қуу
- 5) көкпар тарту

8. Қазақстанның ежелгі қалалары:

- 1) Ақтау, Атырау, Ақтөбе
- 2) Тараз, Шымкент, Түркістан
- 3) Қарағанды Теміртау, Балхаш
- 4) Жаңатас, Рудный, Екібастұз
- 5) Арқалық, Текелі, Кентау

9. Қызылорда қаласының алғашқы атауы?

- 1) Ақмешіт, Перовск
- 2) Яссы, Түркістан
- 3) Ақмола, Ақмешіт
- 4) Сайрам, Перовск
- 5) Сығанақ, Ақмешіт

10. Қоғамдық-тарихи жағдайда халықтың өсу заңдылықтарын қай ғылым зерттейді?

- 1) этнография
- 2) демография
- 3) әлеуметтану
- 4) қоғамтану
- 5) археология

5-тақырып

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1. Тарихи өлкетанудың пәні. Тарихи-мәдени ескерткіштердің түрі.
2. Тарихи өлкетанудың негізгі бағыттары: жалпы тарихи, әскери тарихи, археологиялық, этнографиялық.

1. Тарихи өлкетанудың пәні.

Тарихи және мәдени ескерткіштер түрлері.

Тарихи өлкетану деп тарихи және мәдени ескерткіштерді зерттейтін саланы айтамыз. Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың негізгі бөлігі ретінде қолданбалы тарихтың саласы болып табылады және екі маңызды белгілерімен ерекшеленеді: тарихи және мәдени ескерткіштер түрінде жинақталып зерттелген тарихи оқиғалардың локалдылығымен және белсенді түрімен.

Өлкенің тарихы өте күрделі объект, ол тарихи-өлкетану материалдарының мазмұнының ерекше сыйымдылығымен, хронологиялық шеңберімен ерекшеленеді. Нақты зерттеу объектісі ретінде тұтас алғанда аймақтың тарихы немесе оның тарихының әртүрлі кезеңдері, сондай-ақ жеке нүктелер, көшелер, фабрикалар, зауыттар, әртүрлі құрылымдар, ғимараттар, есте қаларлық орындар болуы мүмкін. Өлкетану үлкен хронологиялық шеңберлер мен тарихи кезеңдерді қамтуы мүмкін немесе, керісінше өлкетанудың белгілі бір кезеңіндегі оқиғалармен, тарихи оқиғаларға қатысатын адамдардың өмірі мен қызметімен шектелуі мүмкін.

Тарихи-өлкетану материалы хронологиялық тұрғыдан үлкен болғандықтан, адам қоғамы мен оның даму тарихы да, мазмұны жағынан да әртүрлі болғандықтан, тарихи-өлкетануда бірқатар тәуелсіз бағыттарды тар шеңбердегі өлкетану фактілерінің тақы-

рыптық және хронологиялық негізіне қарай бөлу әдеттегі болып табылады. Ол:

- кеңеске дейінгі кезеңдегі аймақтағы тарихи оқиғалар (феодализм және капитализм дәуірі);
- аймақтың революциялық тарихы;
- тарихтың әртүрлі кезеңдерінде тәуелсіздік үшін, Отан қорғаумен байланысты аймақта болған әскери оқиғалар;
- кеңестік кезең (1917 жылғы қазаннан 1991 жылғы желтоқсан);
- посткеңестік кезең (1991 жылғы желтоқсаннан қазіргі уақытқа дейін);
- аймақты археологиялық зерттеу.

Өлкетану нысандары – бұл өлкенің өміріндегі, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы тарихи оқиғалар, тарих пен мәдениеттің ескерткіштері, ғылыми, көркем немесе басқа мәдени құндылықты білдіретін материалдық және рухани шығармалар. Тарихи және мәдени ескерткіштерге жатады:

1) *тарих ескерткіштері* – маңызды тарихи оқиғалармен, қоғам және мемлекет дамуымен, ғылым және техника дамуымен, халық тұрмысымен, атақты саяси, мемлекеттік, әскери, халық батырлары, ғылым, әдебиет және мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты сарайлар, ескерткіш орындар мен бұйымдар.

2) *мәдениет ескерткіштері* – монументалды, сурет, сәндік-қолданбалы және басқа да өнер түрлерінің шығармалары.

3) *архитектура және қала тұрғызу ескерткіштері* – азаматтық, өнеркәсіптік, әскери, діни архитектура ғимараттары; архитектуралық ансамбльдер мен кешендер, тарихи орталықтар, кварталдар, алаңдар, көшелер, ежелгі жоспарланған және тұрғызылған елді мекеннің қалдықтары;

4) *археология ескерткіштері* – қалалар, қорғандар, ежелгі қоныстың, өнеркәсіптің, каналдардың, жолдардың, ежелгі жерленген жерлердің, тасқа қашалған суреттердің қалдықтары, ескі бұйымдар;

5) *деректі ескерткіштер* – қолжазбалар, кітаптар, периодтық баспа, халық эпостары, фольклор.

Өлкетанушылардың негізгі міндеті – осындай ескерткіштерді тауып, мемлекет қорғайтын тізімге енгізу. Ескерткіштер туралы

алдын ала мәліметтер елді мекеннің халқынан сұрастыру арқылы немесе жазбаша деректер анықтамалары арқылы жиналады.

2. Тарихи өлкетанудың негізгі бағыттары

Кез келген тарихи өлкетануды бастамас бұрын, алдын ала таңдалған тақырып бойынша жалпы және жергілікті жердің әдебиеттерін тиянақты оқып білу қажет. Алдыңғы зерттеушілер қандай құжаттар қолданғаны және жұмыс үшін қайсысын қайта қолдану керектігін анықтау қажет.

Мемлекеттік, саяси, ғылыми, шаруашылық маңызы бар деректі мәліметтердің жиынтығы **мұрағаттық қор** деп аталады. Бірегей мемлекеттік мұрағаттық қор мәліметтері әрбір мұрағаттық мекемеде жиналған. 1922 ж. қаңтар айында Қазақстанның Орталық мемлекеттік мұрағаты (ОММ) ұйымдастырылды, облыстық мемлекеттік мұрағаттар да бар.

Ең алдымен, қай мұрағатқа жолығатынын анықтап алу қажет. Ізденіс кезінде негізгі мазмұнын ашатын сақтау бірліктерінің атаулары болып табылады. Өте маңызды құжаттар қосымша қысқаша анықтама – аннотациямен беріледі. Мұрағатта тізімдемемен қатар, тақырыптық анықтамалық әдістемелер – карточкалы каталогтар бар, онда белгілі бір қорлар бойынша құжаттар туралы мәліметтер бар.

Мұрағатта жұмыс істеуге рұқсатты мекеме немесе ұйымның жұмыстың тақырыбы мен мақсаты, жоспар-проектісі қосымша ретінде берілген хат негізінде оның директоры береді. Рұқсат белгілі бір мерзімге беріледі, мерзімі біткен кезде жаңа рұқсат рәсімделеді.

Зерттеу жұмысының аяғында «қолдану парағын» толтыру қажет – аты-жөні, уақыты, үзінділер жасалған парақ нөмірі. Жұмыс кезінде үзінділер мен түрткілер мұрағатта сақталады және зерттеушінің қолына жұмыс аяқталғаннан соң беріледі. Мәліметтерді баспада қолдану үшін авторлар құжаттарға сілтеме жасап, мұрағатқа жарық көрген жұмыстың бір экземплярын өткізу керек.

Архитектура ескерткіштері деп материалды өнеркәсіп, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, сол дәуірдің эстетикалық көзқарасы дамуын бейнелейтін сәнді безендірілген және құрылыс өнерінің туындыларын айтамыз.

Архитектура ескерткіштері туралы ақпарат жинаған кезде архитекторлардың биографиялық мәліметтеріне ерекше көңіл аудару керек.

Өлкетанушы-туристер мемлекет қорғайтын тарихи және архитектура ескерткіштерді зерттеуге және қорғауға қатыса алады. Әкімшілік мәдениет бөлімдері мен басқармалары өз аумағында орналасқан әрбір тарихи немесе архитектуралық ескерткішіне төлқұжат жасау керек. Ескерткішті шаруашылықта қолданса, пайдаланушыларға қорғау міндеттемелері жүктеледі және оның орындалуын қатаң қадағалайды. Бұрын мемлекет архитектуралық ескерткіштерді реставрациялауға қаражат бөлетін (Казпроектреставрация), қазіргі таңда реставрация жұмыстарының көлемі қысқартылып, жергілікті жердің бюджетіне жатты.

Тарихи және архитектуралық ескерткіштерді іздеумен айналысамын деген туристік топтар кеңес пен міндеттемелерді алу үшін (мысалы, атақты ғалымдардың, саясаткерлердің, суретшілердің, әншілердің және т.б. өмір сүрген жерлерін тауып, бағалап, есепке алу үшін) жергілікті ескерткіш қорғау бөлімшелеріне немесе әкімшіліктеріндегі мәдениет бөлімдеріне жолығулары қажет.

Архитектуралық ескерткіштердің алғашқы құжаттары келесідей талаптарға жауап беру қажет:

– фотоға түсіру және суретке салу. Фотоға түсіру кәдімгі пленкаға түсіріледі, түсірілген фото глянциі қағазға көлемі 18*24 см шығарылады. Суреттің артқы жағында жазба жасалады. Негативтер конвертке жиналады. Шығарылған фотодағы жазба қайталанатын: ғимараттың атауы, мекен-жайы, республика, облыс, аудан, қала немесе елді мекен, нөмір, кім және қашан суретке түсірді. Суреттер стандартты қалың қағазды альбом бетіне салынады;

– өлшенген сызбалар. Бас жоспарлар 1:2000 масштабта жасалады, ғимараттар мен құрылыстар жоспары – 1:200. Өлшеу бұрыштан есептеледі. Жоспар сызбада бас фасад төмен қараған күйде, ірі кешендер жоспарда жергілікті жерге бағытталып (сол-

түстік – жоғарыда) жасалады. Сызбада парақтың жоғарғы жағына ескерткіш атауы, оның мекенжайы, төменгі оң жағында өлшеу жүргізген адамның аты-жөні уақыты жазылады;

– ескерткішті орналастыру картасы негізгі картада құрастырылады. Арнайы шартты белгілер көмегімен (оларды жергілікті мәдениет және ескерткішті қорғау органдарынан алуға болады). XI ғасырға дейін жасалған ескерткіш күлгін түсті, XI–XVII ғ. – көк, XIX–XX ғ. – қызғылт сары, революциядан кейінгі кезең қызыл бояумен боялады;

– арнайы есептік құжаттар – төлқұжат және төлқұжаттан қысқаша мәліметі бар есептік карточка:

- 1) ескерткіш атауы;
- 2) типологиялық қатыстылық (археология, тарих, архитектура);
- 3) ескерткіш уақыты;
- 4) қазіргі уақытта қолдану сипаты (салынған кез бен қазіргі уақытта);
- 5) техникалық жағдайы: жақсы, орташа, нашар, авариялық;
- 6) қорғау категориясы: мемлекеттік, республикалық, облыстық, жергілікті, қорғалмайды;
- 7) құжаттардың, басылымдардың бар-жоқтығы;
- 8) қысқаша сипаты.

Қазіргі кезеңдегі архитектураның міндеті – қазіргі уақытта жеке ғимараттардың құрылысы ғана емес, негізінен, бүкіл ансамбльдер, көлік жолдары, тротуарлар, бақшалар, парктер, ойын алаңдарын құру болып табылады. Мұның бәрі ландшафтық архитектураның міндеттері болып табылады, әр үй үлкен және кейде күрделі қалалық ландшафтың құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге қаланың тарихи қалыптасқан ансамбліне кедергі жасамау, тарихи ескерткіштер мен естелік орындарды жоймау, қалалық өсімдіктерді сақтап қалу жағдайлары қалады. Жаңа тарихи қалыптасқанға сай болуы керек.

Тарихи өлкетанудың тағы бір маңызды бөлімі **археологиялық өлкетану** болып табылады. Археология – заттық ескерткіштер: еңбек құралдары, үйлер, мекен еткен жерлер, жерленген орындар бойынша адамзат қоғамының тарихи өткенін зерттейтін ғылым. Ежелгі адамзат өмірінің жердегі ескерткіштер аз сақталады және

археологиялық табудың негізгі жолы қазба жұмыстары болып табылады. Қазба жұмыстарын қайталауға болмайды, сондықтан оларға қатаң ғылыми тәсіл, абайлылық, сабырлық керек және оларды жүргізу үшін мамандарға арнайы құжат – «**ашық парак**» уәкілетті мемлекеттік органдар қазба жұмыстарына рұқсат беретін құжат қажет. Барлық археологиялық ескерткіштер мемлекетпен қорғалады. Археологиялық ескерткіштер аумағында ашық параксыз қазба жұмыстарын жүргізу қылмыс болып саналады.

Туристер өздерінің бақылаулары мен ізденістері арқылы археологияға пайдалы іс келтіре алады. Туған өлкедегі туристік жорықтар археологиялық бақылаулар үшін бай мүмкіндіктер ашады. Олардың сәтті болуына қажет:

- ізденісті дұрыс ұйымдастыру;
- табысты дұрыстап өлшеу және сипаттау;
- жергілікті тұрғындардан ескерткіш туралы мәліметтерді және ол туралы аңыздарды жинау.

Іздеу жергілікті өлкетану мұражайынан кеңес алудан және өлке мен жорық ауданының тарихымен, археологиялық бақылаулар техникасымен танысудан басталады.

Ежелгі қоныстар, адам өмірінің іздері өзен және көл жағалауларында, жыра беткейлерінде, карьерлер мен қазаншұңқырларда да жиі кездеседі. Құмды дюналар мен құмды қайрандарға жиі көңіл аудару қажет. Адам өмір сүрген жерлерде еңбек құралдары, ыдыс-аяқ, жануарлар сүйектері, ошақтың күлі, ғимарат, әшекей заттар қалдықтары жиі сақталады. Ол сақталған қабат *мәдени қабат* деп аталады және әдетте қоюырақ түспен бөлініп тұрады. Мәдени қабаттың қалыңдығы осы жерде адамдардың өмір сүру ұзақтығына, климаттық, геологиялық, топырақтық жағдайларға байланысты 2-3 см-ден бірнеше метр аралығында ауытқиды. Мәдени қабаттың қалыңдығы әрдайым анық байқалмайды. Ауытқуы, қалыңдығы бірдей емес болуы мүмкін.

Мамандардың қатысуынсыз қазба жұмыстарын жүргізуге болмайды, бірақ нақты өлшеулер мен жазбалар жүргізу қажет. Бірнеше ракурстарда фотоға түсірген жақсы болар еді.

Адамзаттың тарихы бірнеше дәуірлерге бөлінген, әрқайсысының өз бөлімдері мен кезеңдері бар. *Жалаңаштанған мәдени қабат* тапқан кезде, оның қалыңдығын, жоғарғы қабаттан терең-

дігін, ұзындығын өлшеу керек. Жергілікті жердің жоспарына шартты белгілермен бейнелеу керек.

Мәдени қабатты қазбаламай, ондағы кездескен барлығын жинап, әрбір орында табылған бұйымдардың жалпы санын анықтап, барлық мәліметтерді күнделікке енгізу керек.

Көптеген зерттеулерді *үңгірлерде* жүргізуге болады – ежелгі суреттер, жазбалар, ошақ іздері. Жануарлар сүйектері, садақ ұштары және т.б. Бірақ үңгірлерде зерттеу жүргізу аса абайлылықты және ерекше техниканы талап етеді.

Жолда *қалалар* кездесуі мүмкін – ежелгі елді мекен бекіністерінің қалдықтары. Әдетте олар әртүрлі формалы шұңқырлар мен белестерден тұрады. Қаланы өлшеп, жоспарға түсіру керек, көзбен өлшеу жүргізген жақсы болар еді.

Қазақстанда әртүрлі формалы – конусты, күмбез тәріздес, ұзын, тастардан құралып, топырақпен көмкерілген, төбелерінде «тас бұршақтар» бар *қорғандар* көп. Табылған қорғандарды санап, олардың жалпы саны мен мәліметтерді: форма (созылмалы, күмбез тәріздес), көлемі, жағдайы (қазылған, шабылған), тас бұршағының бар жоқтығын, топографиялық белгілерін, кресті, тастарын, жергілікті атауы және онымен байланысты аңыздарды жазып алу қажет.

Егер тас дольмендері бар болса, онда тас плитаның шыққан тегін (жергілікті немесе сырттан әкелінген тас па), өңделгені, тесіктері, жазбалары немесе картадағы бейнеленуін анықтау қажет.

Қазақстанда 1500-ден аса ірі тасқа қашалған суреттер – *петроглифтер* жиынтығы бар. Оның ішінде Қазақстанның оңтүстік бөлігінде – Тамғалы, Ешкіөлмес, Қарасай, орталығында – Байқоңыр, Теректі, Кестелетас, Хантау, шығысында – Күршім, Өкей, Мойнақ және т.б.

Қазақстанның тасқа қашалған таңбалары көбінесе қайталанбас болып келеді. Тастарда петроглифтермен қатар, әртүрлі бактериялар *зеңжар* қабатын түзеді, ол тасқа қашалған суреттердің жасын анықтауға көмектеседі.

Жорық нәтижесін археологиялық картаға немесе өлкетану музейінің экспозициясына қосу үшін табылғандар жөнінде келесідей мәліметтер беру қажет:

- Республика, облыс, өлке, аудан;
- ескерткіш атауы және оның жергілікті атауы;
- нақты тапқан жері (жақын маңдағы елді мекенге, өзенге және с.с. байланысты);
- ескерткіштің қысқаша сипаты және жағдайы;
- жорықта табылған бұйымдардың сипаттамасы;
- егер табылған бұйымдар тапсырылған болса, онда қайда;
- мәліметтерді кім құрастырды және құрастырушының мекенжайы;
- уақыты.

Археологиялық дереккөздер – ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихының тарихи бейнесін неолит кезеңінен ортағасырларға дейінгі кең хронологиялық негізде қалпына келтірудің ең маңызды негізі болып табылады.

Бақылау сұрақтары::

1. Тарихи және мәдени ескерткіштер қандай түрлерге бөлінеді? ҚР қандай заңдары тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауын регламенттейді?
2. Тарихи-мәдени ескерткіштердің түрі.
3. Архивте құжаттарды дайындау ретті және жұмыс істеу әдістері қандай?
3. Археологиялық қазбаларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі қандай?
4. Архитектуралық ескерткіштер, олардың түрлері мен маңызы. Археологиялық ескерткіштерді қорғаудағы шаралар.
5. Туристік-экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру үшін тарихи-мәдени ескерткіштердің мәні.
6. Архитектуралық ескерткіштер, жіктелуі, оларды сипаттау үшін қажетті құжат.

Тест тапсырмалары

1. Түрік тілдес халықтарының мәдени ескерткіші (XI ғ.) «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің құрастырушысы кім?

- 1) Қожа Ахмет Ясауи
- 2) Махмуд Қашғари
- 3) Жүсіп Баласағұн
- 4) Әбу Насыр әл-Фараби
- 5) Мухаммед Хайдар Дулати

2. Алғашқы адамдардың еңбек құралдары ескерткіштердің қай типіне жатады?

- 1) тарихи ескерткіштер
- 2) археологиялық ескерткіштер
- 3) архитектуралық ескерткіштер
- 4) өнер ескерткіштері
- 5) табиғат ескерткіштері

3. Ерекше құрылыстар, сарайлар, қаланың ескі аудандары ескерткіштердің қай типіне жатады?

- 1) тарихи ескерткіштер
- 2) археологиялық ескерткіштер
- 3) архитектуралық ескерткіштер
- 4) өнер ескерткіштері
- 5) табиғат ескерткіштері

4. 1925 ж. ҚАЗССР астанасы Орынбордан қайда көшірілді?

- 1) Шымкентке
- 2) Қызылордаға
- 3) Алматыға
- 4) Семейге
- 5) Қарағандыға

5. Тарихи оқиғамен байланысты ғимараттар, құрылыстар, ескерткіш орындары мен заттар қалай аталады?

- 1) тарихи ескерткіштер
- 2) өнер ескерткіштері
- 3) архитектуралық ескерткіштер
- 4) археологиялық ескерткіштер
- 5) құжаттық деректер

6. Сурет галереяларында ескерткіштердің қай түрі сақталады?

- 1) тарихи ескерткіштер
- 2) өнер ескерткіштері
- 3) архитектуралық ескерткіштер
- 4) археологиялық ескерткіштер
- 5) құжаттық деректер

7. Тамғалы ескерткіштері тарихи және мәдени ескерткіштердің қай түріне жатады?

- 1) петроглифтер
- 2) архитектуралық ескерткіштер
- 3) мұрағаттық қор
- 4) әдеби ескерткіштер
- 5) жерлеу обалары

8. Верный қаласында көптеген ғимараттар тұрғызған атақты архитектор?

- 1) А.П. Зенков
- 2) А.А. Колпаковский
- 3) В.Н. Вуколов
- 4) К.А. Акишев
- 5) И.В. Бутаков

9. Айша-Бибі және Бабаджа Қатын кесенелері Қазақстанның қай қала төңірегінде орналасқан?

- 1) Түркістан
- 2) Сайрам
- 3) Тараз
- 4) Отырар
- 5) Шымкент

10. Қандай құжаттың негізінде мұрағаттарда жұмыс істеуге рұқсат беріледі?

- 1) жеке төлқұжат
- 2) жұмыстың тақырыбы мен мақсаты көрсетілген ұйымның хаты
- 3) жазбаша арыз
- 4) рұқсаттың қажеті жоқ
- 5) отдел кадрдың анықтамасы мен тіркелгені жөніндегі құжат

11. Дұрыс сәйкестігін табыңыз өнер түрі және өнер қайраткері:

Әдебиет	Абылхан Кастеев
Музыка (композитор)	Роза Рымбаева
Эстрада	Нұрғиса Тілендиев
Балет	Болат Аюханов
Өнер туындысы	Мұхтар Әуезов

12. Авторлықты анықтаңыз:

Құрманғазы	«Аққан жұлдыз»
Ильяс Есенберлин	«Ленинградтық өренім»
Жамбыл Жабаев	«Абай жолы»
Мұхтар Әуезов	«Көшпенділер»
Сабит Мұқанов	«Сары арқа» күйі

13. Орта Азиядағы түркітілдес халықтарда, әсіресе қазақтар, қырғыздар және қарақалпақтар арасында, сонымен қатар ауызша халық шы-

фармашылығының орындаушылары болып табылатын суырып салма ақындарды қалай атады:

- 1) ақын
- 2) өлеңші
- 3) жыршы
- 4) жазушы
- 5) шебер

14. Жауаптың қайсысы дұрыс:

- 1) Республикада тұңғыш қазақ ұлттық театры 1938 жылдың қаңтарында Алматы қаласында ашылды
- 2) Республикада тұңғыш қазақ ұлттық театры 1926 жылдың қаңтарында Қызылорда қаласында ашылды
- 3) Республикада тұңғыш қазақ ұлттық театры 1946 жылдың қаңтарында Семей қаласында ашылды

Ұсынылған әдебиет:

1. Қасымбаев, Ж.К. История Казахстана (XVIII в. –1994). – Алматы: Мектеп, 2012. – 250 с.
2. Ахметов, Б.С. Историческое краеведение. Алма-Ата, 1981.
3. Арциховский, Б.С. Основы археологии. – М., 1955. – 255 с.
4. Спутник туриста. – М.: Физкультура и спорт, 1959.
5. Методика полевых археологических исследований. – М., 1983. – 82 с.
6. Все о Казахстане (история, культура, искусство, законы и т.д.) [Электронный ресурс] URL: <http://www.kazportal7rz/>

6-тақырып

ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

1. Топонимияның негізгі түсініктері мен тәсілдері.
2. Өз өлкеңнің топонимдерінің құрылу ерекшеліктері.
3. Рекреациялық қызметті ұйымдастыру үшін топонимиканың маңызы.

1. Топонимияның негізгі түсініктері мен тәсілдері

Топонимдер – зерттеушілер үшін таным тірегі болып табылады. Топонимика ғылымы кез келген ауданның табиғи жағдайлары мен табиғи қорларын, айрықша қорғалатын табиғи аумақтарын зерттеуде маңызды қолданбалы сипат алады. Бұл міндеттерді шешу үшін географиялық атаулардың номинациясына себеп болған тарихи оқиғалар, атаулардың мағыналық жүктемесі және осыған сәйкес алынатын географиялық ақпаратты ескерудің маңызы зор.

Түркілік географиялық терминдер мен атаулардың мағыналық талдамасын алғаш жасаған ғалымдардың бірі – ХІ ғ. өмір сүрген М. Қашқари. Ғалымның «Диуани лұғат-ат-түрк» (Түрік лексикасының жинағы) еңбегін Қазақстан аумағындағы кейбір тарихи атаулардың мағынасын талдауда басшылыққа алуға болады. Бұл еңбекті қазақ тіліне аударған А. Егеубаев оған «түрік өркениетінің алтын кілті» деген баға берген.

Географиялық атаулардың шығу тегі мен олардың дамуын, формаларын, мазмұны мен грамматикасын зерттейтін ғылыми пән «топонимика» (топос-орын, онома-атау) терминімен аталады. Соңғы жылдары бұл ғылым өте жақсы дамуда. Өзі жеке бір сала болғанына қарамастан, топонимика білімнің көп салаларында маңызды роль атқарады. Топонимика – тіл білімі, тарих және география үш білім негізінде дамитын шекаралық ғылым.

Жемісті топонимикалық зерттеулер лингвистика, тарих және география ғылымдарының тәсілдері мен жетістіктерін пайдалану арқылы дамуы мүмкін:

– географ – топоним құрылуының географиялық шарттарына түсінік береді;

– лингвист – шығу тегін, мазмұнын және грамматикасын талдайды және түсінік береді;

– тарихшы – атаудың этнографиялық шығу тегін түсіндіреді.

Жер бедерінің алуан түрлері, өсімдіктердің, су көздерінің түрлері, шөлдер, батпақтар, жағалаулардың пішіні жергілікті тілде өз атауларына ие. Нақты географиялық нысанның жалқы есімі жиі жергілікті географиялық термині болып табылады. Судың түсін, топырақтың, өсімдіктердің, форманың, орнының т.б. нысандардың ерекшелігін білдіретін кейбір сын есімдер де географиялық атау бола алады.

Қырғызстанда, Қазақстанда түсті білдіретін сөздер жиі атаулардың құрамына кіреді – қызыл, қара, сары, ақ, көк. Қазақстанда сорлар мен көлдердің атаулары судың сапалық сипатын нақты береді, мысалы тұзды ма, құрғап кете ме, жағалауы қандай. Бұндай мәлімет малшыларға ғана емес туристерге де өте қажет.

Топонимиканың тәсілдері: лингвистикалық талдау, салыстырмалы талдау, тарихи тәсіл, этимологиялық талдау, географиялық.

Топоним түрлері

Географиялық атаулардың пайда болуын, мән-мағынасын, айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді зерттейтін топонимика ғылымы өз ішінде өзара байланысты бірнеше салалардан тұрады:

- ороним – жер беті бедерінің кез келген атауы;
- зооним – жануар атауларынан пайда болған атаулар;
- фитоним – өсімдік атауларынан пайда болған атаулар;
- антропоним – кісі есіміне қойылған атаулар;
- дримоним – орман массивтерінің атаулары;
- этнонимдер – ру, тайпа атаулары;
- спелонимдер – үңгір атаулары;
- ихтоним – балық атауларынан пайда болған атаулар;

- орнитоним – құс атауларынан пайда болған заттар;
- космоним – онимнің түрі, галактика мен ғарыш денелерінің, жұлдыздар мен жұлдыз шоғырларының атаулары;
- ойконим – қала, елді мекен атауы;
- гидроним – су нысандарының атаулары.

Негізгі терминдер

Антропоним – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары (тарихи тұлғалардың, қоғамдық қайраткерлердің, ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлердің, көркем әдебиет пен фольклор кейіпкерлердің және т.б.).

Калька – калька (фр. calque – көшірме) – өзге тілдегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық негізділігін ана тіліндегі төл тәсілдер арқылы дәлме-дәл көшіріп алу. Тілдің негізді бірліктеріне туынды сөздер, сөз тіркестері және жай сөйлемнің кейбір түрлері жатады.

Ономастика – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдерге кісі, жануарлар аттары, халық, ұлт, ру-тайпа атаулары, жер-су, аспан денелері жатады.

Микротопоним, аппелятив, ұлттық этимология, ойконим, ороним, топонегіз, топоним семантикасы, топонимикалық субстрат, топоним, топонимика, топонимия, топонимикалық стратиграфия, формант, этимология, этиология, этноним және басқалар.

2. Өз өлкеңнің топонимдерінің құрылу ерекшеліктері

Қазақстанда жер-су аттары бірнеше топқа бөлінеді:

1. Тарихи-хронологиялық.

- ежелгі дәуір
- көне түркі дәуірі
- жана дәуір
- егемендік кезең

Тілдік табиғаты жағынан лексикалық қабаттар

Қазақстан мен Орта Азияның географиялық атауларында келесідей субстраттар тән:

1. Топонимикалық **пласт** ішіндегі ең көнесі **ирандық** субстрат. Орта Азияда, әсіресе Тәжікстанда ирандық топонимдер көп кездеседі: *об* – су, өзен (Сурхоб, Ягноб, Обихингоу), *кух* – тау (Кухистан), *дарья* – үлкен өзен (Сыр-Дарья), Балхан, Зеравшан, Лянгар және т.б.

2. **Араб** топонимдері ислам дінінің таралуымен байланысты. Мысалы: Арыстанбаб, Жебел, Гиссар жоталары, аңғар, *рабад* – бекініс немесе қала түбіндегі елді мекен, *мазар* – зират, *махалля* – қала кварталы.

3. **Түрік** топонимі барлық жерлерде кездеседі, VII ғасырдан бастап X ғасырда кең таралған.

4. **Моңғол** топонимдері моңғолдар шапқыншылығымен байланысты – XIII ғасырда таралды (Алтай, Зайсан, Алтын Емел және т.б.).

5. **Славяндық** топонимдер Қазақстанның Ресейге қосылуымен және XVIII-XX ғасырларда тыңайған жерлерді игерумен байланысты (Петропавловск, Семипалатинск, Целиноград және т.б.).

6. **Жаңа қазақ** топонимдері Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін пайда болды (Астана, Ақтау, Алматы және т.б.).

Орта Азия мен Қазақстан топонимиясының кейбір ерекшеліктері:

– бір өзеннің атауының бірнеше рет өзгеруі. Егер өзенге ірі сала қосылса немесе өзен аңғар бағыты мен жер бедерін өзгертсе, өзен басқа атауға ие болуы мүмкін.

– бір жотадан немесе биіктен жан-жаққа ағатын өзендер бір атауға ие (өйткені, атау асу немесе тау өткелінің атауымен беріледі). Күнгеі Алатауынан Қойсу атты 6 өзен ағады, *чон, орта және кіші* жалғаулары бар; Қарақол шулық және Қарақол сусамырлық және т.б.;

– Тянь-Шань және Памир тауларында олардан ағып өтетін өзендер атауымен аталады (Көкшаал-Тау, Жұмғалтау, Мүзкөл жотасы, Зеравшандық, Алайлық, Талас жотасы);

– тау жоталарының кейбір атаулары жасампаз болады. Бұл атаулардың негізінде, кейіннен үлкен нысандарға таралып кеткен, жергілікті географиялық терминдер немесе осы жерді зерттеген ғалымдардың қойған атаулары жатады (Тянь-Шань, Зеравшан жотасы, Іле Алатауы, Гиссар жотасы);

– ірі өзендер өз атауларын көне ірі қалалар атауларынан алады (Амударья, Ходжентдарья, Талас, Теджен және т.б.);

– элементтердің егжей-тегжейлі мамандандыруы, адамның өндірістік қызметімен байланысты (Қазақстанда атаулардың көп бөлігі жайылымдар ерекшелігімен, дала және өткелдер пішінімен байланысты; Орта Азияда кәріздік құрылыстармен байланысты – *арық, арна, кяриз, бент*).

3. Рекреациялық қызметті ұйымдастыру үшін топонимиканың маңызы

Кішігірім саяхатты географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес, олардың кейбіреуі мыңжылдықтар бойы өмір сүреді. Жаңа ұрпақ тілді және мағынасын білмей оларды қолданады. Туристер мен экскурсанттар мынадай сұрақты жиі қояды: «Бұның атауы нені білдіреді?»

Өлкені зерттеу кезінде зерттеліп отырған өлкенің тарихы мен бүгінгі жағдайы туралы көп сыр шертетін топонимдерге жүгіну қажет. Ауданның географиялық атауынан туындайтын ақпарат тарихи және географиялық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Топонимияның негізгі терминдері мен түсініктеріне анықтама беріңіз.
2. Қазақстан Республикасының және өздерің туған жерлердің топонимиясында қандай топонимиялық субстраттар бар?
3. Географиялық зерттеулерде және туристік-экскурсиялық жұмыста топонимикалық зерттеулердің мағынасы неде?
4. Өз жеріңнің топонимикасының қалыптасу ерекшеліктері неде?
5. Қазақстан топонимдерінің қалыптасу ерекшеліктері.
6. Географиялық зерттеулер мен туристік-экскурсиялық жұмыста топонимикалық зерттеулердің маңызы қандай?

№6 лабораториялық жұмыс.

Өзінің өлкесінің топонимдерін оқу мен олардың классификациясы

Мақсаты: өз өлкесінің географиялық атауларының пайда болуын, мағыналық мазмұнын және географиялық даму жағдайларын оқу.

Тапсырма: өз өлкесінің географиялық атаулар тізімін жасау (оронимдер, гидронимдер, урбонимдерінен 10 атаудан). Географиялық атаулардың топонимикалық мағынасын беру, семантика мен этимологиясын табу.

Ұсынылған әдебиет:

1. Конкашпаев, Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата, 1963.
2. Койчубаев, Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата, 1974.
3. Мурзаев, Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984.
4. Поспелов, Е.М. Географические названия мира. Топонимический словарь. – М., 2001.
5. Қазақстан Республикасының топонимдері. – Алматы: КазгосИНТИ, 2001. – 426 б.
6. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. – Алматы, 2005.
7. Горбунов, А.П. Горы Центральной Азии. Толковый словарь географических названий и терминов. – Алматы, 2006.
8. Жанұзақ, Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы, 2005.

Тест тапсырмалары

1. Қазақстанның географиялық атауларындағы «Күнгес», «Күнгеі» сөздері нені білдіреді?

- 1) тыныш
- 2) күнге бағытталған (оңтүстікке)
- 3) шалғай орналасқан
- 4) ала
- 5) биіктік белдеулердің жоқтығы.

2. Өзен грунт суларымен қоректенетінін және суы мөлдір екенін қандай атаудан білуге болады?

- 1) Ақсу
- 2) Қарасу
- 3) Аласу
- 4) Ащысу
- 5) Мұздысу

3. Балхаш, Іле, Арал, Есіл географиялық атаулардың (топонимдердің) қай типіне жатады?

- 1) спелеоним
- 2) гидроним

- 3) антропоним
- 4) урбоним
- 5) ороним

4. Зайсан, Тарбағатай, Кеген, Емел атаулары қандай топонимикалық субстратқа жатады?

- 1) ирандық
- 2) славяндық
- 3) түрік;
- 4) араб
- 5) моңғол

5. Географиялық атаулардың қысқаруы қалай аталады? (ТМД, ШҚО, ОҚО, ОАЕ және т.б.)

- 1) аббревиация
- 2) детопонимизация
- 3) калька
- 4) ороним
- 5) спелеоним

6. Атаудың шығу тегі мен құрылымын сақтап қалатын аударма көшірмесі қалай аталады? (Жетісу – Семиречье, Көкшетау – Синегорье):

- 1) аббревиация
- 2) детопонимизация
- 3) калька
- 4) ороним
- 5) спелеоним

7. Қандай халық термині «қарлы шындары немесе мұздығы бар, биіктік белдеулігі айқын тау» дегенді білдіреді?

- 1) Алатау
- 2) Қаратау
- 3) Сарытау
- 4) Шыңғыстау
- 5) Ақтау

8. Географиялық атаулардың қандай топонимикалық субстраты (қабат) Қазақстанда көне болып саналады:

- 1) ирандық
- 2) араб
- 3) моңғол
- 4) түрік
- 5) славяндық

9. Географиялық атаудың жалпы зат есімге айналу үдерісі қалай аталады? (Тюль қ. – тюль, Ломбардия – ломбард, Панама – панама)?

- 1) аббревиация
- 2) детопонимизация
- 3) калька
- 4) ороним
- 5) спелеоним

10. Бір аймақтың барлық географиялық атауларының жиынтығы қалай аталады?

- 1) ойконимия
- 2) урбонимия
- 3) оронимия
- 4) топонимия
- 5) гидронимия

7-тақырып

МҰРАЖАЙТАНУ НЕГІЗДЕРІ

1. «Мұражайтану» түсінігі
2. Әлем мұражайлары тарихы
3. Мұражайдың әлеуметтік функциялары
4. Мұражайлардың жіктелуі және түрлері
5. Мұражайтанудың негізгі түсініктері
6. Мұражай экспозициясы
7. Мұражайлардың мәдени-білім беру жұмысының негізгі формалары.

1. «Мұражайтану» түсінігі

Мұражайтануға келесідей түсініктер беруге болады:

- 1) мұражайтану – өзіндік ғылыми пән.
- 2) мұражайтану – мұражайлық жұмыстың теориясы мен әдістемесі, яғни қолданбалы көмекші ғылыми пән.
- 3) мұражайтану – мұражайлық қызметінің әдістемелік және техникалық әдістерінің жиынтығы.

Тарих және тарихи мұражайлардың пайда болу теориясын, олардың әртүрлі тарихи жағдайларда жұмыс атқаруын, мұражай саясатын, мұражайлық желінің құрылуын және мұражайлық істің ұйымдастырылуын зерттейді.

Мұражайлық деректі көздер пәні мұражайлық заттар, мұражайлық заттар мен коллекцияларды зерттеу, анықтау және қолданудың теориясы мен әдістемесін зерттеумен айналысады.

Қолданбалы мұражайтану үш бөлімнен тұрады:

- 1) *ғылыми әдістеме* – экспозицияны құру ұстанымдары, мұражайлық қорларды сақтау ұстанымдары, экскурсиялық жұмыс ұстанымдары және т.б.;
- 2) *мұражайлық жұмыс техникасы*;
- 3) *мұражайлық істі ұйымдастыру* – менеджмент және маркетинг.

2. Әлем мұражайлары тарихы

Коллекциялаудың тамыры ежелгі ғасырларда жатыр. Б.э.д. 2 мыңжылдықта Қосөзен мемлекетінде писцтар балшықтан жасалған тақтайшаларда жазылған әдеби және ғылыми мәтіндерді жинайтын. Осылайша кітапханалар пайда бола бастады, ең үлкен кітапхана ассириялық патша Ашшурбанипал иелігінде болды және 30 мың тақтайшадан тұрды.

«Мұражай» түсінігін мәдени қолданысқа ежелгі гректер енгізді, бірақ олар заттарды жинау түсінігіне қолданған жоқ. Ежелгі гректік «мусейон» сөзі тікелей мағынада «музаларға арналған орын» дегенді білдіреді. Бұл құрылымдар құрбандық шалу орындарынан тұрып, тау етектерінде, бұлақ көздерінің жанында орналасқан. Кей кездерде мусейондар ақындар сайысының орны болып табылатын. Феспийлік мусейонда бес жылда бір рет Мусея музасының құрметіне жалпыгректік мейрамдар өткізіліп тұрды.

Гибадатхана құдайларға арналған мүсіндермен безендірілді. Көркем сурет шығармаларын гректер «пинакотекаларда» (грек. ринах – ағаш немесе террактоттық тақтайшаларға салынған сурет) сақтаған. Ең белгілі пинакотека Афиналық Акропольде орналасқан.

Антикалық әлем бізге жақын түсініктегі мұражай ұғымында болмады.

Орта ғасырларда діни және зиялы қазыналар тек қана байлықты сақтау орны болған жоқ, сонымен қатар мемориалды, тарихи және көркемдік құны бар заттарды сақтау орны болды.

Мұражайлардың пайда болуы Қайта өрлеу дәуіріне (XIV ғ. соңы, XV ғ. басы) жатады. Коллекциялаудың дамуында көптеген сапалық өзгерулер пайда болды. Коллекция иегерлері өз жинауларын өзге адамдарға көрсете бастады. Бұндай орындардың ең көп тараған атауы «галерея» және «кабинет» болды. Неміс тілінде «кабинет» сөзіне синоним ретінде «камера» сөзі қолданыла бастады.

Ең алғаш «мұражай» сөзінің коллекцияға жазбаша қолданылуы 1942 жылы Лоренцо Медичидің мүлкін тізімдеу кезінде болды. Алғашында мұражай деп антикалық ескерткіштер және

өнер туындыларының коллекциясын, кейінірек табиғат әлемінің үлгілерін және «ғажайып» немесе «сирек кездесетін» заттарды атай бастады. Содан соң мұражай деп тек қана коллекцияны емес, сонымен қатар, ол сақталып тұрған ғимаратты да атай бастады.

Өркендеу дәуірінде мұражай кең қауымға ашық мекемеге айналып, оның негізгі белгісі болып тек қана коллекцияның бар болуы ғана емес, сонымен қатар, оның сақталуы, зерттелуі және көрсетілуі табылды. Ғылыми білім беру мақсатында құрылған алғашқы ағылшын мұражайы 1683 жылы Оксфорд университетінде ашылып, кейіннен Ашмола мұражайы атына ие болды. Оның негізін әкесі және ұлы Трейдескантиармен жиналған коллекциялар құрды.

Ресейде мұражайлардың пайда болуы 1 Петр атымен байланысты. Оның нұсқауымен 1703 жылы Мәскеу госпиталінің жанында Анатомиялық театры құрылды, онда анатомиялық құрылғылар жасалынып, жарып союлар жүргізілді; 1709 жылы Модель-камера пайда болды, онда кеме жасауға арналған материалдар жиналды. Ең алғашқы ресейлік мұражай – Кунсткамераның пайда болу жылы, 1714 жыл саналады. Дайын коллекцияларды сатып алу, геодезиялық және картографиялық экспедициялар мен ерікті садақа беру арқасында, 1 Петр қысқа мерзім ішінде Еуропадағы ең бай жинаулардың бірін құрды.

XIX ғасыр ішінде мұражай бірте-бірте адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Мұражай қызметінің бағыттарында жаңа тенденциялар пайда болды: ұлттық мәдениет пен өнерді сақтау, дифференциация – ғылыми (профильдік) және білім беру мұражайларының пайда болуы.

XX ғасырдың екінші жартысында мұражайдың жаңару және демократизациялану жолдарын іздеу оның өзгеруіне әкеп соқты. Мұражайлық материалды жеткізудің, қабылдауға жеңіл және жаңа тәсілдері пайда болды, мәдени-ғылыми қызметтің инновациялық бағдарламалары құрылды, келушілердің ерекше түрі – мүмкіндіктері шектеулі адамдар мен балаларға көңіл бөлінді, олармен жұмыс арнайы мамандық дағдыларын талап етеді.

3. Мұражайдың әлеуметтік функциялары

Тарихи сақталған үш функцияны ажыратамыз:

1) *құжаттау функциясы* – қоғам мен табиғатта болып жатқан әртүрлі үдерістер мен құбылыстарды мұражайлық заттар арқылы бағытты түрде мұражайлық жинауларда айқындау. Мұражайдың ізденушілік, ғылыми-зерттеу және сақтау қызметін біріктіреді;

2) *білім алу және тәрбиелеу функциясы* мұражайлардың экспозициялық және мәдени-білім алудың әртүрлі формаларымен жүзеге асырылады;

3) *бос уақытты ұйымдастыру функциясы*.

4. Мұражайлардың жіктелуі және түрлері

Мұражайлардың жіктелуі мұражай **профилі** (мамандануы) – мұражайдың белгілі бір ғылым, өнер түрімен, техника немесе өндіріс саласымен байланысы негізінде жүзеге асырылады. Мұражайлар профильдік топтарға бірігеді:

– *жаратылыстанушылық* (палеонтологиялық, антропологиялық, биологиялық, ботаникалық, зоологиялық, минералогиялық, геологиялық, географиялық және т.б.);

– *тарихи* (жалпы тарихи, археологиялық, этнографиялық, әскери-тарихи, саясат тарихы, дін тарихы, тарихи-тұрмыстық, мемориалды және т.б.);

– *көркемдік* (көркем сурет өнері, сәндік-қолданбалы өнер, халықтық өнер, монографиялық және т.б.);

– *архитектуралық;*

– *әдеби;*

– *театрлық;*

– *әуендік;*

– *ғылыми және техникалық;*

– *өндірістік;*

– *ауылиаруашылық;*

– *педагогикалық;*

Кешенді профильді – *өлкетанулық* мұражайлар да бар. Әдетте олар тарихи және жаратылыстану мамандықтарын біріктіреді.

Мұражайлардың *жалпы бағыттық белгісі* бойынша келесідей типологиясы бар:

– ғылыми зерттеу мұражайлары ғылыми-зерттеу ұйымдарының құрамына кіреді, ең алдымен, олар мамандарға бағытталған;

– ғылыми-танымдық мұражайлар жалпы келушілерге бағытталған және мәдени-танымдық мақсатта қолданылады;

– оқу мұражайлары оқу орындарында болады, оқу үдерісінде көрнекілік пен заттылықты қамтамасыз етуге арналған.

Мұражайлар *құжаттау функциясын орындау әдісі* бойынша келесідей жіктеледі:

– коллекциялық типті мұражай – коллекцияларды дәстүрлі жинау мен сақтау;

– ансамбльдік типті мұражай – табиғи қоршалып жатқан қозғалмайтын ескерткіштердің ансамблін сақтау (ашық аспан астындағы мұражай, мұражай-қорық, сарай-мұражай, үй-мұражай, мұражай-пәтер, мұражай-шеберхана).

– *Меншік формасы* бойынша мұражай мемлекеттік, жеке, қоғамдық деп бөлінеді.

5. Мұражайтанудағы негізгі түсініктер

Халықаралық тәжірибеде Халықаралық мұражайлар кеңесі (ИКОМ) қабылдаған ұғым қолданылады: «мұражай – ол қоғам мен оның дамуына қызмет ететін, адамдар үшін ашық коммерциялық емес мекеме; ол білім беру, танымдық және көңіл көтеру мақсатымен адамның материалдық құндылықтарын табатын, сақтайтын, зерттейтін, танымал қылатын және экспонаттайтын мекеме».

«Мұражайлық зат» терминін 1930 ж. басында Н.М. Дружинин енгізді. Табиғат пен қоғамда ғылыми, көркем, тарихи және мемориалдық құндылықтары бар көптеген нысандар бар. Оларды *мұражайлық маңызы бар заттар* деп атайды. Мұражайлық зат деген дәрежеге ие болу үшін, олар міндетті түрде жүйелі операциялардан (анықтау – алу – есепке алу – ғылыми өңдеу – сақтау) өту қажет.

Мұражайлық заттың қасиеті:

1) *ақпараттылық* – мәлімет көзі ретінде. Ішкі мәліметтері (зат атауы, оның қолданылуы, көлемі, формасы, материалы, жа-сау техникасы, жазулары, қолдары, таңбалары және т.б.); сыртқы мәліметтері (заттың тарихы, шығу тегі, онымен байланысты оқиғалар мен тұлғалар).

2) *аттрактивтілігі* – келушілердің көңілін аударуға білу қасиеті.

3) *экспрессивтілігі* – адамда белгілі бір оқиғаға, құбылысқа, фактіге қатысқан сияқты әсер мен ассоциация қалыптастыру қасиеті.

Қазіргі таңда **мұражайлық заттың алты типін** айырады:

1) заттық деректері (тұрмыстық заттар, еңбек құралдары, қозғалыс құралдары, табиғат объектілері және т.б.);

2) көркемдік деректері (көркем сурет, графика, мүсін);

3) жазба деректері (шежірелер, құжаттар, жеке жазулар, кітаптар және т.б.);

4) фоникалық деректер (күйтабақтар, магниттік ленталар, компакт-дискілер);

5) фото-деректер (фотосуреттер, негативтер);

6) кино-деректер.

Мұражай фонды – мұражайға сақтауға алған материалдардың ғылыми ұйымдастырылған жиынтығы. *Негізгі мұражайлық фонд* – мұражайлық заттардың жиынтығы, қоғамдық және табиғи үдерістер мен құбылыстарды құжаттау қасиетіне байланысты тұрмыс еткен жерлерінен алынған тарих және мәдениет ескерткіштері, табиғат нысандары.

Мұражайлық зат теңдессіз. *Типтік мұражайлық зат* типтік құбылыстарды (стандартты өндірістік бұйымдар, типтік құжаттар) бейнелейді. *Ерекше мұражайлық зат* жалғыз немесе аз экземплярда жасалған немесе сақталған заттар (өнер туындылары, жеке заттар және т.б.). *Реликвиялар* – жоғарғы дәрежеде эмоционалдық әсер ететін және ғұлама адам немесе оқиғаның куәсі ретінде ерекше құрметтелетін заттар.

Көмекші мұражайлық фонд – мұражайлық заттарды зерттеу мен экспонаттауға көмектесетін мәліметтер (сұлбалар, график-

тер, кестелер, жоспарлар, карталар, модельдер, макеттер, реконструкциялар).

Сақтау мен экспозициялауға арналған құрал-жабдықтар (шкафтар, стендтер, көрмелер), аудиовизуалдық құрал-жабдықтар мұражайлық фонд құрамына кірмейді.

Бір немесе бірнеше белгілері бойынша бір бүтінді құрайтын мұражайлық заттардың жиынтығын *мұражайлық коллекция* деп атайды. Материалы, білім салалары, практикалық іс-әрекеті, аймағы және т.б. белгілері бойынша топтастырылған, бір типті заттан құрастырылған коллекция – *жүйелі коллекция* деп аталады. Белгілі бір тақырып аясын ашатын әртүрлі типті мұражайлық заттан құрастырылған коллекция (күжаттар, фотосуреттер, өнер туындылары және т.б.) *тақырыптық* деп аталады. Жеке тұлға құрастырған және мұражайға сақтауға өткен коллекция *жеке коллекция* деп аталады. Мұражайлық коллекцияның жиынтығы *мұражайлық жиынтық* деп аталады.

6. Мұражай экспозициясы

Экспозиция (лат.тілінен *expono* – көрмеге шығару) – композициялық ұйымдастырылған, комментарияланған, техникалық және көркем безендірілген мұражайлық заттардың бір мақсатпен және ғылыми негізделген шеруі, табиғи және қоғамдық құбылыстардың арнайы мұражайлық бейнесін қалыптастырады. Мұражайлық зат жаңа *экспонат* дәрежесіне ие болады. Мұражайлар тек қана тұрақты емес, уақытша да экспозициялар – стационарлық және қозғалмалы *көрмелер* де ұйымдастырады.

Экспозициядағы мәліметтерді түрлі топтастыруға болады. Жүйелі экспозициялар арнайы іріктеуді, орналастыру мен жүйелі жіктеуге сәйкес біртекті заттардың интерпретациясын талап етеді. Мұндай экспозициядағы негізгі құрылымдық бірлік – *жүйелі қатар* болып табылады. Жаратылыстанулық, техникалық, археологиялық, зоологиялық мұражайларда жиі қолданады.

Ансамбльдік экспозиция белгілі бір кезеңнің типтік жағдайын реконструкциялайды немесе сақтайды. Ол мемориалдық, этнографиялық мұражайларға тән.

Ландшафттық экспозициялар табиғи кешендердің байланысын бейнелейді. Оның негізгі құрылымдық бірліктері – биотоптар және ландшафттық диорамдар. Биотоптар таксидермияның көмегімен құрылады (жануарлар әлемінің нысандарын консервациялау және реконструкциялау нәтижесінде – тұлып құрастырылады).

Мұражайлық заттармен қатар, экспозициялық мәліметтер ретінде мұражайлық заттар мен мұражайдан тыс нысандар: көшірмелер, репродукциялар, көшірме бедер, муляждар, макеттер, ғылыми реконструкциялар, галограммалар бола алады.

Көшірме – түпнұсқа ретіндегі затты ауыстыру немесе имитациялау мақсатымен құрастырылған зат.

Репродукция – баспа әдіспен құрастырылған, көркем өнер, графикалық немесе фотосуреттің көшірмесі.

Көшірме бедер түпнұсқадан формасын түсіріп алып, оған гипс құю арқылы жасалады.

Муляждар түпнұсқаның көлемін, формасын, түсін және фактурасын береді.

Макет – белгілі бір масштабта құрастырылған объектінің сыртқы келбетінің көлемді көшірмесі.

Модельдің макеттен айырмашылығы, түпнұсқаның құрастыру ұстанымдары мен фактурасын сақтайды.

Голограмма – лазерлік техника арқылы жасалған нақты объектінің көлемді оптикалық көшірмесі.

Экспозицияда мәтіндер ерекше орын алады, олар кіріспе, негізгі, анықтамалық, этикетаж және сілтемелер болып жіктеледі. Құрылымы жағынан олар мәнді, анық, локальды және келушілердің барлық категориясына түсінікті болуы қажет.

7. Мұражайдағы мәдени-танымдық жұмыстың негізі формалары

Экскурсия – мұражайды, ерекше орындарды, көрмелерді, табиғи объектілерді белгілі бір желімен, экскурсоводтың басшылығымен танымдық, білім алу, ғылыми, және тәрбиелік мақсатта,

сонымен қатар бос уақытта эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында ұжымдық көру. Мұражай – адамдардың міндетті түрде баратын мекемесі емес. Адамда мұражай туралы жақсы әсер қалу үшін және мұражайға қайта келуге асығу үшін ол жағымды эмоция мен әсер алу керек. Мұражайдың тартымды имиджінің қалыптасуында экскурсоводтың орны ерекше. Экскурсияда оның құрылымдық бөлімі ғана емес, оны жеткізу формасы да ерекше мәнге ие. Экскурсия топқа дифференциациялық әдіс негізінде жүргізілу керек.

Экскурсиядан өзге, мұражайдың мәдени-танымдық іс-әрекетінің тағы 9 формасы бар:

- дәріс,
- кеңес,
- ғылыми оқулар (конференция, сессия, отырыс),
- клуб (үйірме, студия),
- сайыс (олимпиада, викторина),
- концерт (әдеби кеш, театрландырылған көрініс, киносеанс),
- мейрам,
- ғұлама адаммен кездесу,
- тарихи ойын.

Рекреациялық іс-әрекеттің мақсаты ретінде көбіне экскурсиялар мен мейрамдар (фольклордық, әскери-тарихи, күнтізбелік) сәйкес келеді.

Бақылау сұрақтары::

1. Мұражайтанудың негізгі түсініктеріне анықтама беріңіз.
2. Мұражайдың әлеуметтік функциялары қандай?
3. Мұражайлардың құрылу тарихының және жұмыс істеуінің негізгі кезеңдері.
4. Мұражайлардың профиль бойынша қоғамдық міндеті, құжаттау әдісі, меншік түріне қарай жіктелуі.
5. Мұражай фондыларының қандай негізгі түрлері бар?
6. Экспозицияда құжаттарды топтастырудың негізгі түрлері.
7. Мұражайлардың мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі түрлерінің ерекшеліктері және сипаттамалары қандай?

№ 7 лабораториялық жұмыс

Өлкетану мұражайының экспозициясын сипаттау

Мақсаты: мұражайтану негіздері бойынша теориялық білімді бекіту, бақылаулар жүргізуді, мәлімет жинауды және алынған ақпаратты жүйелеуді үйрену.

Тапсырма: Алматы қаласының мұражайларының біреуіне бару, оны келесі жоспар бойынша сипаттау:

1. Ресми аты, профилі, қоғамдық маңызы, жеке меншік түрі.
2. Орналасу орны, мекен жайы.
3. Мұражай құрылу тарихы.
4. Залдар мен экспозициялар саны.
5. Бөлек экспозициялар орналасу принципін сипаттамасы.
6. Мұражайдың мәдени-ағарту жұмысының сипаттамасы.

№ 8 лабораториялық жұмыс

Өзінің елді мекені бойынша экскурсия құрастыру

Мақсаты: өз қаласының (кеншар, ауыл, елді мекен) табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысу, маршрут пен шолу экскурсиясы текстің құрастыруды үйрену.

Тапсырма: өзінің туған қаласы бойынша маршрут сызбасын, шолу экскурсиясының негізгі және қосымша нышандар сипаттамасын жасау.

1. Экскурсияның тематикалық бағыты мен негізгі объектерін анықтау.
2. Маршруттың бастапқы және соңғы бекетін, қозғалу тәсілін анықтау. Қозғалу уақыты мен аялдамаларын анықтау.
3. Маршруттың сызбасын жасау, сызбаға, маршрут бойынша, көрсетілетін негізгі және ірі объектерін түсіру (көшелер, тарих, архитектура ескерткіштері, ірі құрылыстар, дүкендер, мұражайлар, театрлар, т.б.).
4. Негізгі объектердің жүйелі толық сипаттамасын және қосымша объектердің қысқаша сипаттамасын беру.
5. Экскурсия текстің бейнелеп көрсету үшін көрнекі материалдарды жинау.

Ұсынылған әдебиет

1. Юренева, Т. Музееведение: учебник – М.: Академический проект, 2006. – 560 с.
2. Қазақстан музейлері. – Алматы: Алматы кітап, 2010. – 658 б.
3. MUSEUMстан [электронный ресурс] URL:<http://museumstan.com>

Тест тапсырмалары

1. Қазақстанның алғашқы мұражайы қашан және қайда құрылды?

- 1) 1845 ж. Верныйда
- 2) 1831 ж. Орынборда
- 3) 1860 ж. Петропавловскіде
- 4) 1855 ж. Қызылордада
- 5) 1868 ж. Семейде.

2. 1913 ж. Қазақстан аумағында қанша мұражай болды?

- 1) 1 Верныйда
- 2) 2 Орал және Семейде
- 3) 3 Орал, Семей, Верныйда
- 4) 5 Орынбор, Орал, Семей, Жетісу, Верныйда
- 5) 14 барлық облыстық қалаларда

3. Қоғамдық және табиғи үдерістер мен құбылыстарды құжаттау мүмкіндігімен байланысты тұрмыстық ортадан алынған табиғат нысандары, тарих және мәдениет ескерткіштері, мұражайлық заттар жиынтығы қалай аталады?

- 1) негізгі мұражайлық фонд
- 2) көмекші мұражайлық фонд
- 3) экспозиция
- 4) мұражайлық коллекция
- 5) экспонат

4. Мұражай экспозициясына қойылған мұражайлық зат қалай аталады?

- 1) негізгі мұражайлық қор
- 2) көмекші мұражайлық қор
- 3) экспозиция
- 4) мұражайлық коллекция
- 5) экспонат

5. Баспа әдісімен құрастырылған, көркем өнер, графикалық немесе фотосуреттің көшірмесі қалай аталады?

- 1) репродукция
- 2) муляж
- 3) көшірме бедер
- 4) голограмма
- 5) модель

6. Белгілі бір масштабта құрастырылған нысанның сыртқы келбетінің көлемді көшірмесі қалай аталады?

- 1) репродукция
- 2) муляж
- 3) макет
- 4) көшірме бедер
- 5) голограмм

7. Мұражайлық заттардың зақымдануы мен бұзылуын қайта қалпына келтіру қалай аталады?

- 1) консервация
- 2) инвентаризация
- 3) реставрация
- 4) каталогтау
- 5) сәулелік режим

8. Мұражайларда экспонаттарды түсіндіруге арналған мәтіндер, граффиктер, сұлбалар қандай фондқа жатады?

- 1) негізгі фонд;
- 2) көмекші фонд
- 3) аударма фонды
- 4) экспозициялық фонд
- 5) қоршаған орта фонды

9. «Мұражай» сөзі грек сөзінен аударғанда қандай мағына береді?

- 1) заттарды жинау
- 2) музаларға арналған орын
- 3) суреттердің коллекциясы
- 4) сыйлықтарды сақтау орны
- 5) барлық жауап дұрыс.

10. Атақты тұлғалардың үй-мұражайлары мұражайдың қандай профиліне жатады?

- 1) өнертанушылық
- 2) тарихи
- 3) жаратылыстанушылық
- 4) техникалық
- 5) мемориалды

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

№ 1 тапсырма. Өз өлкесі бойынша презентация «экскурсовод портфелі» (портфолио) жасау үшін келесі тақырыптар бойынша мәліметтерді жинау.

- Табиғат
- Литогенді негізі (тектоника, геология, жер бедері)
- Климат ішкі сулары
- Табиғи зоналар (топырақ, өсімдік, жануар дүниесі)
- Халқы
- Шаруашылығы
- Тарихы
- Мәдениеті

Мақсаты: әртүрлі тақырып бойынша экскурсияларды жүргізу үшін, өз өлкесі туралы ақпараттар жинау.

«Экскурсовод портфелі» – экскурсия жүргізу кезінде қолданатын көрнекі құралдар кешенінің шартты атауы. Әдетте бұл құралдарды папкаға немесе шағын портфельге салады. Көрнекі құралдар нысан туралы (минералдар, өсімдіктер, механизмдер) түпнұсқа үлгісін немесе оның фотосуретін, муляжын, макетін көрсете отырып, көзбен елестеуге мүмкіндік береді.

«Экскурсовод портфелі» көрсету кезінде жетпеген бөліктерін қалпына келтіру міндеттерінің бірі болып табылады. Экскурсияда тақырыптың аясын ашатын нысандар сақталмаған немесе қазіргі таңда осы орында болмаған (жануарлар, гүлдеп тұрған өсімдіктер) жағдайлар жиі кездеседі.

Экскурсияда нысанға немесе оқиғаға қатысты адамдардың фотосуретін көрсету кезі де туындайды. Экскурсовод жүргізіп тұрған экскурсияны түпнұсқа құжаттардың, қолжазбалардың, әдеби туындылардың көшірмелері сенімдірек қылады.

Портфельдің құрылымы экскурсияның тақырыбымен сәйкес келеді. «Экскурсовод портфеліне» фотосуреттер, географиялық карталар, сұлбалар, сызбалар, суреттер, өнімнің үлгілері және т.б. кіреді. Мұндай портфельдерді экскурсовод әр тақырыпқа құрастырады. Көрнекі құралдар қолдануға ыңғайлы және саны өте көп болудың қажет жоқ, әйтпесе олар экскурсанттардың көруден назарын аударып, ойын шашыратады.

Көрнекі құралдарды іріктеу кезінде келесідей критерийлерді (сындарды) ескеру қажет:

- қолданудың мақсаттылығы мен қажеттілігі;
- танымдық құндылығы;
- ерекшелігі;

- айқындылығы;
- сақталғандығы.

Көрнекі құралдардың тізімі өзгеріссіз қалмайды, экскурсияның өмірлік кезінде жетіледі және қосылады.

№2 тапсырма. Үйіңіздің айналасындағы көшелердің сұлбасын жасап олардың атауының тарихын, көше атауы өзгерсе өзгеру себебін сипаттаңыз.

Мақсаты: өлкетану деректерімен жұмыс жасауды үйрену және өз бетінше социологиялық зерттеу жүргізу.

Әдіс-тәсілдер: әдеби, мұрағаттық, әлеуметтанулық сауалнама, ертеден осы жерде өмір сүріп келе жатқан адамдардан сұхбат алу, тұрғындардың сауалнамасы.

Көше сипаттамасының жоспары:

1. Көшенің орналасқан жері, ұзындығы.
2. Көше, ауданның даму тарихы, қоныстануы.
3. Қайта атау, қайта құру және жетілдіру тарихы.
4. Адамның өмірбаяны немесе көше құрметіне аталған оқиғаның сипаттамасы.
5. Көшеде орналасқан туристік-экскурсиялық объектілерді көруге.

Ұсынылған әдебиет:

1. Маляр И.И. Алма-Ата: город, районы, улицы. – Алма-Ата: Наука, 1989.
2. Имангалиев С., Тобаяков Б. Улицы Алматы. – Алматы, 2001.
3. «Алматы» энциклопедия / бас ред. Р.Н. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – 334 б.
4. Қазақстан облыстары мен қалаларының энциклопедиялары.
5. Ресурс. Ақпараттық портал [Электронды ресурс]. URL: <http://www.resurs.kz>
6. Карты городов Казахстана [Электронды ресурс]. URL: <http://map24.kz>

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Вуколов, В.Н. Основы туристско-краеведческой работы. – Алматы, 2005. – 116 с.
2. Никонова, Г.Н. Краеведение. – М., 1984. – 138 с.
3. Краеведение: учебное пособие // А.В. Даринский [и др.]. – М., 1985.
4. Даринский, А.В. Туристско-краеведческая работа в школе. – М., 1979.
5. Алматы. Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 280 с.
6. Иванов, П.В. Основы школьного краеведения. Петрозаводск, 1977.
7. Ахметов, Б.С. Историческое краеведение. – Алма-Ата, 1981. – 296 с.
8. Мешечко, Е.Н. Географическое краеведение. – Минск, 1986. – 144 с.
9. Абишева, З.М., Абдреева, Ш.Т. Туристiк-өлкетану жұмыстарының негiздерi: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университетi, 2011. – 120 б.
10. Вуколов, В.Н. По северному Тянь-Шаню. – М., Профиздат, 1991. – 208 с.
11. Ердавлетов, С.Р. Достопримечательные места Казахстана. – Алма-Ата: Знание, 1988. – 48 с.
12. Поздеев, Л.Г. Горные тропы Алматы. – Алматы: Білім, 1995. – 207 с.
13. Спутник туриста. – М.: Физкультура и спорт, 1959. – 350 с.
14. Жиздыбаев, Т.К. Словарь-справочник альпинистских, туристских и краеведческих терминов. – Алматы: Дәуір, 2004. – 191 с.
15. Мазбаев, О.Б. Туризм және өлкетану негiздерi: оқу құралы / О.б. Мазбаев, Б.Н. Атейбеков, Б.К. Асубаев. – Алматы, 2006. – 100 б.
16. Кокарева, И.И. Растения Джунгарского и Заилийского Алатау нуждающиеся в охране. – Алматы, 2007. – 212 с.
17. Маляр, И.И. Алма-Ата: город, районы, улицы. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 223 с.
18. Константинов, Ю.С. История отечественного и детского туризма 1918–2018 г.: монография. – М. – 2018. – 672 с.
19. «Алматы» энциклопедия / бас ред. Р.Н. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – 334 б.
20. Имангалиев, С., Тобаяков, Б. Улицы Алматы. – Алматы, 2001.
21. Ресурс. Ақпараттық портал [Электронды ресурс]. URL: <http://www.resurs.kz>
22. Абдреева, Ш.Т. Экскурсиятану. – Алматы: Қазақ университетi, 2016. – 200 б.
23. Қазақстан Республикасының ұлттық атласы Т.1. Табиғат жағдайы мен ресурстары. – Алматы, 2010. – 150 б.
24. Физическая география Казахстана // Джаналиева Г.М., Вилесов Е.Н. [и др.]. – Алматы, 1997.
25. Абдуллин, А.А. Геология и минеральные ресурсы Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1994. – 400 с.
26. Байшоланов, С.С. Жалпы метеорология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университетi, 2006. – 140 б.

Жоңғар және Іле Алатауында ботаникалық зерттеудің хронологиясы

1840 – Табиғат зерттеуші А.И.Шренко Жоңғарияға және Қырғыз дала-сына саяхаттаған кезде (1840–1843 ж.) екі жотаның бірі – Жоңғар Алатауын сипаттады. Ол жинаған ботаникалық материалдарды Ф. Фишер мен К. Мейер (Fisch. et Mey.) өңдеді. Олар Г.С. Карелин мен И.П. Кириловтың сол өлкеде және сол мақсатта Мәскеу табиғат зерттеушілер қоғамына жіберген жаңа түрлерін бұрынырақ сипаттауға тырысты.

1841–1842 – Т.С. Карелин мен И.П.Кириловтың Лепсі, Сарқан, Басқан өзендерінің бастауындағы экспедициясы.

1856–1857 – П.П. Семенов Орыс географиялық қоғамының тапсырмасы бойынша Солтүстік Тянь-Шань сілемін, Жоңғар Алатауының солтүстік және батыс бөлігін алғаш рет зерттеді. Ол Іле Алатауының табиғи аймағының алмасуының дұрыстығына назар аударып, өсімдік жамылғысының тік белдеулігіне сипаттама беріп, бес белдеуге бөлді. Ол жинаған ботаникалық материалдарды Э. Регель мен Ф. Гердер өңдеп, бірнеше жаңа туыстары мен түрлерін сипаттады, сонымен қоса жаңа туысты зерттеушінің есімімен атады – *Semenovia*. Кейіннен Тянь-Шаньда өсетін көптеген өсімдік түрлері Семенов есімімен аталды: Семенов үйеңкісі, Семенов айдаршөбі, Семенов үшқаты, Семенов клеменсиясы, Семенов кортузасы, Семенов кестежусаны т.б. П.П. Семеновтың Тянь-Шаньдағы алғашқы саяхатының елу жылдығына орай (1906) оған «Тянь-Шаньский» титулы тағайындалды.

1856–1858 – қазақ ағартушысы Шокан Уәлиханов осы өлкеде саяхаттап, ботаникалық мақалалар жариялады.

1864–1868, 1879 – зоолог Николай Северцов Тянь-Шаньның солтүстік және батыс сілемдерін, Іле және Қырғыз Алатауын зерттеді, Верный (қазіргі Алматы), Пішпек (қазіргі Бішкек), Қарабалта, Тоқмақ және Шу қалаларында болды. 1883 ж. Петербургте «Түркістан өлкесіне саяхат» кітабын жариялады. Н.А. Северцов Тянь-Шаньның тік белдеулерінің биіктік шекарасын нақтылап, 5 табиғи аймаққа бөлді. Н.А. Северцов Орта Азия мен қазіргі Қазақстанның оңтүстік бөлігінде 7 экспедиция жүргізді.

1867 – барон Федор Романович Остен-Сакен, Императорлық Орыс географиялық қоғамының хатшысы, географиясын, статистикасы мен этнографиясын зерттеу үшін Түркістан өлкесінде сапарда болды. Ол Солтүстік және Орталық Тянь-Шаньда флоралық жинауды жүргізді, оны ботаник Рупрехт өңдеді (Rupr.).

1872–1874 – Орта Азия табиғатын зерттеуші А.А. Кушакевич Жоңғар және Іле Алатауында, Шу-Іле тауларында, Балқаш көлінде гербарий жинады.

1876–1885 – Альберт Регель көптеген жаңа түрлері, сонымен қоса сирек кездесетін өсімдіктері бар Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс бөлігінде көптеген флоралық материалдарды жинады, кейіннен оны әкесі Эдуард Регель өңдеді.

1885 – Н.М. Пржевальский экспедициясы Орталық Азиядан Шығыс Тянь-Шань бағытындағы жорығында ботаникалық жиналымды жүргізді.

1886 – көрнекті ботаник-географ А.А. Краснов Солтүстік және Шығыс Тянь-Шаньның көптеген жерлерінде болды, сонымен қоса, Іле өзенінің алабын, Іле Алатауының тау етегіндегі жазықтықты және Шу-Іле тауларын зерттеді. Экспедиция материалы бойынша «Шығыс Тянь-Шаньның оңтүстік бөлігіндегі флоралардың даму тарихы тәжірибесі» еңбегін жариялады. А.Н. Краснов Тянь-Шаньның тіктік аймақтары туралы ілімді едәуір толықтырды. А.Н. Красновтың есімімен *Crassnovii* М. Рор туысы, түрлерден – Краснов астрагалы, Краснов көкгүлі, Краснов саргалдағы, Краснов тиынтағы аталды.

1896 – финдік ботаник-биолог В.Ф. Бротерус гербарий жинап, оны Финляндияға әкетті. Іле Алатауындағы кейбір өсімдіктер соның есімімен аталды (Бротерус кортуза)

1902-1904 – Томск университетінің профессоры В.В. Сапожников Жоңғар Алатауының солтүстік және оңтүстік үлкен баурайларын зерттеді. Баянкөл арқылы Жаркентке, кейіннен Көксу өзені аңғары арқылы Қапалға шығып, онда Ақсу, Қора, Биен өзендері аңғарын, Балқаш көлін зерттеді. Іле Алатауы экспедициясында Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алабын зерттеді. В.В. Сапожниковтың жинаған коллекциясы Томскіге жеткізілді.

1909 – В.Е. Недзвецкийдің басшылығымен Жетісу статистикалық комитеттің экспедициясы Шу-Іле тауларына зерттеу жүргізді. Осы экспедиция кезінде отряд мүшесі Лютек жаңа, бұрын белгісіз өсімдікті тапты, кейіннен оны Б.А. Федченко сипаттап, Жетісу Недвецкаясы деп атады.

1914–1926 – ботаник В.С. Титов Шу-Іле тауларына бірнеше рет сапарлады. 1925 ж. В.С. Титов ұйымдастырған экспедицияда Жетісу Недвецкаяның өсіп-өнетін жаңа орны зерттеліп, соның нәтижесінде осы өсімдіктің тағы бір өсіп-өнетін орнын тапты: 3. Кубанская 1936 ж., Н. Суворов пен 3. Шилина, 1953 ж., кейіннен Ф.Н. Русанов (1949).

1916 – геоботаник, әрі топырақ зертеуші Р.И. Аболин Верный (қазіргі Алматы) маршруты бойынша Қотырбұлақ пен Талғар шатқалдарының топырағына ботаникалық зерттеулер жүргізді.

1924–1926 – Р.И. Аболин Қырғыздың солтүстік бөлігіне, Бетпақдала, Мойынқұм шөлдеріне, Шу-Іле таулары арқылы Алматыға дейін ұзақ саяхаттайды. 1930 жылы осы саяхаттағы материалдары бойынша «Балқаш маңы шөл даласынан Хан-Тәңірдің қарлы шыңына дейін» монографиясы жарияланды. Кейіннен Ленинград университетінің профессоры Р.И. Аболин Н.И. Вавилов ісі бойынша тұтқындалып, атылды.

1928 – Жоңғар Алатауының солтүстік шығыс бөлігін көрнекті совет ботанигі С.Ю. Липшиц зерттеді.

1929 – Н.И.Вавилов пен М.Г. Поповтың Қашқар мен Жоңғарға бірлескен сапары. Н.И. Вавилов Алматы қаласына келіп, орманның жабайы жемістерін масаттана сипаттады.

1934–1937 – көрнекті ботаник М.Г. Попов КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы ботаникалық секторына басшылық етеді, сонымен қоса Солтүстік Тянь-Шаньды зерттеу бойынша Алматы мемлекеттік қорығының флоралық жұмыстарына басшылық етеді. Ол Алматы маңайындағы өсімдіктің 80-нен

астам жаңа түрін, сонымен қоса *Erisimum cgoceum* және *Berberis iliensis-mi* жинап, сипаттады. 1940 ж. М.Г. Попов «Алматы мемлекеттік қорығы флорасы» зерттеу нәтижелері жұмысын жариялады, оның аумағы биік таулы, шыршалы орман белдеуін, ішінара жабайы жеміс орманы мен бұталы ценозды камтиды, бірақ жазық жерге дейін төмен түспейді. Кейінгі кезеңде Алматы қорығының флорасын Ботаника институтының қызметкерлері қайталап зерттеу жүргізді, соның нәтижесінде «Алматы қорығының флорасы» жаңадан толықтырылып шығарылды (1991).

1937–1938 – Н.И. Рубцов Жоңғар Алатауының оңтүстік баурайында геоботаникалық зерттеуді және гербарий жинауды жүргізді. Ол 1956 ж. «Солтүстік Тянь-Шань флорасы және оның географиялық байланысы» мақаласын жариялады. Ол мақаласында флоралық құрамды және флораның географиялық генетикалық элементтерін, сонымен қоса Солтүстік Тянь-Шань жүйесіне енетін жоталардың бірі – Іле Алатауын талдады.

1942–1943 – Іле Алатауының биігіндегі өсімдіктерді В.П. Голоскоков зерттеп, монотипті туыстың жалғыз өкілін, *Pastinacopsis glaacialis* көне заманғы түрін тауып, сипаттады. Оның 1949 ж. жарияланған «Іле Алатауының биік белдеуіндегі флоралар мен өсімдіктер» монографиясы осы уақытқа дейін мәнін жоғалтпаған.

1948, 1955, 1959, 1971 – Жоңғар Алатауының әртүрлі бөлігінде едәуір флоралық жиналымды В.П. Голоскоков жүргізді, оның материалдары бойынша «Жоңғар Алатауы флорасы» монографиясы шығарылды (1984). Кейіннен М.С. Байтеновтың «Солтүстік Тянь-Шань биік тауы флорасы» мәліметі жарыққа шықты (1985).

1956–1966 – ҚазССР ҒА Ботаника институтының қызметкерлері «Қазақстан флорасы» тоғыз томдығын шығарды.

Іле және Жоңғар Алатауында шыршалы және жапырақты орманды біршама жете зерттеуге арналды: П.П. Поляков «Іле Алатауының жапырақты орманы» (1948); Б.А. Быков «Тянь-Шаньның шыршалы орманы, оның тарихы, ерекшеліктері мен типологиясы» (1950), А.Д. Жанғалиевтің «Қазақстанның жабайы алмасы» іргелі зерттеулері (1977) және М.А. Проскуряковтың «Қара-кылқан жапырақты таулы орманның көлденең құрылымы» (1983). 1985 ж. бірлескен монография жарияланды, онда Іле Алатауында ағаш-бұталы өсімдіктердің түрлері мен түршіндік формасының, соның ішінде қызыл кітапшاداғы *Malus sieversii* және *Armeniaca vulgaris* түрлерінің күн радиациясы мөлшеріне байланысты таралуы алғаш рет көрсетілген (Проскуряков, Пусурманов, Кокорева, 1985).

Іле және Жоңғар Алатауында көпжылдық шөптесін өсімдіктер интродукциясының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін зерттеуге арналған. Олардың интродукция нәтижелері «Қазақстан табиғи флорасы өсімдіктері интродукциясы» мәліметінде жинақталып, 1990 ж. Бас ботаникалық бақ қызметкерлері ұжымы шығарды.

Ғалымдар есімі құрметіне аталатын өсімдік түрлері

Ледебур Карл Фридрих (1785–1851) [Ledeb., Ldb]¹ неміс ботанигі. 1811–1836 ж. – Тарту университетінің профессоры. «Ресей флорасы» төрт томдық көрнекті еңбектің авторы (1841–1853). Бұл еңбек 1826 ж. Алтай өлкесіне саяхаттаған кезіндегі өзінің коллекциясымен, сондай-ақ Ресейдің әртүрлі орындарында басқа да саяхатшылардың ботаникалық жинағы бойынша құрастырылған.

К.Ф. Ледебур Тарбағатайдағы жабайы алманы алғаш рет сипаттады, оны Вольн экономикалық қоғамының дәріхана қызметкері осы жотаның Үржар өзені аңғарында жинаған, сондықтан оны «Сиверс алмұрты» деп атады (*Pyrus sievsi* Ledeb). Кейіннен бұл түр *Malus* туысына жатқызылып, *Malus sieversii* (Ledeb) M. Roem деген жаңа атауы қойылды.

Ледебур есімімен көптеген түрлер аталды, мәселен Ледебур қазақстандық бадам, Ледебур айдаршөбі.

Бунге Александр Андреевич (1803–1890) [Bunge, Bge]

Жүйелеуші-флорист, К. Ледебур шәкірті, өсімдік жүйелеуінің географиялық-морфологиялық әдісінің негізін салушылардың бірі.

Ресей Ғылым академиясының құрметті мүшесі, көптеген орыстық және шетелдік ғалымдар қоғамының, сонымен қоса **Линнеев қоғамының және Ко-ролев қоғамының** (Лондон) мүшесі, оған Бэра және Декандолля сыйлығының лауреаты атағы өсімдік жүйелеуі жұмысы үшін тағайындалған.

Дерпт университетін бітірген, медицина докторы. 1826-1830 ж. университетті бітіргеннен кейін Алтайда дәрігер болып жұмыс істеген (Барнаул, Змеиногорск, Кольвано-Воскресенск зауыты). 1826 ж. К.Ф. Ледебур экспедициясы құрамында Алтайда саяхат жүргізді. К. Ледебур еңбегін «Flora altaica» дайындауға, әрі шығаруға және экспедицияның жалпы есебіне қатысты.

1832 ж. А. Бунге Моңғолия және Қытай, Гоби шөлі экспедицияларына қатысты. 1832 ж. Барнаулға қайта оралып, А. Бунге Шығыс Алтайдағы Шуи өзені аңғарын зерттеді. 1836 ж. Дерпте ботаника бағының меңгерушісі болды, университетте лекция оқыды.

1857–1859 ж. Орыс географиялық қоғамының ұйымдастыруымен Персия экспедициясына қатысты. Осы экспедицияда ол ботаникалық материалдарды жинап, сол бойынша кейіннен жұмыстарын жариялады.

Бунге өзінің мол гербарийін Ресейдің бірқатар ғылыми мекемелеріне, сонымен қоса Мәскеудің табиғатты зерттеушілер қоғамына шамалы ақшаға сатуға тырысты, бірақ соңғысының қаражаты болмағандықтан гербарийді Париждегі Коссенге сатты, бұл осында осы уақытқа дейін сақталуда.

А. Бунге көптеген жаңа түрлерді, сонымен қоса Жарықгүл өсімдігін (Купальница лиловая) сипаттады. Алайда А. Бунгенің басты еңбегі – Орта Азия сапарында жастай мезгілсіз қайтыс болған Александр Леманн жинағының едәуір мол гербарийін өңдеді.

Ольга мен Алексей Федченко жинаған анықтамаға А. Бунге ортаазиялық кекіре мен астрагалға шолу жүргізді.

Бунге өсімімен Тянь-Шань өсімдігінің кейбір түрлері аталды (Бунге киік-оты, Бунге қоянжырық, сондай-ақ *Bungea* С.А.М. туысы).

Грейг Самуил Алексеевич (1827–1887)

Мемлекеттік және әскери қайраткер, генерал-адъютант, Севастополь қорғанысына қатысып, жарақат алған. Бірқатар мемлекеттік лауазымда болған. Ресей Ғылым академиясының құрметті мүшесі. 30 жылдан астам Ресей қоғамдық бақша шаруашылығының президенті, Ресейде бақ өсіру қызметін дамытуға ықпал етті. Осы кезеңде халықаралық бақша шаруашылығының екі көрмесі өткізілді (1869 және 1884 ж.), Петербургте Александровский бағын отырғызды, провинцияларда 12 бөлімше қоғамын ұйымдастырды.

С.А. Грейг Фин шығанағы жағасындағы саяжайында бақша шаруашылығымен және өсімдікті жерсіндірумен айналысты. Ол рододендрон, қылқанды жапырақ және альпілік өсімдіктердің құнды коллекциясын жинады.

Оның құрметіне Э. Регель Бромелия *Creigia Rgl* тұқымдасын және түрлерін атады: Грейг қызғалдағы, Грейг хориспорасы. Басқа да авторлар түрлерді оның өсімімен атады.

Карелин Григорий Силыч (1801–1872) [Kar.et Kir] Көрнекті орыс натуралисі, әрі саяхатшысы (ботаник-жүйелеуші, өсімдік коллекторы, зоолог, минералог), Мәскеу табиғат зерттеушілер қоғамының толық мүшесі.

Кадет корпусын бітірген. Оренбургте Аракчеев карамағына жер аударылған, онда отставкаға шыққанға дейін (1826 ж.) Артиллерия гарнизонында қызметте болды. Осы кезеңде бірқатар сапарда болды, сол уақытта табиғатты, әсіресе өсімдіктерді зерттеуге ерекше назар аударды. 1827 ж. Э. Эверсманмен бірге Бөкей ордасына келіп, оның алғашқы картасын жасады. 1830 ж. Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаментіне қызметке орналасты, Жоңғардағы Бөкей ордасы ханының құрамында болып, соның карамағындағы жерлерді екі рет аралап шықты. 1832 ж. экспедиция бастығы болып, Каспийдің солтүстік шығыс жағалауын қарап шықты, 1836 ж. Каспийдің солтүстік жағалауына экспедиция ұйымдастырып, табиғатына, өсімдігіне, Астрабадский провинциясына сипаттама берді.

1840–1841 ж. Г.С. Карелин И.П. Кириловпен бірге Мәскеу табиғат зерттеушілер қоғамының тапсырмасы бойынша қазіргі Қазақстанда саяхат жасады: 1840 ж. – Шығыс Қазақстан, Тарбағатай, Марқакөл, 1841 ж. Жоңғар Алатауы: Лепсі, Сарқанд, Басқан, Ақсу өзендері. Ол 12 жаңа туысты және 220 жаңа түрді сипаттады. Осы сапарында Г.С. Карелин мен И.П. Кирилов [Kar.et Kir] жинаған және өңдеген мол коллекциясы әлемдегі ботаникалық мекемелер бойынша Мәскеу табиғат зерттеушілер қоғамына кеңінен таратылды.

Г.С. Карелин 1845 ж. дейін сол аудандарды өз қаражатымен зерттеуді жалғастырды, бірақ Батыс Сібір генерал-губернаторы, князь П.Д. Горчаковпен кикілжіңі салдарынан, 1845 ж. Семейден жер аударылды. 1852 ж. дейін Мәскеу түбіндегі имениесінде тұрды, кейіннен Гурьевке (қазіргі Атырауға) кетті. Г.С. Карелин мұнда ұзақ тұруды ойластырмаған, алайда осында 20 жылдай қалып, сол жерде қайтыс болды.

Г.С. Карелин саяхат жасау барысында Башкүртстан (2 том), Қырғызстан (3 том), Түркіменстан және Иранның солтүстік батыс шекарасы (3 том), Қытайдың солтүстік батыс шекарасы (3 том) және «Урал-Казачья фаунасы» бойынша қолжазбаларын әзірледі. Бірақ 1872 ж. Гурьевтегі алапат өрттен осы қолжазбалар өртеніп кетті.

Г.С. Карелин – орыстың ұлы ақыны Александр Блоктың арғы атасы. Карелиннің қызы Елизавета Григорьевна – ботаник-морфолог, университеттің ботаникалық бағының негізін қалаушы, Петербург университетінің бұрынғы деканы, ректоры Андрей Николаевич Бекетовке 1874 ж. тұрмысқа шықты.

Г.С. Карелин құрметіне өсімдіктің *Karelinia Less* туысы және көптеген түрлері, соның ішінде Жоңғар және Іле Алатауындағы түрлері – Карелин шөмішгүлі, Карелин көкгүлі, Карелин ұшқаты, Карелин жуасы аталды.

Колпаковский Герасим Алексеевич (1819–1896)

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы. Орыс географиялық қоғамының құрметті мүшесі, бірқатар экспедицияның бастамашысы, Орта Азияда жұмыс істеген. Фетисовтың Құлжа ауданына, А. Регельдің шығыс Бұхараға, Г.Е. Грум-Гржимайлоның Құлжа мен Тұрфан экспедицияларына жәрдемдесті.

Оның құрметіне *Kolpakowskiana Regel* туысы, түрлерден: Колпаков құртқашашы, Колпаков қызғалдағы, Колпаков шөпжияры аталды.

Курсанов Лев Иванович (1877–1954) – миколог-альголог.

Мәскеу университеті физика-математика факультетінің жаратылыстану бөлімін бітіріп, онда төменгі сатыдағы өсімдіктер кафедрасын ұйымдастырған. Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Бүкілодақтық ботаника қоғамының және Мәскеу табиғат зерттеушілер қоғамының құрметті мүшесі, ұзақ уақыт оның вице-президенті және биологиялық «МОИП бюллетенінің» редакторы. Көптеген оқулықтар мен оқу құралдарының авторы: «Микология», «Төменгі сатыдағы өсімдіктер курсы», «Ботаника курсы».

Л.И. Курсановтың құрметіне М.Г. Попов Курсанов жуасын (Іле Алатауы эндеми) және Н.В. Павлов-Курсанов томағашөбін (Қаратау эндеми) бір жылда (1938 ж.) атады.

Кушакевич Аполлон Александрович (1828–1882) – энтомолог, өсімдік коллекторы, Орта Азия (Түркістан) табиғатын зерттеуші. Орта Азияда ботаникалық жиналымды шамамен 1870 ж. бастап жүргізді.

1872–1874 ж. А.А. Кушакевич Жоңғар және Іле Алатауында (Верный), Шу мен Іле өзендері аралығындағы тауларда, Балқаш көлінің маңайында ботаникалық коллекцияны жинады. 1878 ж. жазда Н. Северцов экспедициясының құрамында Памир мен Алайда болып, онда 5500 данадан астам гербарий жинады.

Саяхаттағаны үшін **Орыс географиялық қоғамының күміс медалімен** марапатталды.

Кушакевич есімімен мынадай түрлер аталды, мәселен Кушакевич құртқашашы, Кушакевич жуасы, Кушакевич қалампыры.

Ботаникалық жиналымда оған зайыбы Мария Егоровна көмектесті, ол О.А. Федченкомен Орта Азия флорасын алғашқы зерттеушілердің бірі болды.

М.Е. Кушакевич құрметіне Э. Регаль Тянь-Шань мен Памир-Алайда өсетін көк-жалбыз түрін (*Nepeta mariae*) атады.

Смеловский Тимофей Андреевич (1769–1815) – орыс ботанигі, дәрігері, 1803 жылдан Петербург Ғылым академиясының академигі.

Петербург медико-хирургиялық училищесін бітірген (1795). Осы училищеде химия, ботаника оқытушысы. 1779 жылдан меңгерушісі, кейіннен Петербург Медико-хирургиялық академияның химия, ботаника, фармация кафедрасының профессоры.

Петербург губерниясы флорасын зерттеген, Петербург ботаникалық бағындағы өсімдіктердің алғашқы каталогын жасаған. Ботаникалық терминологияны жетілдірген. 1800 ж. Линнейдің «Ботаника философиясын» орыс тіліне аударған, оған сыни пікірлер жасаған (1808). Линнейдің бірқатар қағидаларын дамытқан.

Оның құрметіне *Smelowskia* туысы аталды.

Федченко Ольга Александровна (1845–1921) – орыстың алғашқы флорист әйелі, әлемдік белгілі ғалым, 1906 жылдан Петербург Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Париж географиялық қоғамының, Бостон Ғылым академиясының, Халықаралық Ботаникалық география академиясының, Санкт-Петербург Ботаникалық бағының құрметті мүшесі. Париж географиялық қоғамының және Халықаралық Ботаника географиясы академиясының медальдарымен марапатталған.

Күйеуі Федченко Алексей Павловичпен бірлесіп 1868–1871 ж. Түркістан, Түркістан және Алай жоталарына, Алай және Ферғана алқаптарына экспедицияға қатысты. Өсімдіктің 1500 түрінің гербарийін жинады. А.П. Федченко осы саяхатында Алай жотасының 7134 м ең биік шыңын тауып, кейіннен оны Ленин шыңы деп атады. 1873 ж. Алексей Павлович Альпінің Монблан шыңында қайтыс болды, артында бір жасар баласымен жас жесірі қалды.

90-жылдардың басына дейін Ольга Александровна Мәскеу губерниясының Можайск уезінің Ольгино имениесінде түркістандық экспедицияның материалдарын өңдеумен айналысты, күйеуінің «А.П. Федченконың Түркістанға саяхаты» кітабын редакциялап шығарды. Осы уақытта ол Можайск және Серпуховск уездерінің флорасын зерттеді.

Ольга Александровна ортаазиялық өсімдіктердің Памирден, Тянь-Шаньнан, Алтайдан, Қырымнан әкелінген құртқашаш, жуа, қызғалдақ, сасыр, балдырған секілді 400-ден астам түрлерін өз ауласында өсірді. Мұның өзі Ресейдің ортаңғы алқабындағы алғашқы оңтүстік өсімдіктер коллекциясы болды, бұл өсімдіктердің көпшілік бөлігін осы отбасы мүшелері сипаттады. Ольга Александровнаны ерекше қызықтырғаны Түркістандағы шырыш өсімдігі болды, оның биіктігі 3 м-ге дейін. Ол осы өсімдіктің бірнеше түрін алғаш рет сипаттады, әрі шырыш туысына алғаш рет шолу жасады.

Ұлы Борис Алексеевич Федченко анасының ісін жалғастырып, ортаазиялық флорасының жетекші мамандарының бірі болды. 1887 ж. Ольга Александровна ұлымен бірге Түркістанға, 1901 ж. Памирге, 1915 ж. Бұхарға саяхатта болды. Осы экспедициялар аралығында Ольга Александровна гербарийлерді өңдеп,

өсімдіктерді сипаттады, әрі жүйеледі, «Памир флорасын» шығарды және Түркістан флорасы жұмыстарын жүргізді.

Ольга Александровна – 60-тан астам ғылыми еңбектің авторы, соның негізгілері «Памир флорасы», ұлымен бірлесіп жазған – «Түркістан флорасының конспектісі». Ол өсімдіктің 117 жаңа түрін сипаттады.

Э. Регель оны зерттеуші, әрі саяхаттаушы ретінде құрметтеп, шырыштын бір түрін Ольга шырышы деп атады. Оның құрметіне көптеген түрлер аталды: Ольга сүйелжазары, Ольга сарғалдағы, Ольга үшқаты, Ольга қандыгүлі, Ольга майдажелегі т.б.

Федченко Борис Алексеевич (1872–1947) [B.Fedsch] – ботаник, әрі географ. 1895 ж. Мәскеу университетін бітірген. 1900 жылдан бастап Петербург ботаникалық бағында жұмыс істеді. 1908–1917 ж. қоныс аударушылар басқармасында ботаникалық экспедицияға басшылық етті. Орталық Ресей, Урал, Қиыр Шығыс, Кавказ флоралары мен өсімдіктерін зерттеу үшін көптеген сапарда болды, Тянь-Шань мен Памир-Алайдың көптеген жаңа түрлерін сипаттады. Өсімдіктің жүйеленуі және географиясы бойынша көптеген жұмыстардың авторы.

Мушкетов Иван Васильевич (1850–1902) – орыс геологы, әрі географы. Петербург тау-кен институтын бітірген (1872). Орыс географиялық, Петербург минералогиялық және басқа да ғылыми қоғамдардың мүшесі.

1874 ж. Тянь-Шаньның батыс сілемінде (Бадам тауы), Сырдария өзенінің аңғарында, 1875 ж. Солтүстік Тянь-Шаньда және Құлжа ауданында саяхаттады. 1878–1880 ж. Орта Азияда зерттеулерін жалғастырды, соның нәтижесінде Орта Азияның геологиясын және орографиясын сипаттап, оның геологиялық құрылымының алғашқы ғылыми тұжырымдамасын ұсынды.

И.В. Мушкетовтың дәлелдегені: Тянь-Шань және Памир-Алай таулары ендік бағыттағы қатпарлы иіннен тұрады, олар жер қыртысының тектоникалық қозғалысынан құрылған, сол арқылы А.Гумбольдтің Орта Азия тауларының жанар таудан жаратылғаны туралы тұжырымын теріске шығарды.

1881 ж. И.В. Мушкетов Г.Д. Романовскиймен бірге Түркістанның алғашқы геологиялық картасын жасады, бұл ұзақ уақытқа дейін осы өңірдің жалғыз картасы болды. 1887 ж. Верный қаласында (Алматы) болған жер сілкінісінің себебін, салдарын және таралу саласын зерттеді. Мушкетовтың «Физикалық географиясы» (1888–1891) сол кездегі жеке-дара теориялық деңгейдегі еңбегі болды. И.В. Мушкетовтың шәкірттері – В.А. Обручев, К.И. Богданов секілді атақты ғалымдар.

Мушкетов есімімен Тянь-Шаньның екі мұздығы және Каратегин жотасының мұздығы, сондай-ақ шәкірті В.А. Обручев қойған Тянь-Шань (ҚХР) жүйесіндегі Мушкетов жотасы аталды.

Оның құрметіне А.Н. Краснов атағаны – Іле Алатауында сирек кездесетін эндем – Мушкетов түйесіңірі.

Регель Эдуард Людвигович (1815–1892) – құпия кеңесші, Санкт-Петербург Императорлық ғылым академиясының мүшесі, көптеген ғылыми қоғамның құрметті мүшесі, Берлин академиясының мүшесі, Цюрих кантонының құрметті азаматы, Ресей империясының орденімен марапатталған.

Геттингенск университетінің ботаникалық бағында бағбан, кейіннен Бонн университетінде білім алды. 1840 ж. Бонн ботаникалық бағында бағбандық жұмысын істей отырып, алғашқы жұмысын жариялады, онда еуропалық бағбаншылардың көп жылғы іс-тәжірибесін жинақтады. Бір жылдан кейін Э. Регель «Бонн флорасы» мәліметін, сонымен қоса «Вереск» монографиясын жариялайды. Осы жұмыстары үшін жас ғалымға Берлин университеті ғылым докторы дәрежесін тағайындайды.

1842 ж. Э. Регельді Цюрих ботаника бағының басқарушылығына шақырылады, ол 13 жылдың ішінде бақты Еуропадағы ең таңдаулылардың біріне жеткізді. Осы уақытта Э. Регель «Ауылшаруашылығы және бақ өсірудің швейцарлық жылнамасын» шығарды, оны өзі редакциялап, жарияланымның көпшілігін жазды. Сонымен қоса өсімдіктерді жүйелеумен айналысып, жаңа туыстары мен түрлерін сипаттады.

1854 ж. орыс сарайына жақын адамдар Э. Регельді Санкт-Петербург ботаникалық бағына шақыру туралы келіссөз жүргізді, оның алдындағы жылдары бұл бақ құлдыраған болатын. 1855 ж. Э. Регель ботаника бағына директор болуға келісіп, Петербургқа келеді де, осы ботаникалық бағына 37 жылдай басшылық етіп, коллекцияның көлемі мен күтімі бойынша әлемдегі екінші орынға шығарады, сондай-ақ бақ өсіру бойынша көпшілік оқырмандарға арналған көптеген әдебиеттерді шығарады.

Ол Ресей бақ өсірушілер қоғамының негізін қалады, кейіннен бұл Ресей Императорлық бақ өсірушілер қоғамы болып аталды және де алғаш рет Ресей бақ өсірушілер жөнінде безендірілген журнал шығарды. Э. Регельдің бақ өсіру және гүл өсіру жөнінде жазған көптеген анықтамалықтары мен нұсқаулары талай рет қайта басылып шықты, оны көптеген оқырмандар пайдаланды, күні бүгінге дейін олардың құндылығы кеміген емес. Э. Регель еңбектерінің тізімі 3000-нан астам. Ол 1000-нан астам жаңа түрлерді сипаттады. Э. Регель алғаш рет Ресейде бақ өсіру бойынша халықаралық көрме ұйымдастырды (1869, 1884). Екінші көрме Ботаниктер мен бақ өсірушілердің Екінші конгресіне орай ұйымдастырылды. Бұл көрме Ресейде алғаш рет жүргізілді, оған еуропалық көрнекті ғалымдар мен бақ өсірушілер жиналды.

Жаңа өсімдіктер сатып алу үшін Ботаника бағына мол ақша бөлінді, саяхатшылар да коллекцияны толықтырды, олар экспедициядан жаңа өсімдіктерді әкелуді өзінің борышы деп есептеді. Э. Регель – өзге де саяхатшылар жинаған, Түркістан өсімдіктерін сипаттаған және жүйелегеннің алғашқыларының бірі.

Солардың бірі – үлкен ұлы Альберт Эдуардович, көрнекті дәрігер, әрі саяхатшы. Жетісуда, Құлжа өлкесінде, Жоңғар жотасының оңтүстік батыс бөлігінде болғанда ол аса мол гербарий жинады, кейіннен оны әкесі өңдеді. А. Регель Верныйда, Пішпекте, Қарабалтада, Токмақта, Құлжада және Алтынемел асуында болды.

Э. Регель көптеген жаңа түрлерді өзінің баласының есімімен қойды (Альберт құртқашашы, Альберт жуасы, Альберт кемпіршөбі (акантолимон), Альберт ұшқаты, Альберт томағашөбі т.б.). Э. Регельдің үш ұлының кішісі – Роберт Эдуардович, белгілі ботаник, Петербург ботаникалық бағында және Петербург

университетінде жұмыс істеді. Қолданбалы ботаника негізін салды, кейіннен бұл Өсімдік шаруашылығы институты (Н.И. Вавилов атындағы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты) болып қайта құрылды. Р.Э. Рэгель Н.И. Вавилов ұстаздарының бірі болды.

Введенский Алексей Иванович (1898–1972) [Wed.] – Орта Азия флорасының ең таңдаулы білгірлерінің бірі, оның бұған қызығушылығына флористер М.Г. Попов пен И.И. Сапрыгин ықпал етті. 1929 ж. Орта Азия мемлекеттік университетін бітіріп, сол жылдан бастап сондағы гербарийдің меңгерушісі болды.

Көптомдық сыни еңбектің – *Consuetum Florae Asiae Mediae* редакторы, «СССР флорасы», Өзбекстан флорасы, Түркімен флорасы жинақтарының жетекші авторларының бірі.

А.И. Введенский ортаазиялық көптеген жаңа түрлерді, әсіресе жуаларды, қызғалдақтарды, құртқашаштарды, шырыштарды сипаттады, бұлардың кейбіреуі Эдуард Регель есімімен аталды.

Шмальгаузен Иван Федорович (1849–1894) [Schmhlh] – Петербург университетін бітірген (1871). 1879 жылдан Киев университетінің профессоры, 1893 жылдан Петербург Ғылым академиясының корреспондент мүшесі.

Ресейде палеонтология негізін салушылардың бірі. Сондай-ақ «Ресейдің Оңтүстік Батыс флорасы», «Ресейдің Орталық және Оңтүстік, Қырымның және Солтүстік Кавказдың флорасы» жұмыстары арқылы белгілі.

1892 ж. К.И.Винклер оның құрметіне Астрагал тұқымдасына жататын монотипті туысын *Schmalhausenia* деп атады.

Осындай құрметке лайықтылардың бірі оның ұлы – **Шмальгаузен Иван Иванович (1884-1963)** – зоолог, белгілі эволюционист, жануарлар дүниесіне, сондай-ақ өсімдіктерге қолданылатын эволюциялық морфология бойынша көптеген еңбектері бар.

Украина ССР Ғылым академиясының (1922) және СССР Ғылым академиясының (1935) академигі, Воронеж, Киев және Мәскеу университеттерінің профессоры, Украина ССР Ғылым академиясы Зоология және биология институтының директоры. 1938–1948 ж. СССР Ғылым академиясы А.Н. Северцев атындағы Жануарлардың эволюциялық морфологиясы институтының директоры. Берлиндегі Герман академиясының, Агредегі Зоология академиясының (Индия) құрметті мүшесі. И.И. Мечников алтын медалінің (1963), Герман «Леопольдин» табиғат зерттеушілер академиясының Ч. Дарвин атындағы медальдің иегері.

Шренк Александр Иванович (Alexander Gustav von Schrenk) (1816–1876) [Schrenk] – белгілі саяхатшы, Ресей табиғаты туралы кітаптың авторы, Императорлық Ғылым академиясының Демидов сыйлығының иегері.

1840–1843 ж. Жоңғар және Қырғыз даласында экспедиция жүргізді. 1841 ж. «Балқаш және Тарбағатай көлдеріне Шренк саяхатын» неміс тілінде, 1842 ж. «Алакөлдегі Аралтөбе аралын» орыс тілінде жариялады.

Оның құрметіне Тянь-Шань өсімдіктері, соның ішінде Шренк шыршасы, Шренк қызғалдағы, Жоңғар Алатауының эндеми – Шренк итмұрыны соның есімімен аталды.

4. Қоршаған ортаны қорғау және өсімдік дүниелерінің әртүрлілігі туралы Қазақстан Республикасының заңдары

Қоршаған ортаны қорғау және өсімдік дүниелерінің әртүрлілігі туралы Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалары

1992 ж. Рио-де-Жанейрода биологиялық әртүрлілігі туралы Конвенция қабылданды, мұның өзі әлемнің көпшілік елдерінде биологиялық әртүрлілікті сақтау бойынша стратегияны әзірлеуге және бағытталған іс-әрекетті жүзеге асыруға себепші болды.

1999 ж. Конвенция ауқымында «Қазақстан Республикасында Ұлттық Стратегияны және биологиялық әртүрлілікті сақтау мен теңгермелілікті пайдалану бойынша іс-әрекет жоспары» әзірленді, онда экологиялық білім берудің және оқытудың басым бағыттары белгіленді, сондай-ақ жойылып бара жатқан түрлер бойынша деректер базасы құрылды.

Қазақстан Конвенцияны бекіте отырып, бірқатар заңдар мен заң актілерін қабылдады, мұның өзі биологиялық әртүрлілікті сақтауды орындау үшін негіздеме болды.

Атап айтқанда, 2004 жылы 9 шілдеде «Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы», ал 2006 ж. 7 шілдеде «Табиғи аумақты ерекше қорғау туралы» (жаңа редакциясы) Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Қазақстан Үкіметі 2000 ж. 10 қарашада 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумағын дамытудың және орналастырудың Тұжырымдамасы қабылданды, 2006 ж. 13 қазанда 2007–2009 ж. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын дамыту жүйесінің Бағдарламасы бекітілді. Осы құжаттарда табиғи экожүйені және оның экологиялық теңгермелілігін сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған, қорғалатын аумақ желілерін одан әрі дамыту және орналастыру қарастырылған.

ҚР Үкіметінің 2006 ж. 31 қазандағы және 10 қарашадағы қаулыларымен жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің Тізбесі бекітілген, онда біздің елде өсімдік дүниелерінің 387 түрі; қазіргі уақытта 109 осындай аумақтар енгізіліп, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Тізбесі, сондай-ақ басқа да реттемелі нормативтік-құқықтық құжаттар көрсетілген.

Төменде негізгі қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы реттемелі және шаруашылық қызметтерінің, мемлекеттік орман қоры жерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасында биологиялық әртүрлілікті қорғау және пайдалану жөніндегі қызметтің үзінділері келтірілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІ

2007 жыл 9 қаңтар (Үзінділер) **13-бап.** Жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері 2. Жеке тұлғалар:

- 1) қоршаған ортаны сақтауға, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға;
- 2) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесуге;
- 3) өз кінәсінен экологиялық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатерді болдырмауға;
- 4) өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

14-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері:

2. Қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

- 1) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесуге;
- 2) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

36-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау міндеттілігі:

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін болатын кез келген шаруашылық және өзге де қызмет түрлері үшін міндетті болып табылады.

2. Қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де жобаларды, қоршаған ортаға әсерін бағаламай әзірлеуге және іске асыруға тыйым салынады. Әсерді бағалау нәтижелерін жоспарлау алдындағы, жоспарлау құжаттамасының, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Жобаланып жатқан және жұмыс істеп тұрған объектілердің перспективалық қызметі осы Кодекстің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалауға жатады.

4. Жобалардың тапсырыс берушісі (бастамашысы) мен әзірлеушісі қоршаған ортаға әсер етуге жүргізілген бағалау нәтижелерін ескеруге және қоршаған орта мен адам денсаулығына неғұрлым аз зиян келтіретін нұсқаның қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті.

229-бап. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру кезіндегі экологиялық талаптар:

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру жөніндегі іс-шаралар орман өсіру жағдайлары мен экономикалық мақсатқа сәйкестігі ескеріле отырып, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталып, неғұрлым қысқа мерзімде өнімділігі жоғары және төзімді екпелер жасауды қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізілуі тиіс.

4. Мемлекеттік орман қорында ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

233-бап. Жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға ауыл және орманшаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану Қазақстан Республикасының Орман кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйін, күзетілуін, қорғалуын, пайдаланылуы мен молықтырылуын бақылауды орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРМАН КОДЕКСІ

(2003 ж. 8 шілде) (Үзінділер)

9-бап. Орман ресурстары және орманның пайдалы қасиеттері:

1. Орман ресурстары сүрек қорынан, шайыр мен ағаш шырындарынан, қосалқы сүрек ресурстарынан, жабайы өсетін жемістерден, жаңғақтардан, саңырауқұлақтардан, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттан, орман қорында болатын, жинақталатын және өндірілетін өзге де өсімдік пен мал өнімдері қорынан тұрады.

2. Орманның өсіп тұрған кезінде өзіне тән экологиялық және әлеуметтік мәні бар функциялары (оттегін бөліп шығару, көмір қышқыл газын бойына сіңіру, топырақты су және жел эрозиясынан сақтау, топырақтың жоғары қабатындағы ылғалды ішкі қабатына тарту, бальнеологиялық және климат реттеушілік қасиеттері) оның пайдалы қасиеттеріне жатады.

42-бап. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуы:

3. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағынан жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты, өзге де орман ресурстарын жинауына өз қажеті үшін облыстық атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстық өкілді органның шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.

4. Молықтырылуына нұқсан келмейтін мерзімде және тәсілдермен жинауға міндетті.

97-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындау.

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өнеркәсіптік өңдеу және тұрғын халықтың қажетін қанағаттандыру үшін қосалқы сүрек ресурстарын дайындау орманға зиян келтірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу жұмыстарын жүргізу тәртібімен кесілген ағаштардан ғана қабық және бұтақ дайындауға болады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қураған және құлаған ағаштардан қабық дайындау мемлекеттік орман қорының бүкіл аумағында жүргізілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сыпыртқыларды, сыпырғыларды және басқа да сол сияқты заттарды өру, сондай-ақ әзірлеу үшін бұтақтарды ағаш кесу ережелерімен айқындалған тәртіппен өсіп тұрған ағаштардан дайындауға жол беріледі.

98-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалануды жүзеге асыру талаптары

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жабайы же-містер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат дайындау мен жинау марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарталар орналастыру, бау-бақша шаруашылықтары, өзге де ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру орманға зиян келтірілмей, Қазақстан Республикасында Орманды жанама пайдаланудың уәкілетті орган бекіткен ережелерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

99-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю

1. Мемлекеттік орман қорының шөп шабуға және мал жаюға болатын учаскелерін орман орналастыру жобаларына немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілер белгілейді.

2. Мемлекеттік орман қорына кіретін жайылымдарда бақташысыз мал жаюға шалғай, жолы қиын және халық аз қоныстанған аудандарда ерекше жағдайларда жол беріледі. Мұндай аудандардың тізбесін облыстық атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстың өкілді органы бекітеді.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ешкі жаюға арнайы бөлініп қоршалған учаскелерде ғана жол беріледі.

103-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман биоқауымдас-тықтарының гендік қорын пайдалану

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман биоқауымдас-тықтары-гендік қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің гендік резерваттарын, артықшылығы бар екпелер мен ағаштарды, басқа да селекциялық-гендік объектілерді қамтитын шектеулі пайдалану режиміндегі жеке аймақтар түрінде аумағы жағынан бөлінеді.

Аталған аймақтарды уәкілетті органның және ғылым мен ғылыми-тех-никалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**«ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР ТУРАЛЫ»
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**
2006 жыл 7 шілде (Үзінділер)

78-бап. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлері

1. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Мемлекет жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғауды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар оларды қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

3. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің өлім-жітіміне, санының азаюына немесе олар мекендейтін ортаның бұзылуына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол берілмейді.

4. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің таралымын қалпына келтіру мақсаттары үшін оларды олжалауға (аулауға, жинауға) арнаулы питомниктерде өсіріп, кейіннен мекендейтін ортасына шығару (ауыстыру) үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

79-бап. Ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілері

1. Ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілеріне ғылыми ынта туғызатын және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар бірегей қасиеттерімен (шығу тегінің тарихымен, тіршілік ұзақтығымен, діңінің, ұшарбасының пішімімен және көлемімен, гүлдерінің, жемістерінің және тұқымдарының мөлшерімен, басқа қасиеттерімен) сипатталатын ағаштардың, бұталардың және шөп тектес өсімдіктердің табиғи ортада немесе жасанды жағдайларда кездесетін дара даналары және (немесе) жекелеген топтары жатады.

2. Ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілерін мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері ретінде бөлу, жерге орналастыру, орман орналастыру, қала құрылысы жұмыстары кезінде жүргізіледі.

3. Мемлекет ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілерін қорғауды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері болып жарияланған ерекше ғылыми және (немесе) тарихи-мәдени маңызы бар өсімдіктер дүниесінің бірегей дара объектілерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

82-бап. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасын бұзушылықтан келтірілген залалды өтеу

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне залал келтірген жеке және заңды тұлғалар келтірілген

шығындарды ескере отырып, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қалпына келтіруге жұмсалған шығындар мөлшерінде табиғат қорғау ұйымдарына толық көлемде өтеуге міндетті.

83-бап. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ

1997 жылғы 16 шілде (Үзінділер)

290-бап. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін немесе олар мекендейтін жерлерді заңсыз алу, сатып алу, сату, сол сияқты жою үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

291-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу **1.** Барлық топтағы ормандарда ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, сол сияқты өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдау, егер бұл әрекеттер елеулі зиян келтірсе, жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп немесе онсыз алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

- а) бірнеше рет;
- б) адам өзінің қызмет бабын пайдаланып;
- в) ірі зиян келтіріле отырып жасалса,

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не ұйымдасқан топ жасаған әрекеттер бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

292-бап. Ормандарды жою немесе зақымдау 1. Отты немесе өзге де қауіптілігі жоғары көздерді ұқыпсыз қолдану салдарынан ормандарды, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпе ағаштарды жою немесе зақымдау екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ормандарды, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпе ағаштарды өртеу, өзге де жалпы қауіпті әдіспен не зиянды заттармен, қалдықтармен, тастандылармен немесе қоқыстармен ластау салдарынан қасақана жою немесе зақымдау үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

293-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимі бұзылып, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қасақана зақымдау немесе жою, елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ

2001 жылғы 30 қаңтар (үзінділер)

283-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау

1. Ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды, қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ заңсыз кесу және зақымдау, ескерту жасауға немесе заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, құқық бұзушының көлік құралдары және аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске

дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Орман питомниктері мен плантацияларындағы орман дақылдарын, себінділерді не көшеттерді, сондай-ақ көктеп шыққан табиғи өскіндерді, жас шыбықтарды, сондай-ақ орманды қалпына келтіруге арналған алаңдардағы өздігінен көктеген өскіндерді жою немесе зақымдау ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, – заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, құқық бұзушының көлік құралдары және аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

287-бап. Шабындықтар мен жайылымдық жерлерді бүлдіру, сондай-ақ орман қоры жерлерінде заңсыз шөп шабу және мал жаю, дәрілік өсімдіктерді және техникалық шикізатты жинау

1. Орман қоры жерлерінде шабындықтар мен жайылымдық жерлерді бүлдіру, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Орманда және орман қоры жерлерінде заңсыз шөп шабу және мал жаю, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Дәрілік өсімдіктерді және техникалық шикізатты бұған тыйым салынған немесе орман билеті бойынша ғана жіберілетін учаскелерде заңсыз жинау, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

295-бап. Өсімдіктер өсетін жерлер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғау ережелерін, зоологиялық коллекцияларды жасау, сақтау, есепке алу және пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты жануарларды заңсыз қоныс аударту, жерсіндіру, кері жерсіндіру мен шағылыстыру.

1. Өсімдіктер өсетін жерлер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғау ережелерін, жануарлардың өсіп-өну жағдайларын, орын ауыстыру жолдары мен шоғырланатын орындарын, зоологиялық және ботаникалық коллекцияларды жасау, сақтау, есепке алу мен пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты жануарларды заңсыз қоныс аударту, жерсіндіру, кері жерсіндіру мен шағылыстыру, ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің сегізге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырмаға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырмадан алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің сегізден он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ	5
Бақылау сұрақтары:.....	16
Тест сұрақтары	16
2-тақырып. ӨЛКЕТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ДЕРЕКТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	19
Бақылау сұрақтары:.....	23
Тест сұрақтары	24
3-тақырып. ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ	27
Бақылау сұрақтары:.....	53
Тест сұрақтары	55
4-тақырып. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ	59
Бақылау сұрақтары:.....	64
Тест сұрақтары	66
5-тақырып. ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	68
Бақылау сұрақтары:.....	75
Тест сұрақтары	75
6-тақырып. ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	79
Бақылау сұрақтары:.....	83
Тест сұрақтары	84
7-тақырып. МҰРАЖАЙТАНУ НЕГІЗДЕРІ	87
Бақылау сұрақтары:.....	95
Тест сұрақтары	97
ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ	99
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	101
ҚОСЫМША	102

Оқу басылымы

Абишева Зарема Маратовна
Абреева Шолпан Тұрсынбаевна

**ТУРИСТІК ӨЛЖЕТАНУ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

Оқу құралы

*Өңделіп, толықтырылған
екінші басылым*

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ф. Қалиева*
Мұқабасын безендірген *Я. Горбунов*

ИБ №13271

Басуға 30.12.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 7,62 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №8661.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.



9 786010 444058